Доказано, что клопы являются перспективным материалом в фенетических и экологических исследованиях, так в результате исследований требований по биоиндикационной значимости ряда видов насекомых, И.В. Батлуцкой были выделены шесть критериев, которым полностью соответствовал клоп – солдатик и рекомендован как самый модельный объект [7].

Клоп-солдатик (*Pyrrhocoris apterus* Linnaeus, 1758) широко распространен по Европе, Передней Азии, Кавказу, Средней Азии, России и т.д.

Популяции обычно его многочисленны, трофически он связан с определенным местом обитания. Клоп-солдатик обитает в умеренно увлажненных местах, широкий полифитофаг, питается опавшими семенами растений, яйцами насекомых или мертвыми беспозвоночными, высасывает соки растений.

Клопы имеют яркую красно-черную окраску. Расположенные в грудной области пахучие железы, выделяют специфическую жидкость с резким «клоповым» запахом.

Самка клопа откладывает яйца под гниющими листьями или под камнями, личинки развиваются с мая до октября месяца.

Имаго зимуют в землю. В зависимости от эффективности температур клоп может развиваться в одном- двух поколениях [8].

Исследования меланизированного рисунка клопа-солдатика показали, что одни и те же вариации встречаются с различной частотой в экосистемах, которые оказались под прессом антропогенного влияния и что частота встречаемости асимметричных вариаций элементов меланизированного рисунка покрова насекомого оказался одним из важных мониторинговых показателей, так отмечается наличие прямой корреляции между увеличением отклонений в ходе формирования меланизированного рисунка переднеспинки красноклопа и интенсивностью загрязнения среды, любое изменение окружающей среды влечет за собой конкретные изменения в развитии тех или иных признаков [9].

Цель работы: изучение влияния экологических условий разных районов Туркестанской области на фенетическую изменчивость популяций клопа-солдатика.

Материалы и методы исследования. Туркестанская область расположена на юге Казахстана, в пределах восточной части [Туранской низменности](#) и западных отрогов [Тянь-Шаня](#). Область расположена в зоне резко континентального климата. Плодородные почвы, обилие солнечного света, обширные пастбища создают большие возможности для развития в

этом области разнообразных отраслей сельского хозяйства, в первую очередь поливного земледелия и пастбищного овцеводства.

Высокие урожаи дают посевы [хлопчатника](#), [риса](#), овощей и картофеля, а также [сады](#) и [виноградники](#).

Исследования проводились в городе Шымкент, Сайрамском и Тюлькубасском районах Туркестанской области.

Шымкент типичная урбанизированная территория, в настоящее время тревогу вызывает неконтролируемое увеличение автотранспорта, выбросы от которого привели к превышению предельно-допустимых концентраций по свинцу и формальдегиду и общий валовый выброс то которых составило около 98 тыс. тонн в год.

Городская свалка твердо-бытовых отходов плохо организована, размещаются отходы по устаревшим технологиям и с нарушением норм и правил [69].

Ежегодно на городскую свалку г. Шымкента вывозят более 300 тыс. куб. м отходов, за последние годы их скопилось около 5,5 млн. куб метров отходов [70].

Сайрамский район располагается вокруг города Шымкент, здесь находится машиностроительный завод, бурно развивается сельское хозяйство, хорошо развита сфера малого и среднего бизнеса.

В Тюлькубасском районе расположен Аксу-Жабаглинский государственный природный заповедник - первый и старейший заповедник в Казахстане, он получил статус «биосферного заповедника ЮНЕСКО».

Основным видом деятельности населения – сельское хозяйство. На богарных пашнях выращиваются зерновые культуры (пшеница, ячмень). На орошаемых пашнях: кормовые (кукуруза, клевер, люцерна) и технические (подсолнечник, сафлор, табак) культуры.

В хозяйствах содержатся: крупный рогатый скот (в основном, аулиеатинская молочно-мясная порода), овцы (южно-казахский меринос), козы, лошади (донская и рысистые породы) и домашняя птица (куры и индейки).

Данный район обеспечивает областной центр овощами и картофелем, фруктами и виноградом.

Таким образом, фенетические изменения покровов клопа-солдатика от антропогенного воздействия, проводились: 1. г. Шымкент – сильное антропогенное воздействие; 2. Сайрамский район - среднее антропогенное воздействие; 3. Тюлькубасский район - слабое антропогенное воздействие

Популяционные выборки клопа-солдатика нами проводились в городской и сельской местностях. Объем выборки в каждой популяции составлял 100 особей. Применялся выборочный метод, так как популяции этих насекомых представлены обычно огромным числом особей.

Материал собирался в ручную и фиксировался в 70%-ном растворе этилового спирта, затем насекомых сортировали и высушивали, регистрировали их в специальном журнале.

Меланизированный рисунок спинной части покрова клопа-солдатика состоит из рисунка переднеспинки - элемент П и рисунка надкрылий - элементы А, В, С, D (рисунок 1). Изучение вариаций рисунка покрова клопа-солдатика проводилось согласно ранее разработанной методике (Батлуцкая, Гончарова. 2003, Батлуцкая И.В., Хорольская Е.Н., Готов В.А. 2009).




Рисунок - Внешний вид клопа-солдатика: П, С, А, В, D - элементы меланизированного рисунка покрова

Для исследования фенетического разнообразия группировок особей клопа-солдатика использовались признаки: П - изменчивость рисунка переднеспинки, А, В – изменчивость рисунка надкрыльев.

Для изучения фенотипического сравнения использовались такие признаки как элементы рисунка черного цвета, состоящие из двух пятен на красных надкрыльях клопа-солдатика. Одно пятно, расположенное вверху - небольшое, в форме треугольника (А), другое – побольше, круглое (В).

Математическая обработка материала, собранного в городской и сельской местности, позволила выявить вариабельность фенов клопа-солдатика. Частота фена вычислена по формуле:

$$P_{m=\frac{x_m}{n}}$$

где - X_m – обнаруженное число фена m ; n - общее число фенов данного признака.

Общее число фенов данного признака для моносимметричных элементов будет равным размеру выборки – числу особей (N), а для билатеральных – двойному размеру выборки ($2N$).

Результаты исследований. Материалом для работы по изучению вариабельности фенов послужили сборы клопа-солдатика, проведенные в популяциях городской и сельской местности.

Результаты изучения фенетического разнообразия городской и сельской популяции клопа-солдатика представлено в таблицах 1 и 2.

Таблица 1-Фенетическое разнообразие популяции клопа-солдатика г. Шымкента(выборка 100 особей)

| Признак | Фены | n | Абсолютное кол-во | Частота встречаемости фенов (доли от 1) |
|-------------------|------|-----|-------------------|---|
| П (переднеспинка) | П1 | 100 | 9 | 0,09 |
| | П2 | | 29 | 0,29 |
| | П4 | | 13 | 0,13 |
| | П5 | | 10 | 0,010 |
| | П6 | | 7 | 0,070 |
| | П10 | | 3 | 0,030 |
| | П19 | | 4 | 0,040 |

| | | | | |
|--------------|------|-----|----|-------|
| | П25 | | 2 | 0,020 |
| | П29 | | 4 | 0,040 |
| | П 31 | | 3 | 0,030 |
| | П39 | | 9 | 0,090 |
| | П42 | | 2 | 0,020 |
| | П53 | | 2 | 0,020 |
| | П57 | | 3 | 0,030 |
| А(надкрылья) | А1 | 200 | 55 | 0,275 |
| | А2 | | 38 | 0,190 |
| | А3 | | 68 | 0,340 |
| | А4 | | 4 | 0,020 |
| | А9 | | 5 | 0,025 |
| | А15 | | 9 | 0,045 |
| | А17 | | 10 | 0,050 |
| | А19 | | 3 | 0,015 |
| | А25 | | 5 | 0,025 |
| | А37 | | 3 | 0,015 |
| В(надкрылья) | В1 | 200 | 42 | 0,210 |
| | В2 | | 28 | 0,140 |
| | В3 | | 52 | 0,260 |
| | В6 | | 16 | 0,080 |
| | В7 | | 10 | 0,050 |
| | В10 | | 15 | 0,075 |
| | В13 | | 12 | 0,060 |
| | В25 | | 5 | 0,025 |
| | В29 | | 8 | 0,040 |
| | В31 | | 3 | 0,015 |
| | В35 | | 5 | 0,025 |
| | В41 | | 4 | 0,020 |

Анализ таблицы 1, по изучению фенетического разнообразия популяции клопа-солдатика г.Шымкента, показал следующие результаты: на переднеспинке обнаружено 14 фенов, из них наиболее часто встречаемый - П2, редко встречаемые фены – П25, П42, П53.

На меланизированном рисунке надкрыльев элемента А обнаружены 10 фенов, из них наиболее часто встречается А3, что составляет 0,340; редко встречаемые фены – А19, А37. Тогда как на меланизированном рисунке надкрыльев элемента В обнаружено 12 фенов, из них наиболее часто встречается В3, что составляет 0,260; редко встречаемые фены – В31, В41, что составляет соответственно 0,015 и 0,020.

Анализ таблицы 2, по изучению фенетического разнообразия популяции клопа-солдатика сельской местности (Тюлькубасский район), показал следующие результаты: на переднеспинке обнаружено 7 фенов, из них наиболее часто встречаемый – П6, редко встречаемые фены – П1, П10.

На меланизированном рисунке надкрыльев элемента А обнаружены 5 фенов, из них наиболее часто встречается А2, что составляет 0,410; редко встречаемые фены – А15, А19.

Вместе с тем на меланизированном рисунке надкрыльевэлемента В обнаружено 7 фенов, из них наиболее часто встречается В1, что составило 0,485; редко встречаемый фен – В13, что составило 0,020.

Из вышесказанного следует, что полученные результаты, по изучению фенетической изменчивости популяции клопа-солдатика в условиях Туркестанской области показали, что наибольшим фенетическим разнообразием отмечаются популяции, обитающие на городской территории – 36 фенов, тогда как в [Тюлькубасском](#) районе - 19 фенов.

Число одинаковых фенов в популяциях клопа-солдатика обитающих в городской и сельской местностях составляет 18 фенов, в то же время только в г.Шымкенте встречаются фены: переднеспинки – 8, надкрыльев - 7.

Таблица 2 - Фенетическое разнообразие сельской популяции (Тюлькубасской) клопа-солдатика (выборка 100 особей)

| Признак | Фены | n | Абсолютное количество | Частота встречаемости фенов (доли от 1) |
|------------------|------|-----|-----------------------|---|
| П(переднеспинка) | П1 | 100 | 3 | 0,03 |
| | П2 | | 28 | 0,28 |
| | П4 | | 8 | 0,08 |
| | П5 | | 7 | 0,07 |
| | П6 | | 47 | 0,47 |
| | П10 | | 3 | 0,03 |
| | П23 | | 4 | 0,04 |
| А(надкрылья) | А1 | 200 | 45 | 0,225 |
| | А2 | | 82 | 0,410 |
| | А3 | | 66 | 0,330 |
| | А15 | | 3 | 0,015 |
| | А19 | | 4 | 0,020 |
| В(надкрылья) | В1 | 200 | 97 | 0,485 |
| | В2 | | 46 | 0,230 |
| | В3 | | 27 | 0,135 |
| | В6 | | 14 | 0,070 |
| | В7 | | 5 | 0,025 |
| | В10 | | 7 | 0,035 |
| | В13 | | 4 | 0,020 |

Выводы. Сравнительно небольшая изменчивость популяции клопа-солдатика в [Тюлькубасском](#) районе (сельская местность) объясняется меньшей степенью загрязненностью. Наиболее фенетическое разнообразие, отмеченное в популяциях клопа-солдатика, населяющего территорию г.Шымкента – крупного мегаполиса с большими антропогенными нагрузками.

Список литературы

1. Булгаков Н.Г. Индикация состояния природных экосистем инормирование факторов окружающей среды: обзор существующих подходов /Н.Г. Булгаков //Успехи современной биологии. 2009. - Т. 122, №2. - С. 115-135.

2. Левых А.Ю., Пузынина Г.Г. Фенетический анализ популяций животных в условиях урбоэкосистемы. Медико-биологические науки. //Вестник Тюменского государственного университета. 2013.- 87-94
3. Бутовский Р.О. Использование морфометрических параметров популяции для оценки уровня антропогенного воздействия / Р. О. Бутовский, К. Б. Гонгальский // Биоиндикация радиоактивных загрязнений. М.: Наука, 1998.-С. 308-313.
4. Васильев А.Г. Феногенетическая изменчивость и популяционная мерономия / А. Г. Васильев //Журнал общей биологии. -2009. Т. 70, № 3. - С. 195-209.
5. Короткова А.А. Системные механизмы адаптации энтомокомплекса в урбанистических условиях. Автореф. дисс. на соиск. учен. степ. д. биол. н. - Тула, 2004. - 39 с..
6. Писарский, Б. Фауна беспозвоночных урбанизированных районов Варшавы / Б. Писарский //Биоиндикация в городах и пригородных зонах. -М.: Наука, 2010. С. 43-49.
7. Истомин А.В. Влияние экологической дестабилизации среды на изменчивость и скоррелированность развития признаков //Вестник Псковского государственного университета. 2011. №4. Серия «Естественные и физико-математические науки». С. 13-23.
8. Батлуцкая, И.В. Экологический и морфологический анализ изменчивости меланизированного рисунка покрова насекомых: дис.док. биол.наук /И. В. Батлуцкая. Ульяновск, 2014. - 262 с
9. Нефедьев П.С., Зубченко А.В. Биоиндикация окружающей среды города Барнаул по характеру меланизированного рисунка переднеспинки клопа-солдатика. Алтайский государственный университет, Барнаул //ActaBiologicaSibirica. 2016.2(2), 25 -34с.

Түйін

Қоршаған ортаға антропогендік қысымның артуына байланысты зерттеудің жедел әдістерін жасау өзекті болып табылады.

Бұл бағытта бунақденелілердің фенетикалық өзгерістеріне негізделген биоиндикация әдістерінің маңызды арта түсуде.

Мақалада Түркістан облысындағы қандалардың популяциясының фенетикалық өзгергіштігін зерттеу нәтижелері келтірілген, олар урбандалған аумақта тұратын популяциялар ең үлкен фенетикалық әртүрлілік – 36 фен, ал Түлкібас ауданында - 19 фенінің кездесетінін көрсетті.

Қалалық және ауылдық жерлерде мекендейтін қандала популяцияларындағы бірдей фендер саны 18 фенді құрайды, сонымен қатар тек Шымкент қаласындағы фендері: алдыңғы аркасы – 8, канатүсті - 7.

Түлкібас ауданындағы қандалалар популяциясының салыстырмалы түрде аз өзгергіштігі ластанудың төмен деңгейімен түсіндіріледі. Фенетикалық алуантүрлілік, үлкен антропогендік жүктемелері бар ірі мегаполис-Шымкент қаласының аумағын мекендейтін қандалалардың популяцияларында байқалды.

Abstract

Currently the bioindication method is becoming more important for the development of which the study of phenetic changes in insect integuments is of great importance

The article presents the results of studying the phenetic variability of the soldier bug population in the conditions of the Turkestan region, which showed that the greatest phenetic diversity is observed in populations living in an urbanized territory – 36 phenes, while in the Tulkubas district-19 phenes.

The number of identical hair dryers in the populations of the soldier bug living in urban and rural areas is 18, while only in Shymkent there are hair dryers: pronotum-8, elytra-7.

The relatively small variability of the soldier bug population in the Tulkubas district is due to a lower degree of pollution. The most phenetic diversity was noted in the populations of the soldier bug inhabiting the territory of Shymkent– a large metropolis with large anthropogenic loads.

ӘОЖ 658.85

Д.М.Байгунова¹, Ш.Д. Асембаева², Қ.Қ.Серікбаева³
¹²³аға оқытушы,магистр, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

КЛУБТЫҚ БАҒДАРЛАМА СЦЕНАРИЙІ,ОНЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

Түйін

Бұл мақалада клубтық сценарий өзіндік ерекшелігі жөнінде талас тудырып жүрген мәселе екені айтылған.Көптеген авторлар клубтық сценарийді өнер түрінің біріне /әдебиеттің ерекше түрі,публицистиканың ерекше түрі, ерекше үлгідегі драматургиялық шығарма /жатқызса, екінші жағынан оны көркем-педагогикалық процесс деп қарастырады.Клубтық сценарийді орыстың клубтанушы ғалымдары Д.М.Генкин мен А.А.Конович-Бұқаралық шаралардың мазмұнын,тақырыпты ашып көрсетудегі жеке әрекеттік элементтерді қатаң жүйеде сақтай отырып баяндалған,әрекеттің бір бөлігінен екінші бөлігіне өтудегі авторлық шешімі көрсетілген,публистикалық пікірлердің жоба бағыттары айқындалған ,қолданылатын көркем шығармалар мен олардан үзінділер енгізілген,сондай-ақ қатысушылардың белсенділігін арттыру жолдарын,көркем-көпшілік шаралардың етілетін орнын және безендіру деп түсіндіреді. Сценарий қай кезде де клубтық шараның драматургиялық құрылымның түрі ретінде ғана емес,сонымен қатар ол осы кешті ұйымдастыруға қатысты қаржы сметасын жасауға, костюм, бутафорлармен және таға басқа да заттар алуға қажетті ресми құжат екенін дәлелдейді. Сценарий әдеби – сахналық форма ретінде өзіндік ерекшеліктеріне, оның кең көлемде суреттеліп жазылатындығын айтуға болады, яғни клубтық сценарийде ремаркалардың алатын орны ерекше. Ремарка – белгі, таңба – бұл жазылған сценарийдің сахнада сапалы түрде қою мақсатында сценарий тексттеріне берілетін түсіндірме.

Кілттік сөздер: Сценарий, ремарка, форма, сахна, клуб, қатысушы, ұйымдастыру, көркем, драматургия, іс-шара, жарнама

Клубтық сценарий –бұл клубтанушы ғалымдар арасында өзінің нақты анықтамасы мен өзіндік ерекшелігі жөнінде талас тудырып жүрген мәселе.Көптеген авторлар клубтық сценарийді өнер түрінің біріне /әдебиеттің ерекше түрі,публицистиканың ерекше түрі, ерекше үлгідегі драматургиялық шығарма /жатқызса,екінші жағынан оны көркем-педагогикалық процесс деп қарастырады.Клубтық сценарийді орыстың клубтанушы ғалымдары Д.М.Генкин мен А.А.Конович-Бұқаралық шаралардың мазмұнын,тақырыпты ашып көрсетудегі жеке әрекеттік элементтерді қатаң жүйеде сақтай отырып баяндалған,әрекеттің бір бөлігінен екінші бөлігіне өтудегі авторлық шешімі көрсетілген,публистикалық пікірлердің жоба бағыттары айқындалған ,қолданылатын көркем шығармалар мен олардан үзінділер енгізілген,сондай-ақ қатысушылардың белсенділігін арттыру жолдарын,көркем-көпшілік шаралардың етілетін орнын және безендіру деп түсіндіреді.

Ал С.И.Марков клубтық тетрландырылған ойын-сауық сценарийнің мәні,оның «нақты практикалық міндеттерді шешудегі педагогикалық ықпалдың,көркем бағдарламасы»-деген айқындама береді.Оның пікірінше сценарийде екі көркемдік және педагогикалық міндеттерді шешу көзделген яғни сценарий әсер ету нысанына педагогикалық идеологиялық ықпалды қамтитын күрделі процесс.

Клубтық сценарийлерге берілген осындай анықтамалардан,біз клубтық сценарийді-бұл тәрбие нысанына әсер етуді жоспарлаудың күрделі /педагогикалық ,идеологиялық, ақпараттық, көркемдік-эстетикалық т.б. жақтарынан/процесс екендігін көріп,оның төмендегідей бағдарларын белгілеуімізге болады.

Үгіт-насихаттық бағдары.Сценерийде қамтылған,қаралған мәселелердің өзектілігі мен терең зерттелінуі ,оның дер кезінде көтерілуі ,былайша айтқанда «әлеуметтік тапсырыстың»қаншалықты дәрежеде орындалғандығымен есептелінеді.

Көркемдік.Сценарийдің салмағын айқындағанда біз оның көркем-эстетикалық тұсын, яғни оның мазмұнының әдеби – текст негізін айтамыз.

Педагогикалық.Сценарийдің аудиторияға тәрбиелік ықпалының мүмкіндіктерін қарастырамыз.

Ұйымдастырушылық.Сценарий бұл жерде клубтық шараның драматургиялық құрылымның түрі ретінде ғана емес,сонымен қатар ол осы кешті ұйымдастыруға қатысты қаржы сметасын жасауға, костюм, бутафорлармен және т.б. заттар алуға қажетті ресми құжат болып саналады.

Сценарийдің ең негізгі мәнін айқындай отырып,оның белгілі бір әлеуметтік тапсырысқа сай туындаған,клубтын шара мазмұнының әдеби сахналық негізін қарастыратын,оның әр түрлі сахналық алаңдарда өтетін әрекеттерді жүйелі түрде қарастыратын драматургиялық формасын анықтаймыз.Бұл ретте сценарийді бірнеше блоктарға бөлеміз.

1.Автордан

2.Кеш бағдарламаның басталмас бұрынғы әрекеттер сипаттамасы.

3.Сахналық әрекеттің даму /кеш бағдарламаның ойын-сауықтың/ бөлігі.

4.Өтетін оқиғаладың рет-ретімен жазылуы.

Бірінші сценарийлік блок-«Автордан»/немесе авторлардан/мұның үлкен мәні бар,себебі мұнда өткізілетін іс-шараның тақырыбы,бвсты мақсаты,қолданылатын мәнерлік құралдары,сондай-ақ құрылымы және тағы басқаларды қарастырылады.

Екінші,сценарийлік блок-ойын-сауық басталғанға дейінгі клуб фозесі мен бөлмелердегі,залдағы әрекеттердің ерекшелігі мен ретін кең көлемде жазу.Бұл жерде әр түрлі кездесулер,көрме және т.б. жатқызуға болады.

Үшінші сценарийлік блок – көрермендер залындағы сахналық әрекеттердің дамуы . Бұл жерде сценарист кешке арнайы шақырылған қонақтардың да залға арнап айтар сөзінің жобасын,арнау әңгімелердің желісін қарастыруы қажет ,сонымен қатар монолог,диалог,өлең және қара сөздерді іріктейді музыка,жарық шуларды және т.б. мәнерлік құралдарын пайдаланқдың сипаты уақытын белгілейді

Төртінші сценарийлік блок - өтетін оқиғалардың уақыт пен кеңістікте қандай ретпен өтетіндігін,оның ерекшеліктерін қамти отырып,басынан бастап аяғына дейін кең көлемде жазу.

Клубтық сценарий сонымен қатар:

-Клубтағы іс-шара өтетін орынды:кіре беріс,вестибюль,фойэ,сахна және көрермендер залын безендіруге қатысты мәселелерді –

- Жарнама, шақыру билеті, хабарландырулардың үлгі жобасын қамтиды.

Сценарий әдеби – сахналық форма ретінде өзіндік ерекшеліктеріне, оның кең көлемде суреттеліп жазылатындығын айтуға болады, яғни клубтық сценарийде ремаркалардың алатын орны ерекше. Ремарка – белгі, таңба – бұл жазылған сценарийдің сахнада сапалы түрде қою мақсатында сценарий текстеріне берілетін түсіндірме. Оның үш түрі бар. Эпикалық – сахналық алаңда болып жатқан әрекеттерге қатысты: бейнелілік – пластикалық, музыкалық әрекеттерді ашу үшін берілетін түсіндірме, қызметтік - әртүрлі атрибуттарға, әрекет орындарын безендіруге қатысты жазылады. Клубтық сценарийлерде ремаркаларға диалог пе монологқа қарағанда көп орын берілуі мүмкін, өйткені ол көмекі қоюшыға түсіндірме ғана емес театрландырылған әрекеттің кеңістік пен уақыт негізінде мәнін ашуға септігін тигі зеді. Авторлық ремарка – клубтық шараның мазмұны мен идеялық бағытын айқындай отырып, ол автордың азаматтық көзқарасын да айқындайды.

Сценарийдің екінші бір ерекшелігі ретінде оның өздігінше қалыптасқан әдеби – сахналық форма екендігін айтуымызға болады. Оның өзіндігі бұрын белгілі – бір жерде

қолданылған өнер туындыларын немесе одан үзінділер / сілтеме жасай отырылып/, өзінің екінші тынысын ашқандай болады және де клубтық сценарийде кейбір материалдарды жергілікті жерлердегі жағдайларға байланысты өзгертуге, оған басқаша ең, мазмұн беруге де болады. Клубтық сценарийдің осындай сұрып салмалық, еңдей беруге бола тын ерекшелігі кей көздерде әрекеттерге серпін берер серіппе ретінде де қалып қоюы мүмкін. Сондықтан да күрделі эпизодтарға қосымша варианттар ұсыну да артықшылық етпейді, яғни клубтық сценарий әрекеттің, даму негізін және ондағы өзгерістердің болуы мүмкіндігін де қарастырады. Соңында, клубтық шараның әртүрлі сахналық кеңістіктерде өтеуіне байланысты клубтық сценарийде клубқа кіре берістен бастап фойэ, бөлме / егер оқиға өтсе/ көрермен залы, сахнада өтетін әрекеттердің барлығының толық жазылады.

Енді клубтық бағдарлама сценариімен жұмыс істеу әдістемесін қарастырайық. Клубтық бағдарламамен жұмыс істеу процессі барысында сценаристке көптеген шығармашылық міндеттерді шешуге тура келеді. Шығармашылықтық процесс субъективті болғандықтан осы шығармашылықтық міндеттер қандай жүйеде шешілгендігіне қарамастан, нәтижесінде бағдарлама:

- барынша ойын – сауықтық;
- бағалы танып білер мазмұнға бай;
- аудиторияны белсенді әрекетке тартатындай болуы шарт.

Сонымен қатар, сценарий жазу кез – келген шығармашылықтық процесс секілді біршама заңдылықтарға бағынады, бұл заңдылықтарға сүйену сценарийдің әдеби негізін сауатты түрде құрастыруда маңызы зор.

Сценарий жазуды шартты түрде үш шығармашылықтық кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең. Болашақ сценарийдің идеялық – көркемдік түпкі ойын айқындау. Мұнда сценарийде қарастырылатын оқиаларды белгілеп, тақырып пен идеяны таңдау және талдау, проблемаларды тұжырымдау және мақсатты белгілеу.

Тақырып деп – сценаристің өмірден тандап, талғап алып өзінің туындысына арқау еткен және көркемдік жағынан зерттеуді қажет ететін өмір құбылыстарының жиынтығы.

Идея – автордың осы өмір құбылыстарына берген бағасы, айтайын деген ойы. Тақырып әуел бастан беріледі де, сценарист пен режиссер әрекетке қатысушылар мен көрермендерді басты қорытындыға, идеяға алып келеді. Мысалы: 1986 жылы Алматыдағы болған желтоқсан оқиғаларына арналған клубтық кеш тақырыбы сол оқиғаның барысындағы эпизодтар бола алса, ал идеясы деп қазақ жастарының қаһармандығын айтуымызға болады.

Кеш барысында кештің, басынан бастап идеяны дайын күйінде ұсынуға болмайды, себебі басты шығармашылық міндет көрермендердің оқиғаны белсенді түрде қабылдап, түйсіну арқылы әрбір көрермен идеяға жетуі керек. Тақырып пен идея бір – бірімен өзара тығыз байланыста бола отырып, сценарийдің тақырыптық – идеялық негізін құрайды. Алайда, тақырып пен идея айқындалғаннан кейін, осы таңдалған тақырыпқа қатысты шешуді қажет ететін теориялық және практикалық мәселелерді (проблеманы) қарастыра отырып көркемдік жағынан зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Осылай проблеманы белгілеу, көзделген байланысты педагогикалық ықпалын да әсері арта түседі. Сценарист проблеманы тұжырымдауда өмірдегі болып жатқан әлеуметтік құбылыстарға талдап, баға беріп отыруы арқылы қол жеткізуге болады.

Тақырып таңдау, кештің арналатын оқиғасын белгілеу бүгінгі күні аудиторияны толғандыратын және екінші жағынан клубтың шешетін идеологиялық міндеттерінен туындайды.

Екінші кезең. Сценарийге қажетті мазмұнды материал жинақтау кезеңі. Тақырып пен идеяға, сценарийдің сюжеттік желісіне сай сапалы да мәнді материалдар жинақтау және іріктеу әдістемесінің төмендегідей қағидалары бар:

- мәнерлілік құралдарының көркем педагогикалық ықпалдың мақсатына сәйкестілігі
- іріктелген деректік материалдардың шыншылдығы қағидасы;

- іріктелетін материалдардың аудиторияның әлеуметтік құрылымдық ерекшеліктеріне сәйкестілігі;
- ықпал етудің көп қырлы құралдарын барынша кеңейту қағидасы;
- материалдың көркем эстетикалық құндылығы;
- материалдың жаналылық қағидасы;
- іріктелген материалдық сценарий сюжетіне сәйкестілігі.

Клубтық драматургия факті мен деректерді өзінің тәрбиелік мәніне жету үшін қолданылады. Сценарийлік материалдары іріктеуде жоғарыдағы қағидаларға сүйенуі, сценарист шығармашылығының тәрбиелік ықпалын сапалы түрде болжауға мүмкіндік береді.

Сценарист материалдың көркемдік жағымен оның көлемін айқындаған кезде, оның сол аудиторияның талғамымен сұранымына сәйкес эстетикалық және интеллектуалдық деңгейіне қарайды, сондай – ақ бұл жерде сценарист клубтың материалдық мүмкіншіліктерін, көркем өнерпаздық өнердің даму деңгейін де есепке алады. Театрландырылған ойын – сауық қалайда өз көрерменіне жаңа дерек, мағлұмат проблемалар алып келуі тиіс.

Үшінші кезең. Бұл кезең жинақталған материалдарды монтаждау кезеңі. Сценаридің бүтіндігі, жинақылығы эпизодтарды дұрыс монтаждай білуге байланысты. «Монтаж» француз сөзі «құрастыру, біріктіру» деген ұғымды білдіреді. Клубтық шарадағы монтаж бұл бір – бірінен алшақ жатқан фактілерді және эпизодтарды байланыстырып, белгілі – бір жүйеге түсіріп құрастыра, жақындастыра отырып жаңа бір ұғым түсінік пайда болатындай етіп ұйымдастыру. Монтаждау жұмысы барысында сценарийлік және режиссерлық түпкі ойға байланысты автор бұрын іріктелген материалды ұзартуы немесе қысқартуы мүмкін. Бұл заңды да - өйткені түпкі мақсат баяндау арқылы, көрермендерді тақырып, сюжеттік шешім, проблемаларға тарту. А.А.Конович пен Д.М.Генкин клубтық тәжірибеде қолданылатын монтаждың төмендегідей үш түрін айқындайды:

- жүйелілік, бірізділік, яғни материалдардың хронологиялық ретіменен, бір тақырыпқа арналған оқиғаны баяндайтын әрекеттің, ішкі қисындылығы, олардың өмірдегі қалпында, табиғи ағымда орналастыру;

- қабаттастыра монтаждау: мұнда бірнеше сахналық алаңдарда, көрермендер залындағы экранда әрекеттің бір мезгілде жүруі.

- Контрастық монтаж. Бұл аудиторияның белсенділігін арттыруға, автордың ойына ілесуге лайықталған монтаж түрі. Деректер мен көркемдік материалдар, кейіпкерлердің, нақы әрекеттерінде, қақтығыстарында сценаридің, идеялық тақырыбын ашатын бейнелілік тудыру қажет. Сондай – ақ контрастылық монтажды сценарий барысындағы қуанышты оқиғалардың қайғылы оқиғалармен, көңілді жайлардың көңілсіз жайлармен, кезектестіре араластыра орналастыру деп қарастырғанмыз да жөн. Сонымен қатар монтаждау жұмыстарының белгілі бір заңдылықтары да бар. Олар:

- Эпизодтарда қолданылатын фрагменттер, өзара қисындылығымен көркемдігін сәйкестілігіне қарай монтаждалады

- Эпизодтарда қолданылатын материалдарды сахнада беру тәсілдерімен проза, кино, үзінді, музыка және т.б арқылы беру. Бұл көрерменнің ынта ықыласын арттырады.

Кинокадрларды пайдалану, оның өзіндік ерекшеліктері бар:

а) поэтикалық текстпен байланыстырылған кино үзінді сол уақытта жарқын көркем бейне жасайды.

ә) ескі кино журналдарды пайдалану арқылы, өзіндік көркем бейнелер жасауға болады.

б) кинокадрлар кейіпкердің сахнаға келуіне ықпал жасайды.

4. Барлық эпизодтар барынша қисынды болу керек, айтылатын текстерде мәндік және сөздік қайталануларға жол беруге болмайды.

5. Монтаждау барысында эпизодтар арасында байланыстарды ұйымдастыру. Бұл ретте музыканың сондай – ақ жүргізушінің автор ретінде жай баяндауы арқылы бір эпизодтан екіншісіне өтіп отыруға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Шулунова Л.И., Уалиханова А. «Бос уақытты ұйымдастырудың көркемдік-педагогикалық әдістемесі».- Оқулық.-Шымкент:М.Әуезов атындағы ОҚМУ, 2013.-212 бет
2. Жумабай Л.Ж. Бос уақытты көркемдік-бұқаралық ұйымдастыру. Оқу-әдістемелік құрал. – Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚМУ, 2017.- 88-бет
3. Кабиева А.Қ. Театрландырылған қойылымдар драматургиясының негіздері.-Оқу-әдістемелік құрал -Алматы:"Эверо, 2014. - 204бет
4. Ержанов М.Е. Мәдени-тынығу қызметі аудармасы: оқу құралы/М.Е.Ержанов.- Орал:М.Өтемісов атын.БҚМУ РБО, 2016.- 276 б.
5. Мәдени-шұғылданымпаздылық педагогикасы: оқу құралы.-Шымкент. 2000.-86 бет.
6. Төлеуов Е.С., Жумабай Л.Ж.. Сценарийлік шеберлік негіздері: оқу құралы.-Шымкент, 2004. - 86 бет

Аннотация

В этой статье речь идет о том, что клубный сценарий вызывает споры по поводу оригинальности. Многие авторы относят клубный сценарий к одному из видов искусства /особый вид литературы, особый вид публицистики, драматургическое произведение особого образца/, с другой стороны, рассматривают его как художественно-педагогический процесс. Клубный сценарий изложен российскими учеными-клубоведами Генкиным Д. М. и Коновичем А.А.-с соблюдением строгой системы содержания массовых мероприятий, отдельных деятельностных элементов в раскрытии темы, отражено авторское решение перехода от одной части деятельности к другой, определены направления проектов публицистических суждений, включены используемые художественные произведения и отрывки из них, а также трактуются как способы активизации участников, место и оформление художественно-массовых мероприятий. Можно сказать, что сценарий как литературно – сценическая форма имеет свои особенности, он описывается в широком масштабе, т. е. в клубном сценарии ремарка

Abstract

In this article, it is noted that the club script is a controversial issue in terms of originality. Many authors attribute the club script to one of the types of art /a special type of literature, a special type of Journalism, a dramatic work of a special type /and, on the other hand, consider it an artistic and pedagogical process. The club scenario is interpreted by Russian club scientists D. M. Genkin and A. A. Konovich-the content of mass events, the author's decision on the transition from one part of the action to another, defining the directions of the project of journalistic opinions, including the applied works of art and excerpts from them, as well as ways to increase the activity of participants, the venue and decoration of artistic events. The script as a literary and stage form is characterized by its own peculiarities, it can be said that it is written on a large scale, that is, in the club script, it is written in a remark

ӘОЖ 658.85

Д.М Байгунова¹, Д.А.Мусақұлова⁴, Қ.А.Жолдасбекова³, Ж.Көпбаева⁴
¹²³аға оқытушы, магистр, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛА ПСИХОЛОГИЯСЫНА ЫҚПАЛЫ

Түйін

Бұл мақалада жас жеткіншектердің білімді,білікті болуында ойынның алатын орны ерекше екені сөз болған.Ойын арқылы оқушыға білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлғалық дамуын қалыптастыруға болатындығы қарастырылған. Мазмұны бойынша барлық дидактикалық ойындар оқушалардың ақыл – ой белсенділігін қалыптастырудың маңызды құралы бола отырып, олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары ойынша алған білімдерін тереңдете түсуді, әрі пысықтауды көздейді және ойындар балалардың сабақ үстіндегі жұмысын түрлендіре түседі, олардың пәнге қызығушылығын оятып ын-ықылас қоюына баулиды және оқушылардың зиінін, ойлауын, зерделеуін дамытады. Өмір тәжірбиесін бір жүйеге келтіруге үйретіп, жүйке жүйесін демалдырады. Міне, сондықтан да ойын оқу әрекетінде жетекші рөл атқарады деп келтіреді. Дидактикалық ойындарды оқыту мазмұнына сәйкес түрлері, танымдық іс-әрекет сипатына сәйкес ойын түрлері, құрылымы бойынша дидактикалық ойындардың бірнеше түрлерге жіктелетіні көрсетілген. Зерттеу жұмыс барлығы дидактикалық ойындарда бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекетінде белгілі бір жүйемен пайдалану қажеттілігіне көз жеткізеді.

Мақалада көрсетілген жіктемелердің барлығының да мазмұны өте қызық және өзіндік ерекшеліктерге толы әрі олар дидактикалық ойындардың жалпы мақсатымен мазмұнына сәйкестендірілген. Бұл ойынның түрлерін бастауыш сыныптың оқыту үрдісінде кеңінен пайдалануға болатындығы жан-жақты зерттелген.

Кілттік сөздер: Ойын, дидактика, бастауыш, мектеп, тәрбиеші, педагог, таным, құрылым, психология, білім

Бүгінгі таңда қоғамымыздың дамуы бағытында жан жақты дамыған сауатты, саналы азамат тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Мұндай мақсаттың баянды болуы білім беру жүйесінің үлесіне түсетінін ескерсек, білім негізі мектепке дейінгі мекемеден, бастауыштан балталғандықтан жас жеткіншектердің білімді, білікті болуында ойынның алатын орны ерекше. Ойын арқылы оқушыға білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлғалық дамуын қалыптастыруға болады. Мазмұны бойынша барлық дидактикалық ойындар оқушалардың ақыл – ой белсенділігін қалыптастырудың маңызды құралы бола отырып, олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары ойынша алған білімдерін тереңдете түсуді, әрі пысықтауды көздейді. Бұл ойындар балалардың сабақ үстіндегі жұмысын түрлендіре түседі, олардың пәнге қызығушылығын оятып ын-ықылас қоюына баулиды және оқушылардың зиінін, ойлауын, зерделеуін дамытады. Өмір тәжірбиесін бір жүйеге келтіруге үйретіп, жүйке жүйесін демалдырады. Міне, сондықтан да ойын оқу әрекетінде жетекші рөл атқарады.

Ойындар. Балалардың ойындары әртүрлі болып келеді сөз сөйлеудің дамуы, тәрбеленушінің білім қоры педагогтарға оларда әртүрлі ойындарға деген іскерлікті қалыптастыруға: сюжетті-рөлдік, дидактикалық, қозғалмалы мүмкіндік береді. Балалар мінезіндегі өзгешеліктерді ажырата бастайды және өзінің іс-әрекетінде ойындардағы әдістерді құралдарды пайдаланады.

Баланың ойынынан толық мәнді дамуы тек тәрбиешінің мақсатты бағдарлы іс-әрекеті қалыптастырылғанда көрініс алады. Осылайша, сюжеттік-рөлді ойында ол балаларға толық

сюжеттің мазмұнымен рөлдердегі өзара әдістер негізінде көрінеді; дидактикалық ойындарда оларға тәртіпті көрсетіп, әрекеттің соңғы нәтижесін жылжымалы ойын жүргізуді ұйымдастыруда ойынның мәнін, синвалын, атрибуттардың қызметін ашуға, қарсыластарының жетістіктерін бағалауға көмектеседі. Тәрбиеші сонымен қатар, балалардың өзіндік ойындарын басқарып, оларды дұрыс бағытқа ойынның арнайы дайындалған кездері арқылы нәтижеге қол жеткізеді.

Мұның барлығы дидактикалық ойындарда бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекетінде белгілі бір жүйемен пайдалану қажеттілігін дәлелдейді.

Дидактикалық ойындардың оқыту мазмұнына танымдық іс-әрекет сипатына, ойын құрылымына сәйкес жіктелуі бар (Л.А. Венгер, О.М.Дьяченко, Т.К.Жықалкина, т.б.).

Қазақ халық ойындарының жіктелуі оқушылардың жас ерекшеліктеріне (А.Диваев), ойын сипатына (М.Гуннер, Е.Сағындықов, Б.Төтенаев); дене қасиеттерін, қимылдық әрекеттерді дамытуға (М.Таникеев, Ж.Төлегенов, Т.Бекбатшаева, Т.Куанышов); ойындардың педагогикалық мүмкіндіктеріне (А.К.Айтпаева) сәйкес жасалады.

Дидактикалық ойындарды оқыту мазмұнына сәйкес түрлері:

1.Ойын-саяхаттар. Олар ертегілерге ұқсас. Олар фактілер немесе оқиғаларды бейнелейді, бірақ олар ерекше түрде ашып көрсетіледі; қарапайым жұмбақ арқылы; қиындық – оңай жолмен қажеттілер-қызық жолмен беріледі;

2.Ойын-тапсырмалар. Бұл ойындардың негізін заттар мен әрекет сөздік тапсырмалар құрайды. Ойын міндеттері мен әрекеттері бір нәрсені болжауға негізделеді.

3.Ойын болжамдар. Бұл ойындар “Не болар еді...?”,”Мен не істер едім, егер....” деген сұрақтарға негізделеді. Ойынның дидактикалық мазмұны балалардың алдына проблемалық міндет пен ситуацияны қояды ерекшеленеді. Мұндай ойындар білімді нақты жағдайда ұштастыра байланыс тапсырмаларын белгілеуді талап етеді.

4.Ойын-жұмбақтар. Жұмбақтың негізгі ерекшелігі – логикалық астарының болуында. Олар баланың ой-әрекетін белсендіреді. Жұмбақтар салыстыру, тенеу және сипаттау арқылы ұғымның қасиеттерін ажыратуға тәрбиелейді, оқушы қиялының дамуына әсер етеді.

5.Ойын-әңгімелер. Ол мұғалімнің балалармен, балалардың мұғаліммен және балалардың балалармен қарым-қатынасына негізделеді. Бұл қарым-қатынас ойын мазмұнында ерекше сипатқа ие болады. Ойынның құндылығы – олар эмоционалды түрде белсендіруге, бір сөздікке, өзара әрекет жасауға, бірлесіп ойлануға мүмкіндік туғызады.

Ал, “Балабақшада тәрбие бағдарламасы” ойын түрлерін мазмұнына қарай былай бөлінеді:

- 1.Сюжетті рольді ойындар.
- 2.Құрылыс материалдарымен ойнау.
- 3.Қимылды ойындар.
- 4.Дидактикалық ойындар.
- 5.Драмалық ойындар.
- 6.Музыкалық-дидактикалық ойындар.

Танымдық іс-әрекет сипатына сәйкес ойын түрлері:

- 1:Балалардың орындаушылық әрекетін талап ететін ойындар.
- 2.Қайта жаңғырту іс-әрекетін орындауға бағытталған ойындар.
- 3.Қайта жасау іс-әрекетін жүзеге асыруға бағытталған ойындар.
- 4.Оқушылардың іс-әрекетін бақылауға бағытталған ойындар.
- 5.Ізденіс іс-әрекетіне бағытталған ойындар.

Құрылымы бойынша дидактикалық ойындарды мынадай түрлерге жіктейді:

- 1.Сюжеттік-рөлдік ойындар.
- 2.Жаттығу ойындар
- 3.Драмалық ойындар.
- 4.Шығармашылық ойындар.

5. Әдиби музыкалық ойындар

Халық ойындарының педагогикалық мүмкіндіктеріне сәйкес мынадай жей жіктемесі бар:

1. Білімдіретін (білім беретін) ойындар
2. Тәрбиелейтін ойындар
3. Дамытылған ойындар
4. Жеке тұлғаны әлеуметтендіретін ойындар
5. Дидактикалық ойындар.

Жоғарыда көрсетілген жіктемелердің барлығының да мазмұны өте қызық және өзіндік ерекшеліктерге толы. Олар дидактикалық ойындардың жалпы мақсатымен мазмұнына сәйкестендірілген. Бұл ойынның түрлерін бастауыш сыныптың оқыту үрдісінде кеңінен пайдалануға болады.

Сюжеттік-рөлдік ойындар оқу жылының алғашқы жарты жылында тәрбиеші балаларда ойындық іскерлікпен негізгі рөлдік кимылдарды қалыптастырады. Ол бірігіп ойынға балаларды қосады сюжетті кішігірім әңгіме негізінде көрсетеді.

Балалардың төмендегі топтарында негізгі ойындық іскерліктер қалыптасады, бұл оларға ойын барысында өзара байланысқан шарттық құралдарды пайдалануға көмектеседі.

Педагогтың алдында келесідей міндет тұрады. Ол балалардың шығармашылық белсенділігін теңдестіру. Бұған ойынның құрылымына әртүрлі рөлдерді қосу; әлеуметтік сферадағы әртүрлі өмірді, әртүрлі әдеби шығармаларды, ертегілерді, сонымен қатар, ертегідегі және шын өмірдегі персонаждарды қосады. Мысалы, педагог (балабақшада тәрбиеші) полиция қызметкерін, өрт сөндіруші және жалмауыз кемпірді, Тазша баланы, дәрігерді қосады. Жалпы сюжетке мұндай рөлдерді қосу балалардың бейнесін белсендіреді, оларда жаңа күтпеген жағдайларды ойлауына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар тәрбиеші балалардың ойындық қызығушылығын ескереді, яғни күнделікті ойында олар қалыптаспайды. Педагог балалармен бірігіп, ойында сюжетті байланыспайтындай рөлдермен байланыстырып көрсету керек. Ол ойын жоспарына жаңа жағдайлар және, оқиғамен тұлғалар енгізетін балаларды марапаттауы керек, өйткені ол баланың шығармашылық белсенділігін және ойынның еркін менгерілуін көрсеткіші болып табылады. Сюжеттік-рөлді ойындарға жағдай жасау немесе жетпей жатқан құралдары сюжет барысында көрсетуге көмектеседі, анық айтқанда ойынның мәні мен ролінің қатысушыларын байланыстырады. Әдетте ол мақсатқа дайын ойыншықтарды құрылыс материалы ретінде пайдаланады. Ол жағдайда айналад ойынға қолайлы ғана емес, сонымен қатар, шындыққа ұқсауы қажет. Өйткені, оны балалар таза символды түрде қабылдауы мүмкін. Әсіресе бұл ойындық топтарға, онда барлық қатысушыларға ойынның жағдайын, мәнін түсінуге байланысты.

Театрлық ойындар. Театрлық ойындар сюжеттік-рөлді ойындарға қарағанда нақты көрермендер ұсынады (кішкентай балалар, ата-аналар, баланың қатарлары). Бұл процесте балаларда авторлық мәтінмен көркемдік шығармашылық идеяларды қайта тудыру құралдырын (интонация, мимика) ойлап шығару қалыптасады. Бұл қиын әрекет міндетті түрде үлкендерді қатысуын талап етеді, әсіресе бұл дайындық кезеңінде. Театрлық ойындар шынымен қызықты, балаларды тек қана көріністі орындау ғана емес, сонымен қатар оларды көрініске орын дайындауды қалыптастыруы қажет. Мұның барлығы мектеп жасына дейінгі балаларға оңай міндет емес.

Дидактикалық ойындар. Тәрбиеші орташа орташа топтарда сабақ үстінде дидактикалық ойындар өткізгендей, сабақтан тыс жерде балалар жааттығуларын, олардың түрлерін, көлемін, түсін, кеңістігін, дыбысын білуі тиіс. Дидактикалық ойындар көмегімен балалар құралдарды сыртқы пішіні секілді, олардың белгілері бойынша салыстыруға және топтауға, есептерді шешуге оларды дайындығы қалыптасады.

Музыкалық-дидактикалық ойындар. Музыкалық – дидактикалық ойындар балалармен бірте-бірте игеріледі. Жаңа ойынмен танысу негізінен музыканың сабақтар

кезінде жүзеге асады. Педагог балаларды ойын ережесімен таныстырады және олардың алдына анық дидактикалық міндеттер қояды. Бастапқыда педагог (тәрбиеші, сынып мұғалімі) топтағы ойынды өткізуде бастаушы болады. Соңында балалар өздері педагогтың көмегінсіз ойынды ойнай алады, яғни араларынан бастаушына таңдау арқылы. Музыкалық – дидактикалық ойындарды үйрену процесінде балалардың алған білімдері оларға әртүрлі музыкалық іс-әрекеттерге байланысты міндеттерге орындауға көмектеседі .

Бакылау сұрақтары

1. Дидактикалық ойындардың түрлерін және олардың мазмұндық ерекшеліктерін сипаттаңыз.

2. Танымдық іс-әрекет сипатына байланысты ойын түрлерін атаңыз.

Дидактикалық ойындардың маңызы

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың ойыны мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің сюжеттік ойындарынан өзгешелеу болады. Шәкірттер енді әр алуан кимыл-козғалыстар. Тез ойындарды ғана емес, күш-қуат пен тепе-теңдік сезімін жетілдіретін қызықты ойындармен де шұғылданады. Ондай түрлері балалардың сан килы жағдайларға тез икемделуін дамытып, олардың тапқырлығымен икемділігін талап ететін жарыс түрінде ұйымдастырылады.

Мұндай ойын түрлерінің тәрбиелік мәні зор, әр адам денесінің дамып жетілуіне пайдасы мол. Ойын үстінде балалардың бойындағы барлық дерлік психологиялық процестері, сезімдерімен эмоциялары, ерік-жүгер қасиеттері шындалады, мінез құлқы айқындала түседі. Мұғалімге оқушы психологиясының өзінді ерекшеліктері айқындалып олар мен оқу-тәрбие істерін жүргізудің тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану мүмкіншіліктері туады. Бала өзіне жаналық болып сезілген ар килы нәрселерге еліктегіш келеді. Осы қасиеттері мен бойындағы сезіммен қабілет ерекшеліктерін аңғартады. Мінезінің ұнамсыз жақтары байқалатын тұс та осы. Ұстазға бол ретте істейтін жұмыс түрлері көп-ақ:

Ойындырдың ішінде дидактикалық ойындардың маңыздылығы жағынан өзгелерінен бөле-жара айтуға болады. Бірақ, бір скертетін нәрсе, маңызды екен деп сабақ мазмұнына үйлеспейтін ойын түрлерін қолдануда аулақ болған жөн. Әр ойынның өз реті бар. Әрбір мұғалім сабақ процесінде қандай дидактикалық ойын қолданатынын сабақ мазмұнына, мақсатына сәйкестендіріп алған хөн. Өйткені ойын мектепке келген 6 жасар балалар үшін қызықты әрекет, іс-қимыл бола отырып, сонымен бірге оларды тәрбиелеу мен дамытудың аса маңызды құралы болып табылады. Бірақ ол педагогикалық ізденістің аркасында ғана қуаты құралға айналады. 6 жасар балаларды оқытып-тәрбиелеу де педагог балалар игере алатындай ойынның бағдарламалық мазмұны жоспарлайлы дидактикалық және ойын міндеттердің, кимыл ережелерді белгілейді. Ойында педагогикалық процеске енгізе отырып, тәрбиеші балаларды ойнауға, А.С.Макаренконың сөзімен айытқанда, “ Жаксы ойын “ жасауға үйретеді. Мұндай ойынға мынадай сипаттар тән мазмұнының тәрбиелік-танымдық құндылығы, ойын барысының дұрыс түсіндірілуі, таңдалынып алынған ойын түрінің оқушыларға үйретері мол және шығармашылық сипаты, жеке балалардың және барлық ойнаушылардың мүдделерін ескере отырып ойын ережесін бағыну және соларды басшылыққа ала білуі, ойыншықтар мен ойын материалдарын белгілі бір мақсатқа пайдалану, балалардың бір бірімен достық қарым-қатынастары және көңіл күйлерінің шат болуы ескеріледі. Ойынды басқара жүріп, мұғалім баланың жеке басының барлық жағына: оның санасына, сезіміне, ерік-жүгеріне, мінез-құлқына ықпал жасайды. Ойынды негізінен ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық және дене мүшелерінің дұрыс қалыптастыру мақсаттары үшін пайдаланады. Мазмұны ойлай білуге құрылған ойын процесінде балалардың білімі мен түсінігі айқындалып, тереңдей түседі. Ойын үстінде қайсыбір рөлді орындау үшін бала өзінің түсінігін ойын әрекетінде көрсетеді. Кейде адамдардың еңбегі туралы нақты түсініктері дәйексіз болады, тәрбиеші еңбек туралы ұғымдарын кеңейту үшін мазмұнды, тәрбиелік сипаты мол түрлерін таңдап алғаны жөн. Балалар бәрін білуге құштар, сұрақ көп қояды.

Ұстазды бала меселін қайтармай сол сұрақтарға толық жауап қайтаруы, ойын кезіндегі әңгімелеріне құлақ түріп, дұрыс сөйлеуге, әдептілікке үйретуі, өзара түсінулеріне, келісуіне көмектесуі керек.

Демек, ойын балалардың алған білімдері мен түсініктері баянды етіп қана қоймайды, сонымен бірге өзінше бір белсенді танымдық іс-әрекет формасы болып табылады. Сондықтан оқу-тәрбиесі процесіне ойынды дұрыс кірістіріп, оның барлық тиімді мүмкіндіктерін пайдаланудың маңызы зор.

Бала психологиясына дидактикалық ойындардың ықпалы

Жастардың болашаққа деген бағыт-бағдары отбасында, мектеп қабырғасына, жалпы еңбек, қоғамдық деңгейде қалыптасады деп алсақ, бүкіл қоршаған дүниенің әр саласының көзқарасқа тигізетін әсері, беретін білімі, тәрбиеге ықпалы әртүрлі болады. Мемлекетіміз осының бәрін ескеріп білім беру жүйесін баса дамытуға. Оны дүниежүзілік деңгейге көтерілуіне аса мән беруде. Білім берді тәрбиелеу және балалардың ой-өрісі қабілетінің дамуы бұл сабақты алға қояр мақсаты болып табылады.

Өмір сүру үшін білімді меңгерудің маңызды екендігін жайлы ғұлама бабаларымыз Әл-Фараби, Қ.А.Ясауи, М.Х.Дулати, Ж.Бласұғын тамаша өсиеттер қалдырған.

Ұлы ойышылдар ағартушы педагог Я.А.Коменский, И.Г.Песталоцци, Ж.Ж.Руссо, А.Дистерверг, Ы.Алтынсарин, К.Д.Ушинский оқыту арқылы оқушылардың ақыл-ой қабілеттерін, дербестігін, ойлауын дамытуға көңіл бөлу керектігін айтқан болса, оқыту үрдісінің ерекшеліктері мен ұстанымдары, оқыту әдістері мен құралдарын М.А.Данилов, Б.Н.Есипов, Н.Скаткин, Ю.Бабанский, М.Жұмабаев, Т.Сабыров, т.б. өз еңбектерінде оқушылардың өз бетінше жұмыс орындауда дидактикалық ойындардың пайдалы жақтарын талқылаған, ғылыми түсініктер берген.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет мәртебесіне ие болуы, казак тілінің мемлекеттік тіл құқығына көтерілуі, Білім туралы, Жастар саясаты туралы заңдарын қабылдануы келешек ұрпақ тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарауды көздейді.

Бүгінгі күн талабына орай тәрбиенің мазмұнын, мақсатын, қағидаларын, міндеттерін қайта қарастырып, түбегейлі өзгерту дидактикалық ойындарды пайдаланудың маңызы зор. Қоғамымыздың іргесін, білімін нығайту мақсатында ең алдымен сабақта дидактикалық ойындардың ерекшелігі мен тәрбиелік мәні бар оның негізгі мақсаты- баланы ойлауға, ізденуге, шағармашылық жұмыспен айналасуға, өз бетінше ізденуге баулу болып табылады. Қазіргі заман талаптарына сәйкес мектептегі барлық буын оқушыларының білімін дидактикалық ойын түрлері тұрғысынан дамыту, жетілдіру-педагогика ғылымының міндеті болып табылады. Осыған орай білімнің мазмұны, білім беру жүйесіндегі орнын, оқу-тәрбие процесінің ерекшелігін, оны дұрыс ұйымдастырудың негізгі әдістерін, формаларын жетілдірудің білуі керек. Оқу- тәрбие процесінде дидактикалық ойынды қолдану барысында әр баланың жеке басының ерекшелігі есепке алынуы тиіс.

Сабақ барысында әр оқушының ұғымы, сезімі, түсінігі, қабылдауы, қабілеті әр-түрлі. Ең бастысы-әр оқушының жеке басын құрметтеу, оның адамдық қасиетіне нұқсан келтірмеу. Қазіргі ізгілендіру заманында әрбір баланың өз мүмкіндігін, қабілетін, іскерлігін, ойлауын, дидактикалық ойын барысын да байқау қажет, сонда ғана олардың білімге, ынтасын арттырып, еңбексүйгіштікке, білімге құштарлық қасиеттерін нәтижелі қалыптастыруға болады. Мұғалім оқушылардың дидактикалық ойынды ұйымдастырып, оларды үйрету, қалыптастыру үшін ең алдымен балалардың психологиялық ерекшеліктерін білуі керек.

1. Бастауыш сынып жасындағы баланың бойындағы психикалық процестер: зейін, қабылдау, қиялдау, есте қалдыру, ойлау, сөйлеу, сезімдер. Осындай психикалық процестер баланың бойында болуын, өзгеріп жетілуін қарастырады.

Бала мұндай ерекшелік пен іс-әрекет қимыл жасау процесінде, дидактикалық ойын барысында шешеді. Бастауыш сынып оқушыларының психологиясы психикалық дамуды, заңдылықтары, іс-әрекетін дамуын, жеке бастың қалыптасуын зерттейді. Бастауыш сынып жасындағы балалардың психологиясын білу оқыту, тәрбиелеу практикасын дұрыс

ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Оқушының психикалық даму ерекшелігі – ойлауында, ақыл-ойында, ынтасында, қабылдауында оқу-тәрбие процесі кезінде негізгі ерекшелік болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларын зерттеудің негізгі әдістері: бақылау, эксперимент әдістері болып табылады. Мұғалім оқушының дидактикалық ойын барысында мінез-кұлқын табиғи жағдайда мақсат қоя отырып зерттейді.

Мұғалім бақылау процесінде зерттелуші оқушы мінез-кұлқындағы сыртқы белгілерді ғана қадағалайды. Мысалы: Оқушының іс-әрекетін, сөйлеген сөздерін, мәнерлі кимылын.

Бұл жағдайда мұғалім бақылаудың екі түрін қолданғаны жөн.

1. Жаппай бақылау

2. Ішінара бақылау

Зерттеуші жаппай бақылауда – баланың мінез-кұлқының көп жағын қамтып жүреді.

Жаппай бақылау-оқушының психикалық даму заңдылығын анықтау үшін фактілер негізінде жүргізіледі. (А.Д.Павлова, Ж.Пижае, В.Штерн). Ішінара бақылаудың жаппай бақылаудан айырмашылығы оқушының мінез-кұлқының бір жағы немесе бір мезгілдегі мінез-кұлқы алынады, зерттеледі. Мысалы: баланың ойын кезінде, тамақтануы кезінде т.б. Ч.Дарвин, А.Н.Гвоздов сияқты мамандар өз ұлдарына ішінара бақылаулар жүргізіп арнайы қорытынды бойынша бақылаулар жүргізген.

Бастауыш сынып оқушыларының психикалық дамуы барысында пайда болған және жаңа қасиеттер мен қызығушылыққа итермелейтін іс-әрекеттің жаңа түрлерін игеруге бастайтын қайшылықтар техникалық дамудың күштері болып табылады.

Бастауыш сыныпта оқыту процесінде дидактикалық ойындарды пайдалануда оқушылардың өзіндік әрекетінде тән ерекшеліктері бар

Олар:

1. Дидактикалық ойынның мақсаты мен міндеттерін анықтау.

2. Дидактикалық ойында қандай тәсілді қолданудың жоспарын түзу.

3. Жұмысты нәтижелі аяқтау үшін оқушы өзін-өзі бақылап отыруын қадағалау.

Оқушылары оқу пәнін игеру барысында өзіндігінен жұмыс істеуде дағдыланбаса, оның сабақ үлгерімі жақсы болмайды. Бұл кезде оқушының сабаққа деген қабілеті, зейіні төмендейді. Соның салдарынан оқу пәніне деген қызығу, сабақ үлгерімі қашарлап, үлгермеушілер қатарына қосылады. Сондықтан мұғалімнің негізгі міндеттерінің бірі-оқушылармен дидактикалық ойында қайшылықпен қолдануы керек.

Дидактикалық ойын барысында оқушылардың дербестігін арттыруда олардың оқуға деген табыстары мен кемшіліктері өздеріне дұрыс бағалауға үйретудің маңызы зор.

Психолог, педагог мамандар өздерінің зерттеу жұмысында бастауыш сынып оқушылары сабақ барысында дидактикалық ойынды мұғалімнің жетекшілігімен жүргізгенде ғана жақсы нәтиже беруге дәлелденген. Бастауыш сынып оқушыларына тапсырмалар берерде мұғалім тапсырманың дұрыстығын оқушылардың қаншалықты дұрыс түсініп, меңгергенін анықтауы тиіс. Бастауыш сыныпта оқушылардың оқу әрекетінің жемісті болуы - оқу жұмысының тәсілдерін меңгеруге байланысты.

Педагог-психолог мамандар оқу жұмысының негізгі тәсілдерін екі топқа бөледі.

1. Оқушының жалпы оқу жұмысын ұйымдастыруға байланысты қолданылатын тәсілдер.

а) жоспарлау

ә) уақытты дұрыс пайдалану

б) оқу мен демалуды дұрыс ұйымдастыру

в) оқушы өз жұмысын бақылау

2. Оқушының оқуына тікелей байланысты қолданылатын тәсілдері.

а) жаңа білімдерді игеру

в) өздігінен білімді меңгеру

б) ойындарды қолдана білу.

Осы тәсілдердің ішінде бастауыш сыныпта ерекше орын алатыны сабақта, сабақтан тыс уақытта оқу материалдарымен жан-жақта жұмыс істей білу және дидактикалық ойындарды пайдалану болып табылады. Ол үшін мұғалім мына тәсілдерді меңгеріп, оны оқушының бойында қалыптастыра білуі қажет.

1. Оқулықтағы материалдың мазмұнын талдау.
2. Ең негізгі мәселені айыра білу.
3. Салыстыру.
4. Топтастыра.
5. Жүйелеу.

Бастауыш сыныпта оқушылардың мұндай тәсілдерді меңгеру оны жан-жақты дамытады, оқуға деген көзқарасын өзгертеді.

Бастауыш мектептегі оқу процесін демократияландыру ізгілендіру принципін оқушылардың белсенділігін арттыру оқу тәрбие бірлігінде ақыл-ой, еңбек, эстетикалық бірлігін негіздеу отырып дидактикалық ойындарды пайдаланудың жолдары қарастыру қажет. Оқыту ісі білім берумен қатар оқушылардың танымды қабілеттерін, логикалық ойлауды дамытуға дидактикалық ойындарды пайдаланудың маңызы ерекше.

Әдебиеттер тізімі

1. Г.Қайбулдаева, М.Жаздықбаева, С. Әлімбаева «Ойын технологиясы».- Түркістан: 2007ж -376
2. Аванесова Г.А. Культурно-досуговая деятельность: Теория и практика организации: учеб. пособие для студ. вузов. — М.: Аспект Пресс, 2010.
3. Азаров Ю.П. Искусство воспитывать. — М., 2004.
4. Бочарова Н.И., Тихонова О.Г. Организация досуга детей в семье: учеб. пособие для студ. высш. педагог. учеб. завед. — М.: Академия, 2007.

Аннотация

В этой статье особо подчеркивается роль игры в становлении подрастающего поколения образованным, компетентным. В игре предусмотрено, что обучающийся может обучаться, обучаться, формировать личностное развитие. Все дидактические игры по содержанию, являясь важным компонентом формирования акыл – мыслительной активности учащихся, предусматривают углубление и углубление полученных знаний по основным видам программного материала, а игры разнообразят работу детей на уроке, прививают им интерес к предмету и развивают у учащихся интеллект, мышление, внимательность. Тренирует и успокаивает нервную систему, прививая жизненный опыт в единую систему. И вот тут-то он и цитирует, что игра играет ведущую роль в деятельности оқу. Показано, что дидактические игры классифицируются на несколько видов по содержанию, видам игр в соответствии с характером познавательной деятельности, структуре дидактических игр.

Abstract

In this article, the role of the game in the formation of knowledge and competence of young people is particularly emphasized. The game provides for the ability of the student to gain knowledge and develop his personality by training. All didactic games in terms of content, being an important component of the formation of intellectual activity of students, are aimed at deepening and developing the knowledge gained in the opinion of the main elements of the program material, and the games transform children's work on lessons, instill their interest in the subject, instill enthusiasm and develop students' thinking, study. It relaxes the nervous system, teaches you to bring the experience of life into one system. This is why the game suggests that it plays a leading role in educational activities. It is shown that didactic games are divided into several types according to the content of training, types of games according to the nature of educational activities, and types of didactic games according to their structure. "I'm sorry," he said.

ӘОЖ 658.85

Д.М.Байгунова¹, Ш.Ж. Турдалиева², Б.Қ.Отарбаева³, Д.А.Мусакулова⁴
¹²³⁴аға оқытушы, магистр, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

МӘДЕНИ – ШҰҒЫЛДАНЫМПАЗДЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТҮРЛЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Түйін

Бұл мақалада мәдени – шұғылданымпаздылық қызметінің бұқаралық түрін дайындап өткізу әдістемесі іс – шараға арқау болған оқиғаға сай жүйелі білімді, осы іс – шараның мазмұны мен түріне сәйкес идеялық эмоционалдық әсер етудің өзіндік ерекшеліктері мен тәсілдерінің сипаттамасын білуді қажет ететін мәліметтер берілген. Шұғылданымпаздылық қызметтің бұқаралық түрі адамдарды топтастыра отырып, олардың талабын кең әлеуметтік қатынас арқылы қанағаттандыратындығы қарастырылған.

Мәдени – шұғылданымпаздылық қызметінің бұқаралық түрлері белгілері бойынша екі топқа топтастырылады: мазмұнына байланысты және материалдың жанрлық ерекшеліктеріне орай драматургиялық ұйымдастырылуына байланысты. Мәдени – шұғылданымпаздылық қызметінің ұйымдастыру әдістемесінде болашақ іс – шараның мақсатын барлық қатысушы – ұйымдастырушылардың ойласуы, түсінуі, шығармашылық процесті қамтамасыз ететін / танымдық, бағалы бағдарлық, коммуникативтік / әрекеттердің барлық түрін біріктіру, іс – шараның мақсатына сай, мазмұнын айқындау, оның адамгершілікпен толықтырылуы, іске асыруға жағдай жасау, эмоционалдық көркем әсер етудің рационалдық әдісі мен тәсілдерін іріктеуде іс – шараның мақсаты, қатынасшылардың сипаттамасын, мәдениет мекемелерінің нақты мүмкіндіктерін, ұйымдастырушының кәсіби шеберлігін, тыңдаушы көрермендердің барынша белсенділігін қамтамасыз ету есепке алынады.

Мәдени – шұғылымпаздылық қызметінің топтық түрін ұйымдастыру және әдістемесі негізгі үш бағыттар арқылы іске асырылады деп мақалада жан-жақты терең мағлұматтар берілген.

Кілттік сөздер: Шұғылымпаздылық, бұқаралық, идеялық, эмоционалдық, әлеуметтік, ұйымдастыру, әдістеме, мәдениет, мекеме, көрермен

Мәдени – шұғылданымпаздылық қызметінің бұқаралық түрін дайындап өткізу әдістемесі іс – шараға арқау болған оқиғаға сай жүйелі білімді, осы іс – шараның мазмұны мен түріне сәйкес идеялық эмоционалдық әсер етудің өзіндік ерекшеліктері мен тәсілдерінің сипаттамасын білуді қажет етеді. Шұғылданымпаздылық қызметтің бұқаралық түрі адамдарды топтастыра отырып, олардың талабын кең әлеуметтік қатынас арқылы қанағаттандырады. Осындай бірлікті сезінуге ұмтылыс үлкен көлемдегі бұқаралық мереке, театрландырылған қойылымдарда іске асырылуы мүмкін.

Мәдени – шұғылданымпаздылық қызметінің бұқаралық түрлері белгілері бойынша екі топқа топтастырылады: мазмұнына байланысты / қоғамдық – саяси, әскери – патриоттық, моральдық эстетикалық, өндірістік – механикалық, ғылым – ағарту және т.б / және материалдың жанрлық ерекшеліктеріне орай драматургиялық ұйымдастырылуына байланысты (мысалы. Тақырыптық кештің жанрлық түрлеріне: әңгіме - кеш, портрет – кеш, митинг – кеш, рәсім – кеш және т.б жатады) болып келеді.

Мәдени – шұғылданымпаздылық қызметінің әрбір түрі төмендегідей төрт компоненттерден: мазмұннан, композициядан, аудиторияның сипаттамасы мен оның кеңістіктегі оранласуынан және эмоционалдық – көркемдік әсер ету құралдарының сипаттамасынан тұрады.

Үлкен көлемдегі іс – шаралар: мереке, салт – дәстүр, фестивальдер, шоу –

бағдарламалар ұйымдастыру үшін ұйымдастыру комитетін, штабтар құру қажет. Ұйымдастыру комитеті баспасөз, радио, теледидар қызметкерлерінің, спорттық ғимараттар құрылысын дайындауға, іс – шараларға қатысатындарды орналастыруға жауапты, сондай – ақ қатысушыларды тамақтандыруға, көлікпен қамтамасыз етуге жауапты адамдардан тұрады.

Мереке сценарийінде барлық элементтерді қамту үшін мәдени – шұғылданымпаздылық мекемесінің материалдармен танысып шығу: сценарийлік материалды, фотография, шақыру билеттерін, әдістемелік материалдарды талдау жасау қажет. Бұл жұмыс болашақ іс – шараның түрін айқындау үшін (театрландырылған кеш, қойылымдық кеш/, сондай – ақ қатынасушылар құрамына сәйкес іс – шараны дайындап өткізудің, әдістемесін анықтайды. Іс – шараға дайындықтың келесі кезеңінің міндеттері: көркемөнерпаз ұжымының мүшелерінің жаттап алуларына лайықталған текстер мен музыкалық шығармалар жазылған режиссерлық сценарийді дайындаудан, музыка және дыбыстарды басып дайындаудан, қойылымның материалдық – техникалық жағын қамтамасыз ететін безендіруші, жарық беруші, киномеханик, реквизитор, костюмлерге нақты қойылым, жоспарын жасаудан; суретшілерге сахнаны, фозні, алаңды, шақыру билеттері мен жарнамаларды безендіру эскизін жасауға тапсырмалар беруден: билет, жарнама текстерін құрау, шақыру билеттерін тарату, радио, теледидар арқылы тұрғындарды құлақтандырудан: мерекенің жалпы бағдарламасы бойынша әрбір жауапкершілік жүктелген адамға іс – шараны жақсы өткізу жайында кеңес беруден: іс – шараға кететін шығын сметасын жасап бекітуден: іс – шараның дайындық барысын тексеріп отыру барысында, мақсатында жедел жиын шақырудан тұрады.

Сондай – ақ мәдени шұғылданымпаздылық қызметінің бұқаралық түрі адамдардың шығармашылық қабілетінің дамуына жағдай жасайды. Бұқаралық шараға дайындық кезінде, яғни болашақ мерекеге әрбір қатысушы өздеріне жүктелген тапсырмаларды орындау барысында және де бұқаралық әрекетті түйсіну процесі адамның шығармашылық мүмкіндіктерінің артуына әсер етеді.

Сонымен, бұқаралық мәдени – шұғылданымпаздылық қызметінің ұйымдастыру әдістемесінде болашақ іс – шараның мақсатын барлық қатысушы – ұйымдастырушылардың ойласуы, түсінуі, шығармашылық процесті қамтамасыз ететін / танымдық, бағалы бағдарлық, коммуникативтік / әрекеттердің барлық түрін біріктіру, іс – шараның мақсатына сай, мазмұнын айқындау, оның адамгершілікпен толықтырылуы, іске асыруға жағдай жасау, эмоционалдық көркем әсер етудің рационалдық әдісі мен тәсілдерін іріктеуде іс – шараның мақсаты, қатынасушылардың сипаттамасын, мәдениет мекемелерінің нақты мүмкіндіктерін, ұйымдастырушының кәсіби шеберлігін, тыңдаушы көрермендердің барынша белсенділігін қамтамасыз ету есепке алынады.

Мәдени – шұғылымпаздылық қызметінің топтық түрін ұйымдастыру және әдістемесі негізгі үш бағыттар арқылы іске асырылады:

- бірінші, ұжымның өз күшімен топтық іс – шараларды өткізу, ұжымның үгіт – насихаттық қызметінің дамуы.

- екінші, әуесқойлық бірлестіктер мен қызығушылар клубы мүшелерінің қатысуы мен ұйымдастыруың принципті жұмыс түрлерін айқындайтын топтық іс – шара өткізу.

- үшінші, өзара қатынас, шығармашылық белсенділікті дамыту, сұранымын қанағаттандыру негізінде топтық мәдени - шұғылымпаздылық іс – шара ұйымдастыру. Бірақ бұл жерде бастысы топтық әдістеменің, бұқаралықтан айырмашылығы – мұнда адамдарға жақсы – көңіл күй орнықтыратын, оларды зорламай, емін – еркін араласатын атмосфер жасау / көркемөнерпаздық ұжымдар ұйымдастыру /.

Мәдени – шұғылымпаздылық қызметті ұйымдастыру әдістемесі: топтық іс – шараны дайындап өткізуді өнерпаздық негізде дамыту, көркемөнерпаздық ұжым қызметін аудан, қала мәдениет мекемелерінің қызметімен байланысты қамтамасыз ету: ұжымның әрбір мүшесінің шұғылымпаздылық шараларға қатысудағы нақты тапсырмаларын айқындап, оқу тәрбие жұмыстарына талдама жасауды қамтиды.

Мәдени – шұғылымпаздылық қызметтің топтық түрлерін ұйымдастыру әдістемесі /

клубтық бірлестіктер мен қызы ғұшылар клубын ұйымдастыру / ықыласты бірлестік жұмысының мазмұнын, мақсаты мен міндеттерін функциясын айқындауды: аудиторияның қызығушылық деңгейінің ерекшеліктерін білуді: бірлестікке қажетті техникалық және материалдармен қамтамасыз етуді: ұйымдастыру шараларын жүзеге асыруды /жетекшінің айқындау, өнерпаз ұжымға иелелі жол ашу, дәстүрлерді қалыптастыру және т.б/ ұйғарады.

Кешті ұйымдастыру және оның әдістемесі төмендегідей кезеңдерден тұрады:

- әлеуметтік – мәнді тақырып таңдау, педагогикалық мақсатты айқындау, идеялық – көркемдік түпкі ойды негіздеу, материалды сұрыптау және өңдеу.

- материалды драматургиялық жағынан ұйымдастыру, сюжет сюжеттік шешім іздестіру, эпизодтарды монтаждау, композицияларды ойластыру

- дайындау жұмыстары: өнерпаздармен жұмыс, көркемөнерпаздық ұжыммен дайындық / репетиция/ жұмысы.

- жарнама, шақыру билеті көмегімен аудиторияны ұйымдастыру

- кешті өткізу

- өткізілген кешке талдама жасау

Жеке дара әдістемесі келесі элементтерден: адамдардың жеке – жеке ыңғайы мен сұранысын, тұрғындардың әртүрлі деңгейдегі қабілетін танып білуден, ықпал ететін жұмыстың негізгі түрлерін айқындаудан, тәрбиенің субъекті және объекті арасындағы өзара байланыс, қарым – қатынастың әртүрлі түрлерін анықтау мақсатында тапсырмаларды іріктеуден: ықпал ету объектімен жұмысты талдаудан тұрады.

Мәдени – шұғылымпаздылық қызметтің жеке – даралық жұмыс әдістемесі әрбір адамның рхани қажеттілігі мен қызығушылығын айқындау мақсатында, оған тікелей ықпал етуді ұсынады. Адамдардың шұғылымпаздылық әрекетіне ықпал ету, оның қалайда әлеуметтік және ұлттық, психологиялық және эмоциональдық қырларын, жас ерекшеліктері мен демографиялық жағдайы, білім мен кәсіби шеберлігі ескеріле отырып жүргізуді қажет етеді.

Жеке дара жұмысты ұйымдастыру әдістемесі көбінесе ықпал ететін адамның мінезін, тұрағын, отбасындағы қарым – қатынасты қаншалықты жүйелі де мұқият танып білуге байланысты.

Шұғылданымпаздылық қызмет түрлері мен қолданылатын әдістемелері және құралдарының жиынтығы әдістемесінің құрамдас бөліктері.

Адамдардың сана сезіміне идеялық – эмоционалдық әсер ету аспаптары мен құралдарын жұмыс құралы деп айтуымызға болады. Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу барысында қолданылатын барлық нәрсе құрал болып есептелінеді. Құралдар қатарына ауыз екі сөз, мерзімдік, баспасөз, теледидар, насихат құралдары, клуб мекемелеріне келушілерге ықпалы зор кәсіби және әуесқойлық өнер туындылары сонымен қатар техникалық көмекші құралдар: дыбыс жазғыш, дыбыс шығарғыш, дыбыс күшейткіш аппаратуралар, көлік, музыкалық аспаптар, костюмдер жатады. Әрбір құралды пайдаланған кезде оның әрқайсысының, мүмкіндіктерін жете білу қажет, оны өз жұмысында тиімді қолданудың әдістемесін білу керек. Негізгі қойылатын талаптар мынадай: әсер ету құралын тиімді жеке – дара, оны әсер ету объектісіне қарай таңдайды. Мысалы: жасөспірім, зейнеткер, дінге сенуші, үй шаруасындағы әйел – осы адамдарға немесе топтарға әсер етудің өзіне лайық идеялық – эмоционалдық құралдары болуы тиіс; құралдарды іріктеу іс – шараның мақсатына ғана байланысты; әсер етудің таңдалған құралдарының сапасы мен саны көркемдік – қойылым міндеттеріне сай болуы керек. Құралдардың аздығы немесе шамадан тыс көп болуы өзінің кері әсерін тигізеді. Құралдарды іріктеп алған кезде, шұғылданымпаздылық ұйымдастырушы оны пайдалану әдістемесін жете білуі керек.

Әдіс ұғымы негізденген, белгілі бір қызметтің орындалуына (танымдық, оқулық және т.б) төселген тәсілі деген ұғымды білдіреді.

Мәдени жұмыстың әдісі, педагогика және психология заңдылықтарына сүйене отырып

мәдени – шұғылданымпаздылық қызметті басқару болып табылады.

Әдістердің төмендегідей түрлері бар:

1. Ақпараттық. Оның мақсаты мәндік және сезімге әсер ететін ақпарат беру, оны қабылдауға ықпал жасау.

2. Эвристикалық (жаңа ұғым, түсінік беру) әдіс шұғылданымпаздылық қызметіндегі танымдық шешімдерді өз бетінше шешуге ықпал жасайды.

3. Зерттеу әдісі. Жаңа факті мен заңдылықтарды іздестіреді.

4. Бағала – бағдарлық әдіс – бұл бағалы бағдарлар, көзқарас, сенімдері қалыптастыруға қызмет етеді.

5. Шығармашылықты ұйымдастыру және оған ықпал жасау әдісі.

6. Рекреациялық – гедонистикалық әдіс.

7. шұғылданымпаздылық қызметінде адамдардың жүріс – тұрысына ықпал ету әдісі

Ағарту әдістеріне:

1. Баяндау, факт, идея және т.б ауызша түрде баяндау

2. Демонстрация. (заттардың құбылыстардың өзін не олардың, бейнеленуін көрсету)

3. Жаттығулар . Алған білімді түсіндіруге арналған арнайы бағытталған қабылдау мүмкіншіліктерін арттыру жатады.

Тәрбиелеу әдістері бұл көпқырлы, педагогикалық процестің барлық қырын қамтитын әдіс. Мәдени шұғыланымпаздылық қызметіне төмендегідей тәрбиелеу әдістері: дәлелдеу, өнеге көрсету, мадақтау, бетке басып айту әдістері жатады.

Шығармашылық қажырлылыққа жағдай жасау әдісіне: шығармашылық міндетті алға қою. Іскерлік ойындар. Шығармашылық қабілет пен мүмкіндікті жетілдіруге арналған жаттығулар, шығармашылық бірлестік мүшелерінің даму және қабілет деңгейлеріне сәйес шығармашылық ықтымақтастықты ұйымдастыру, ұжым арасында және басқа да жерлерде шығармашылық сайыс, бәсекелер ұйымдастыру жатады.

Демалыс пен ойын – сауықты ұйымдастырудағы қолданылатын әдістерге мұндай қызметті басқарудың қиындығына байланысты: сауықтық шаралар, рекреациялық (өзін - өзі қалпына келтіру) шараларға тарту, ығыстырып, ауыстыру, ойын – сауықтардың ұйымдастыру әдістері жатады.

Сонымен, әдістерді жалпы айтқанда шұғылданымпаздылықты ұйымдастыру мақсатына байланыстырылған іс – шараға көрермендерді тарту әдісі екенін көреміз.

Мазмұнның белгілі – бір түрде ұйымдық – құрылымы болады. Мазмұн мен түр диалектикалық бірлікте болады. Мазмұн негізгі бастау бола отырып, түрді айқындайды. Мазмұн философиялық сөздікте ішкі ұйымдастыруды белгілеу үшін қолданылады және қрылым ұғымымен байланыстырыла қарастырылады.

Жұмыс түрі деп бір жағынан мәдени мекемелеріндегі адамдардың іс - әрекетін ұйымдастыру әдісін, ал екінші жағынан тәрбиелік міндеттерді шешуге арналған материалдарды іріктеуге және беруге лайықталған әдістерді айтамыз.

Жұмыс түрлері соңғы жартығасырлық кезеңде мақұлданып, өзінің тұрақтылығымен ерекшеленеді, чөйтп жылдардан жолдарға ұласты. Шұғылданымпаздылықтың әрбір түрінің өзіне тән ерекшелігі бар. Әрбір түрдің өзінің мәні және дайындап өткізуге байланысты ерекшелігі мен әдістемесі болады.

Мәдени – шұғылданымпаздылық мекемелеріне келушілермен жұмысты ұйымдастыруда, жұмыстың түрлері бұқаралық, топтық және жеке – дара болып, бөлінеді. Бұдан басқа мәдени – шұғылданымпаздылық қызметінің камералық /шағын топқа арналған/ және комплекстік /кешендік/ түрлері бар, ал іс – шаралардың ұзақтығына орай эпизодтық және тұрақты түрге бөлінеді. Осындай ерекшеліктеріне қарай топтастыру шартты түрде белсенділік және енжарлыққа байланысты болып келеді.

Қай кездерде жұмыс түрі адам санасының құрылымының негізінен қандай элементіне әсер етуіне байланысты рационалды және эмоционалды болып екіге бөлінеді. Мысалы,

демалыс кеші жұмыстың эмоциональдық түріне жатса, лекция рациональды түріне жатады.

Сонымен, мәдени – шұғылданымпаздылық қызмет түрі екі жақты тұжырымлады. Біріншіден, адамдарды бірлескен іс - әрекетке жұмылдыру әдісі ретінде ұйымдастыру түрлері – жеке, топтық, бұқаралық болып келеді, екіншіден, идеялық – эмоциональдық материалдың өзін ұйымдастыру тәсілі ретінде әдістемелік түрлері ауызша. Басылымдық, насихаттық, кешендік, театрландырылған және т.с. болып тұжырымдалады.

Мәдени – шұғылданымпаздылық қызметі әдістемесінің заңдылықтары түсінігі шұғылданымпаздылықтың педагогикалық процестердің әдістемелік құрылымындағы жалпы және озық үлгілерін қамтиды. Шұғылданымпаздылық әдістемесі заңдылықтары әдістемелік принциптермен және ережелермен байланыса отырып жекелей әдістердің тиімділігін айқындайды. Принцип – бұл заңдылықтармен айқындалатын жалпы міндетті талап, бұл қысқаша түрде белгіленген заңдылық. Ереже – көпқырлы, оларды қолдану аясы белгілі мақсат пен жағдайға байланысты шектеулі болып келеді. Әдіс – бұл кішкене ғана міндетті шешуге, кішігірім мақсатқа жетіп отыру үшін қолданылатын шара.

Мәдени – шұғылданымпаздылық қызметі әдістемесінің негізгі заңдылықтарына тоқталайық.

Басты заңдылық негізінен әлеуметтік және де педагогикалық міндеттедің байланысы. Бұл заңдылық мазмұнының түріне сәйкес жалпы әдістемелік принциптермен байланысты болып келеді. Осы тұста ереже бойынша тұжырымдалуы мүмкін. Іс – шараны ұйымдастыруға кіріспес бұрын мақсаты ойластырылып, алдымен айқындап, сонан кейін оның формасын қарастырылады.

Әдістеменің заңдылығы мәдени шұғылданымпаздылық шараларындағы адамдардың белсенді қимыл әрекеті. Бұл заңдылық аудитория белсенділігін арттыру принциптерін эмоциональды жағдайды алмастыруды қажет ететін, барынша күрделі әрекетке тартатын, аудитория назарын өзіне тартып, баурап алар ережелерді туғызады.

Келесі заңдылық тәрбиенің, өзара тәрбиелеу және өзін - өзі тәрбиелеудің үйлесімділігі – бұл объекті мен субъектінің бірлігі және өзара әрекеті принциптерін қарастырады. Клуб мекемелерінде тұрғындардың талабын қанағаттандыру заңдылығы ретінде және өткізілетін іс-шараның көрермендерінің қызығушылығына сәйкес өткізу үшін шұғылданымпаздылықты ұйымдастырушылардың аудиторияны нақты сұранымын білуді, шұғылданымпаздылық қызығушылықтың пайда болу және әдістемелерін игеруді талап етеді.

Мәдени – шұғылданымпаздылық қызметінің келесі заңдылығы адамдар арасындағы байланыс, қарым – қатынас мәдениеті. Бұдан келіп адамдар арасындағы өзара қарым – қатынас мәдениеті принципі туындайды. Бұған бірнеше әдістемелік ережелер: адамның қарым – қатынасқа деген ұмтылысына, қарым – қатынастық жағдай жасауға сүйенеді.

Шұғылданымпаздылық педагогикасындағы жеке – да ықпал етудің (дифференцированный подход) мәні күрделірек болып келеді.

Мектеп пен мектептен тыс мекемелердегі мәдени шұғылданымпаздылық қызметті зерттей келіп, оның жеке – дара ықпал етудің төмендегідей жолдарын айқындауға болады:

1. Жас ерекшеліктеріне байланысты, яғни мектеп пен мектептен тыс мекемелердегі мектеп жасына дейінгі, бастауыш, ортанғы және жоғары класс оқушыларының қарай педагогикалық ықпалдың, өзіндік ерекшелігін айқындау.

2. Оқу орнының түріне қарай жалпы білім беретін мектеп оқушысы, кәсіптік – техникалық училище, техникум, интернат, балалар үйі және т.б орындарының оқушысы, тәрбиеленушісі болуына сәйес ондағы тәрбиелік әрекеттің ұйымдастырылуының әртүрлі ерекшеліктеріне байланысты болады.

3. Жыныстық жас ерекшелігіне қатысты, яғни балалар немесе қыздар жасөспірімдер және бойжеткендер арасындағы жүргізілетін мәдени – шұғылданымпаздылық жұмыстың ерекшеліктеріне қатысты болады.

4. «Қиын», есі кеш кірген» сондай – ақ құлықтық нормадан жиі ауытқитын балалар мен жасөспірімдер арасындағы жұмыстарға байланысты педагогикалық ықпалдың мақсатты болуы.

5. Өмір сүру ортасы мен дамып жетілудің, өзіндік ерекшеліктері балалардың оқу және шұғылданымпаздылық әрекеттеріне, қаладағы өзара қарым – қатынасына, құнды бағдарларына және т.б әрекеттеріне белгілі бір ықпалын тигізіп отырады.

6. Балалар мен жасөспірімдердің, бос уақыттағы қызығушылықтарына байланысты. Бұл ретте ғылыми – техникалық, спорттық және т.б қызығушылық әрекетіне қарай балаларды топтастыруды айтуға болады. Бұл топтардың әрқайсысы ұйымдастырудың ерекше түрін қажет етеді.

Жеке дара ықпал етудің жолдарын білу және мәдени шұғылданымпаздылық шараларға қатысушылардың нақты құрамының барлық мүмкіндіктерін аша білу басты педагогикалық міндет.

Сонымен мәдени – шұғылданымпаздылық қызметіндегі жеке дара ықпал ету педагогикалық нәтижеге төмендегідей мүмкіндіктер арқылы жетуге болатындығын айқындайды: шұғылданымпаздылық қатысушылардың топтарын анықтау: осы топтың мектеп және мектептен тыс мекемелердің өзіндік ерекшеліктеріне қатысты, салыстырмалы түрдегі әлеуметтік – психологиялық ерекшеліктерін білу және есепке алу; шұғылданымпаздылық әрекеттегі қарым – қатынастың, мақсатын белгілейтін проблемаларды айқындау: педагогикалық міндеттердің (кез – келген арналған) жүйесін, мазмұны мен қарым – қатынастық әрекеттің, әдістерін, мәдени – шұғылданымпаздылық қызмет түрінің жүйесі мен әдістемесі элементтерінің, жүйесін белгілейтін жүйелі түрдегі тәрбиені ұйымдастыру.

Әдістеменің заңдылықтарына сондай – ақ шұғылданымпаздылық қызметінің дамушы, қалпына келтіруі (рекреациялық) және диагностикалық факторлардың бірігуі жатады. Бұл заңдылық мәдени – шұғылданымпаздылық қызметтік бос уақытта ұйымдастырылуына қатысты. Бұдан кейін мәдени – шұғылданымпаздылық қызмет демалыспен босаңсуды қамтамасыз ететін әрекетке деген сұранымды, танымдық мақсаттағы сауықты ұйымдастыруды қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Шулунова Л.И., Уалиханова А. «Бос уақыты ұйымдастырудың көркемдік-педагогикалық әдістемесі».- Оқулық.-Шымкент:М.Әуезов атындағы ОҚМУ, 2013.-212 бет
2. Жумабай Л.Ж. Бос уақытты көркемдік-бұқаралық ұйымдастыру. Оқу-әдістемелік құрал. – Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚМУ, 2017.- 88-бет
3. Кабиева А.Қ. Театрландырылған қойылымдар драматургиясының негіздері.-Оқу-әдістемелік құрал -Алматы:"Эверо, 2014. - 204бет
4. Ержанов М.Е. Мәдени-тынығу қызметі аудармасы: оқу құралы/М.Е.Ержанов. – Орал:М.Өтемісов атын.БҚМУ РБО, 2016. – 276 б.

Аннотация

В данной статье приводятся сведения, согласно которым методика подготовки и проведения массовых видов культурно – досуговой деятельности требует систематических знаний, характерных особенностей и способов идейного эмоционального воздействия в соответствии с содержанием и типом данного мероприятия. Предусмотрено, что массовый вид деятельности, группируя людей, удовлетворяет их требования посредством широкого социального общения.

Массовые виды культурно – массовой деятельности группируются по признакам в две группы: в зависимости от содержания и в зависимости от жанровых особенностей материала, в зависимости от драматургической организации. В методике организации культурно-досуговой деятельности цель будущего мероприятия должна быть продумана, понятна всеми организаторами – участниками, сочетать все виды деятельности, обеспечивающие творческий процесс / познавательные, ценностно-ориентированные, коммуникативные, отвечающие целям и содержанию меропр

Abstract

This article provides information on the methodology of preparing and conducting mass cultural and leisure activities, which requires systematic knowledge of the events based on the event, a description of specific features and methods of ideological emotional impact in accordance with the content and type of this event. It is assumed that the mass type of active activity, grouping people, meets their requirements through broad social communication.

Mass types of cultural and entertainment activities are grouped into two groups according to their characteristics: depending on the content and depending on the genre features of the material, depending on the dramatic organization. In the organizational methodology of cultural and leisure activities, the purpose of the future event is to reflect, understand by all participants – organizers, combine all types of activities that ensure the creative process (cognitive, valuable orientation, communicative), meet the goals of the event.

УДК 365.251.07

А.К.Демеев¹, И.Т.Мустафаев², Е.М. Утебеков³, И.Б.Алиев⁴

¹кандидат педагогических наук, доцент, ЮКУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан

²старший преподаватель, ЮКУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан

³старший преподаватель, ЮКУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан

⁴кандидат педагогических наук, доцент, Национальный университет Узбекистана им. М. Улугбека, Ташкент, Узбекистан

ИНТЕГРАЦИЯ НАЦИОНАЛЬНЫХ ВИДОВ СПОРТА В РАМКАХ ПРОГРАММЫ РУХАНИ ЖАНҒЫРУ

Аннотация

Казахские национальные игры, передающие будущим поколениям, требуют от спортсмена силы, интеллекта, меткости, выносливости и бдительности. В стране действует федерация конного спорта, основной целью которой является развитие и модернизация конных видов спорта. Байга по сей день не утратила своего значения. Байга и аламан байга являются ценными видами национального спорта и учат спортсмена упорству, мужеству, смекалке. Еще одной из национальных игр является игра тогыз кумалак - Домалак тас. Тогыз кумалак считается одной из игр, развивающих ум. Игра тогызкумалак может быть использована в качестве эффективного национального игрового инструмента в рамках программы Рухани жаңғыру. В настоящее время развитие и мировое признание Игры разума - шахмат-слишком возросло по сравнению с тогыз кумалаком. Развитие и модернизация наших национальных ценностей-одна из наших главных задач перед будущими поколениями.

Ключевые слова: национальная игра, спорт, сила, единоборство, байга, аламан байга, тогыз кумалак, шахматы, ценность.

Изменения в развитии современного мира наглядно показали, что модернизация национальных игр является нашей главной задачей перед будущими поколениями.

На основе этих изменений удалось определить, что у каждой нации есть свои особенности. У каждой нации есть свои традиции, обычаи, религия, язык, и даже национальные формы игры имеют свои особенности. Это наши традиции, которые мы оставляем своим преемником будущим поколениям, прославляя и не забывая их. Важно отметить, что мы гордимся национальными сокровищами нашей страны. В частности, речь идет о национальных видах спорта, характерных для казахской нации.

Отрасль науки какой бы ни была развитие невозможно без глубокого изучения своей истории. Отсюда следует, что «начало исследования своей истории – в одном ряду с

освоением достижений науки, что создает большие возможности для ее дальнейшего продвижения». Мы считаем, что именно эта ситуация имеет отношение к истории развития казахских национальных игр. Этапы исторического становления, пути развития, воспитательное значение национальных и спортивных игр народа стали основой политического, социально-экономического развития народа. По свидетельству современных исторических наук, период становления национальных игр, дошедших до нас сегодня, начинается со дня сотворения человечества, а именно с первобытнообщинного строя, сложившегося на казахстанской земле. Английский ученый Э. Маккей рассказал о том, что с тех пор между национальными играми, которые дошли до нас, были сыграны различные игры кумалак, бестас, асык, стрельба из лука, Карагие и другие, такие как спортивные игры, были сыграны около 5000 лет назад «...все эти игры, по - видимому, распространялись среди племенных союзов в значительных азиатских странах». Кроме того, подобные мысли сопровождает путешественник из Венеции Марко Поло [1]. Игра «Кызбөрі», которую он видел во время своего путешествия по Семиречью, также рассказывала о происхождении племен на территории Казахстана, т. е. о родстве с классовыми отношениями.

Наши национальные игры требуют от спортсмена силы, интеллекта, меткости, выносливости, бдительности и наездничества, поэтому их надо передать будущим поколениям. В том числе, если речь идет о видах конного спорта: 1) конная байга - аламан на дальние и очень дальние расстояния; 2) конный бой с оружием- состязание 3) быстрая подготовка лошади-поедание лошади; 4) толкание лошади из круга- конная обрезка; 5) конный поединок-аударыспак; 6) кыз куу; 7) командная игра - кокпар; 8) жамбы ату-прицеливание мишени с размахом;

В настоящее время в стране действует федерация конного спорта, основной целью которой является развитие и модернизация конных видов спорта. В 1956 году была открыта первая школа всадников. С тех пор до сегодняшнего дня было сделано немало.

Но среди них наиболее распространены национальные виды спорта — байга и аламан байга. Байга по сей день не утратила своего значения. Байга и аламан байга являются ценными видами национального спорта и учат спортсмена упорству, мужеству, смекалке. В нашей стране есть все возможности для популяризации такого замечательного спорта, в республике специальные конезаводы разводят верховых лошадей.

В настоящее время, наряду с байгой и аламан байгой, особое внимание уделяется развитию кокпарских игр. Президент Ассоциации национальных видов спорта Бекболат Тлеухан вносит большой вклад в развитие данного вида игры кокпар, рассматривает пути развития и продвижения нашего кокпара среди тюркоязычных государств. Было организовано множество соревнований по данному виду спорта. Особенно всемирную игру кочевников можно назвать крупной гонкой. В том же матче сборная Казахстана заняла второе место в общекомандном зачете [2].

Еще одной из национальных игр является игра тогыз кумалак-Домалак тас. Считается одной из игр, развивающих ум. Игра тогызкумалак может быть использована в качестве эффективного национального игрового инструмента в рамках программы Рухани жаңғыру. Но этому типу Игры уделяется не так много внимания. В конном спорте не каждый может быть гонщиком, я не ошибаюсь, если скажу, что это вид спорта, которого можно достичь, потрудившись и потратив определенное время. А тогызкумалак играть намного проще и не требует больших затрат. В настоящее время развитие и мировое признание Игры разума - шахмат-слишком возросло по сравнению с тогызкумалаком. Действительно, шахматы пользуются большим спросом у населения.

На вопрос о том, что можно сделать для модернизации, чтобы довести развитие игры тогызкумалак до уровня шахмат, я предлагаю следующее: в первую очередь воспитание начинается с колыбели, семьи, когда у каждого казаха висит домбра с национальным инструментом, можно сказать, что игра тогызкумалак нашла место на полках каждого дома. Во-вторых, по настоянию современности она является ликвидной и оправдывающей себя

рекламой. Следует отметить, что, объясняя суть игры тоғызқұмалақ, то есть ее – гармоничное воспитание человека - не уступает шахматной игре, которая помогает любой душе закаляться в разуме, развивать мозговую деятельность и повышать свою ответственность перед обществом [3].

Подводя итоги, можно активизировать, проявить себя, проводя мастер-классы и соревнования в образовательных учреждениях, на рабочих местах, в домах престарелых и детских домах. В настоящее время организованы такие мероприятия, как "DOMBYRA PARTY", "TOGYZ KUMALAK DAY", в стенах школ, высших учебных заведениях открыты секции для тоғызқұмалақа, было б хорошо если детям во время перерыва между занятиями в специальных кабинетах было возможность играть в тоғызқұмалақ.

Развитие и модернизация наших национальных ценностей-одна из наших главных задач перед будущими поколениями.

Список литературы

1. Жак Эрс, Марко Поло.- Ростов-на-Дону: «Феникс», 1998. 352 с.
2. Интернет ресурс: <http://argymaq.kz/archives/3406>, 23.01.2016ж.
3. Оңалбек Ж.К. Болашақ мұғалімдерді оқушылардың дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға дайындаудың ғылыми-педагогикалық негіздері: пед.ғыл.док. ... дис. – Түркістан, 2007. – 330 б.

Abstract

The Kazakh national games, which are passed on to future generations, require strength, intelligence, accuracy, endurance and vigilance from the athlete. The country has a federation of equestrian sports, the main goal of which is the development and modernization of equestrian sports. Baiga has not lost its significance to this day. Baiga and alaman baiga are valuable national sports and teach the athlete perseverance, courage, ingenuity. Even one of the national games is to play togyz kumalak - Domalak tas. Togyz kumalak is considered one of the games that develop the mind. The togyzkumalak game can be used as an effective national game tool within the framework of the Rukhani Zhangyru program. At present, the development and world recognition of the Game of Reason - chess-has increased too much in comparison with togyz kumalak. The development and modernization of our national values is one of our main tasks for future generations.

Түйін

Болашақ ұрпаққа беретін қазақтың ұлттық ойындары спортшыдан күш, ақыл, дәлдік, шыдамдылық пен қырағылықты талап етеді. Елімізде ат спорты федерациясы жұмыс істейді, оның негізгі мақсаты ат спортын дамыту және жаңғырту болып табылады. Бәйге осы күнге дейін өзінің маңызын жоғалтқан жоқ. Бәйге мен аламан бәйге ұлттық спорттың құнды түрі болып табылады және спортшыны батылдыққа, тапқырлыққа үйретеді. Ұлттық ойындардың тағы бірі - тоғыз құмалақ ойыны. Тоғыз құмалақ ақыл-ойды дамытатын ойындардың бірі болып саналады. Тоғызқұмалақ ойыны Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында тиімді ұлттық ойын құралы ретінде пайдаланылуы мүмкін. Қазіргі уақытта ақыл ойынының дамуы мен әлемдік танылуы - шахмат-тоғыз құмалақпен салыстырғанда тым өсті. Ұлттық құндылықтарымызды дамыту және жаңғырту-болашақ ұрпақ алдындағы басты міндеттеріміздің бірі.

ӘОЖ 16.01.45

Р.С. Дуйсенбаева

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ МОТИВТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛЫМЕН «МӘНГІЛІК ЕЛ» ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Түйін

Мақалада тіл сабақтарында оқушыларға берілген білім мен қалыптастырылғандағы оқушының түрлі қабілеттерінің, ой-санасының дамуына ықпал етуі жайлы зерттеу жасалынған. Бұл даму үдерісінде оның тіл туралы ұғым-түсініктері бір сатыдан келесісіне, яғни біршама жетілген, күрделенген жаңа сатыға көтеріліп, ғылыми жолмен тіл туралы дүниетанымға негізделген практикалық сипаты терең құзіреттіліктерге айналады. Бұл соңында оқушының функционалдық сауаттылығының қалыптасуына әкеледі. Осындай сатылы-сабақтастық жолмен дамиды оқу үдерісінің көрсеткішін айғақтайтын бірқатар параметрлерді атауға болады: оқушының тілге деген саналы көзқарасы, өз білімін жаңа жағдайда сынауға бейімділігі, сөз жұмсаудағы жауапкершілігі, тілдік өнері мен әдепті сөйлеуге деген талғампаздығының артуы.

Кілттік сөздер: бейіндік мектеп, дүниетаным, әлеует, мотив, оқушы, қазақ тілі

Оқушының тілге деген көзқарасы оның тіл туралы өзіндік пікірі, тұжырымы қалыптасқан кезде айқындала бастайды. Әрине, ондай көзқарас өзінен-өзі тумайды, тек грамматикаға негізделген оқу жағдайында мүлде болмайды. Сабақта оқушыға адам өміріндегі тілдің мәні туралы ойландыратындай бағыт берілмесе, тілдік сана қалыптаспайды. Тілді әртүрлі қырынан қарастыруға болатын ерекше феномен деп тани бастағанда ғана оқушының тіл жайлы жаңа пайымдамалары пайда болады. Қазақ тілі сабақтарындағы оқу-танымдық мотивтерді оята отырып, берілетін білім мен білік оқушының жас және психологиялық ерекшеліктеріне қарай тіл мен тұлға бірлігі, тіл мен адам тағдыры жайлы мәселелермен ұштастырыла меңгертілген кезде ғана баланың дамуының, ой-пікірінің жетілуінің, өзін-өзі жетілдірудің қуатты факторына айналмақ.

Оқушының тілге деген көзқарасы, тіл туралы дүниетанымының негізі – тілді қарым-қатынас құралы, өз ойын жеткізу мен өзгенің ойын түсінудің құралы, сөйлеуге қызмет ететін, алуан түрлі мағынасы бар, құрылымы бөлекше, өзіндік пікірі мен көзқарасын жеткізуге мүмкіндік жасайтын, ең бастысы айналасындағы адамдармен салауатты, сауатты, қарым-қатынас қағидаларына негізделген сыпайы тілдесім бірліктерінен тұратын өзгеше құбылыс деп тануы. Тіл туралы оқушының өзіндік көзқарасын дамытып, оның өмір салтына қажетті дүниетанымды құрайтын компоненттер: біріншіден, жалпы тіл туралы, оның ішінде ана тілінің адам өміріндегі рөлі, маңызы туралы өзіндік ой-тұжырымының болуы; тілдің адам қоғамымен бірге жасайтын, жүйелі, дамушы құбылыс екендігін түйсінуі; тілді ұлттық құндылық, өмірлік мәні терең құрал; адамзатқа жаратылыстан берілген ең үлкен сый; ата-бабалардан қалған аманат ретінде түсінуі; екіншіден, тілдің қатысымдық-мағыналық мәнін, тілдің деңгейлік сипатын; тіл бірліктері туралы құрылымдық-семантикалық жүйенің ерекшелігін ұғынуы; үшіншіден, тілдік қатынастың ұлттық сипатының ерекшеліктерінің маңызын, себебін түйсінуі, сөйлеу тілінің функционалдық-стилистикалық сипатына сай қолдану амалдарын меңгеруі. Бұлар бір-бірімен тығыз байланысты. Осылардың барлығы біртұтастықта қатар меңгертілсе, оқушының интеллектуалдық әлеуетінің дамуына ықпалы күшейе түседі.

Бейіндік мектеп оқушысының, жеткіншектің дүниетанымы туралы айтпас бұрын, философиядағы адамның дүниетанымы деген не деген мәселенің басын ашып алу маңызды. Өйткені оқушының дүниетанымы қоршаған ортаны, айналаны, ғаламды, соның ішіндегі ғылыми білімді меңгеруі арқылы қалыптасады. Сол білімдердің ішінде әрбір пән бойынша алатын, игеретін ұғым-түсініктердің өз орны бар. Әлемдік білім беру жүйесінде үстемдік алып отырған заманауи тенденцияларының бірі – «дүниетанымнан сауаттылыққа қарай оқыту» болуы кездейсоқ емес. Осыған дейінгі кезеңдерде білім жүйесінде әбден орныққан «сауаттылықтан дүниетанымға қарай оқыту» тенденциясы ығыстырылып келеді. Бұл үрдістің мәні -балаға берілетін білім жекелеген ұғымдар мен ережелердің бірлігі түрінде емес, ең алдымен, сол пән бойынша алған білімдердің өміртанымдық маңызы мен оның тұлға қалыптасуындағы рөлі қандай? деген сұраққа жауап іздеуді қажет етуде. Олай болса, қазақ тілі сабағында да оқушы үшін оның «Мәңгілік Ел» құндылықтары, соның ішінде тіл жайлы дүниетанымын құрайтын білімдерді біріктіретін басты мәселе адам өміріндегі ең негізгі құндылық – тілдің адамзат әлеміндегі маңызын, мәнін түсінуінен құралады. Философиялық әдебиеттерде «дүниетаным – жеке адамның, әлеуметтік топтың, таптың немесе тұтас қоғам қызметінің бағытын және шындыққа деген қатынасын айқындайтын принциптердің, көзқарастардың, мақсат-мұраттар мен сенімдердің жүйесі. Дүниетаным қалыптасуына саяси, адамгершілік және эстетикалық көзқарастар көп әсер етеді» - деп анықтама берілген [1, 52-б.]. Олай болса, оқушының тілге қатысты, Мәңгілік Ел құндылығында тіл өнеріне байланысты, тіл мәдениеті мен тіл әдебіне қатысты дүниетанымының дұрыс қалыптасуында оқыту жүйесінің барлық кезеңдері оқушының тіл туралы толық әрі жан-жақты түсінік алуына бағытталуы тиіс. Өйткені «ғылыми білімдер дүниетаным жүйесіне ене отырып, адамның немесе бүкіл топтың қоршаған әлеуметтік және табиғат заңдылықтарын бағдарлау мақсаттарына қызмет етеді. Сонымен қатар, ғылым адамды әртүрлі адасулардан құтқарып, оның шындық болмысты ақыл-ойы арқылы тануына жағдай жасайды» [2, 67-б.]. Оқушының тілді тек қарым-қатынас құралы ғана деп емес, оны адамның өмір-тіршілігінің сәттілігінің кепілі, адамгершілік, рухани, әдеп қағидаларына негізделген адами қарым-қатынастың бастауы әрі нәтижесі екенін ұғынуы жас ұрпақтың тілге, сөйлеуге деген саналы қатынасын қалыптастырады әрі оның пәнді саналы меңгеруге ішкі талпынысы мен мотивтерін күшейтеді.

Бастауыш сатыда, одан кейінгі негізгі мектеп жүйесінде оқушылардың «Мәңгілік Ел» құндылығына деген дүниетанымын қалыптастыру тілдің тек теориялық мәселелерін жүйелеп берумен, ол туралы жалпы көзқарастар тудырумен шектелмейді. Өйткені «Мәңгілік Ел» құндылықтарына деген дүниетаным адаммен табиғатқа, жалпы құндылықтарға, моральдық ережелерге жеке тұлғаның жалпы қатынасын білдіретін негізгі сенім, қалып, таным немесе қоғам мүшелерімен ортақ көзқарас қалыптастырып, қоршаған ортамен қатынас орнатудағы негізгі өлшем болғанмен, оның өзіндік заңдылықтарға бағынатыны сөзсіз. «Мәңгілік Ел» құндылықтарына деген дүниетаным – адамның елге деген дүниені ақиқатпен сезіп, білуі ғана емес, ол отанмен байланысты әрбір нәрсені теориялық және тәжірибелік жағынан бірлікте тану мақсатындағы рухани-тәжірибелік әдіс.

«Мәңгілік Ел» құндылықтарына деген дүниетанымда тұтас адамзат әлемінің үлгісі сияқты мәдениет категорияларының жүйесі көрініс табады» [3, 124-б.]. Олай болса, оқушының дүниетанымын қалыптастыру оқушының тек ойлау қабілетін дамытуды көздемейді, сонымен қатар оның дұрыс, көркем, мазмұнды, сыпайы, этикалық нормаларға сай сөйлеуін қамтамасыз етеді. Өйткені ойлау қабілеті артқан сайын оқушының өз ойын барынша дұрыс, әсерлі, табиғи, орнықты, сыпайы жеткізе білу дағдысы қоса қалыптасады. Өйткені оның санасында "тіл – танымқұралы», «тіл – мәдени мұра», «тіл – тұлға мәдениетінің көрсеткіші», «тіл – ішкі жан дүниенің, адам санасының көрсеткіші» деген секілді дүниетанымның компоненттері қатар, бірге қалыптаса бастайды. Ғалымдардың пайымдауынша, «дүниетаным – адамның өзіне, әлемге, өзінің әлемдегі орнына деген

көзқарастар жүйесі» болып саналады [4,7-б.]. Яғни біздің зерттеу нысанымызға алынып отырған бейіндік мектеп оқушысы тілді әептік, дүниетанымдық тұрғыда түсінуі нәтижесінде тіл мен өзінің, өзі мен әлеуметтік ортаның байланысын терең ұғынады. Өзіміз тәжірибе жүргізген жоғары сынып оқушыларының осы мақсатта өткен сабақтарда өздерінің сөзіне, айналасындағы адамдардың сөзіне, жалпы білімге, оқуға, тілге деген саналы көзқарастарының дұрыс қалыптасқаны – осының дәлелі. Білім философиясы мен тіл философиясының бірлігі арқылы жүзеге асырылатын «Мәңгілік Ел» құндылықтарын төселдіру үдерісі оқушының тұлғалық жағынан да дамуына оң әсер етті. «Тіл – іштей өзара байланысты, бір-біріне бағынышты элементтердің жиынтығы» болып саналады [5,11-б.]. Қазіргі уақытта ғылымда интеграция және дифференциация үрдісі бір-бірімен тығыз байланыста жүріп жатыр. Интеграция «дүние біртұтас және оның бірлігі материалдығында» деген философиялық ұстанымды берік ұстап, дүниенің біртұтастығын дәлелдейтін оның салдарының, бөлшектерінің байламы, бір-біріне қатысты шартты әсерін зерттейтін пәнаралық байланыстың жоғарғы түрі болып табылады. Акмеологиялық тәсілдің жалпы білім беретін мектептің оқу-тәрбие және басқару процесіндегі қажеттілігі айқын, себебі қоғам мектептен оның түлектері коммуникативті, креативті, еркін ойлайтын тұлға болады деп күтеді» [6, 189-б]. Тіл – қоғаммен бірге дамиды, өзгермелі құбылыс. Бірақ ол түбірімен өзгермейді, ұзақ уақыт бойында бірте-бірте өзгеріске ұшырайды. «Тіл – қоғамдық - әлеуметтік құбылыс» болғандықтан, оның даму кезеңдері белгілі бір тарихи дәуірге сай келіп, сол кезеңдегі қарым-қатынас тілінің дәрежесін, сұранысын, қолданысын көрсетеді. Әр дәуірдің тіл мәдениеті өзінің алдындағы кезеңнің тілдік жүйесін, грамматикалық құрылымын, тіл байлығын, сөздік қорды және сөздік құрамды сақтап қабылдайды да, жаңа кезеңде өзіндік тілдік белгілерін қосады. Мұндай тұжырымдар «Мәңгілік Ел» құндылықтары атты пәнінің сөз этикетінің тарихына байланысты білімді меңгертуде қалыптастырылады. Мысалы, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауында үлкен рөл атқаратын қаратпа сөз формулаларын оқытуда қазақ ортасында ежелден қалыптасқан қаратпа сөздер (бәйбіше, байеке, нағашыеке) мен кешегі кеңестік кезеңдегі сөз сәніне арналған қаратпа оралымдар (құрметті жолдастар, пионерлер, комсомол жастар), қазіргі заманда сөз қорымызға еркін енген сөздер (ханымдар, мырзалар, халайық) қарым-қатынас әдебінің де заманға лайық өзгермелі сипат алатынын түсінуге мүмкіндік береді.

Мектептегі «Қазақ тілі» пәнінің басты нысаны болып саналатын тіл де диалектикалық материализмнің табиғатына сай табиғат пен қоғамдық өмірдегі барлық қозғалыстар сияқты қозғалу, даму, өзгеру күйінде болады. Біз бұл бағытта «Мәңгілік Ел» құндылықтарында тіл мәдениеті мен тіл әдебі нормаларына қатысты дүниетанымның бір компоненті– «тіл – тұлға мәдениетінің көрсеткіші» екенін оқушы санасына сіңіруде осы заңдылықты ұстанамыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік - анықтамалық. - Алматы: «Жеті жарғы» баспасы, 2008. - 221 б.
2. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. – 360 б.
3. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. -Алматы: Сөздік - Словарь, 2007. – 344б.
4. Абақан М. Тілдің мәдени философиясы. -Алматы, «Айкос». 2000. – 165 б.
5. Гальперин П.Я. Умственное действие как основа формирования мысли и образа // Воп Лихачев Б.Т. Педагогика. Курс лекций: Учебное пособие – М.:Прометей, 1992. - 528 с.
6. Zh.T.Dauletbekova, A.Sh.Yermekbayeva, Zh.I.Isayeva «Science, Technology and Higher Education» materials of the VIII International Research and Practice Conference, Westwood, Canada, 2015,188-192 pp.

Аннотация

Статья представляет собой исследование влияния знаний, данных учащимся на уроках языка, на формирование формирования различных умений и умов учащихся. В процессе этого развития его представления о языке поднимаются от одной стадии к другой, то есть на более продвинутой, более сложный новый уровень, а его практический характер, основанный на научном мировоззрении языка, становится глубокой компетенцией. В конечном итоге это приводит к формированию функциональной грамотности школьника. Об успешности учебного процесса, развивающегося таким поэтапным образом, можно судить по ряду параметров: осознанное отношение к языку, склонность проверять свои знания в новых ситуациях, ответственность в речи, языковая чувствительность и повышенная эlegantность.

Abstract

The article is a study of the influence of knowledge given to students in language lessons on the formation of the formation of various skills and minds of students. In the process of this development, his ideas about language rise from one stage to another, that is, to a more advanced, more complex new level, and his practical nature, based on the scientific worldview of the language, becomes deep competence. Ultimately, this leads to the formation of functional literacy of the student. Ultimately, this leads to the formation of functional literacy of the student. The success of the educational process, which develops in such a step-by-step manner, can be judged by a number of parameters: a conscious attitude towards the language, a tendency to test one's knowledge in new situations, responsibility in speech, language sensitivity and increased elegance.

UDC 81'1:111

A.A.Yegemberdy¹, L.SH. Eszhanova², A.A.Syundikov³, D.O. Torebek⁴

¹master, senior lecturer. M.Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

²master, senior lecturer. M.Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

³master, senior lecturer. M.Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

⁴master, lecturer. M.Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

THE MAIN STEPS OF A LESSON PLAN WHILE TEACHING ENGLISH LANGUAGE SKILLS

Abstract

Аталған мақалада өткен ғасырдың басында ұлт үшін өлшеусіз қызмет жасаған, бірақ өзінің тарихи бағасын әлі де болса ала алмай келе жатқан, күні бүгінге дейін есімі көмескі аталып келген тұлғалардың бірі – Иса Тоқтыбаевтың қоғамдық-саяси қызметі сарапталған. Оның өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін, жалпы тұлғасын ашу үшін авторлар С. Тілеуқұлов, Г. Тілеуқұлов, Р. Нәдіров, Б. Қойшыбаев, Е. Жалмағамбетов, Х.М. Тұрсын және т.б. зерттеушілердің еңбектері негізінде қарастырумен қатар Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатының деректеріне сүйене отырып Алаш қайраткерлерінің бірі Абылай Серғазиевтің өмір жолы туралы тың мәліметтер келтіреді. Көрнекті ұлт зиялыларының ұлт мүддесі үшін жасаған игі істеріне Түркістандық саяси элита өкілдері Т. Рысқұлов, Н. Төреқұлов, С. Қожанов, С. Асфендиярұлы көп қолдау жасады және олармен бірлесіп, Түркістан Республикасында қазақ қоғамын жаңартудың тұжырымын жасап, нақты саяси әрекеттерді іске асыра алғандығы белгілі болып отыр.

Осы ретте А. Серғазыұлының саяси қызметте шыңдалуына өмірлік тәжірибесі мол Т. Рысқұлов, С. Қожанов, И. Тоқтыбаев сияқты тұлғалармен кездесуі, 1917 ж. қоғамдық-саяси оқиғаларға дейін жұмыс жасаған қазақ зиялыларының «Кеңес» атты саяси үйірмесінің бағытымен танысуы, отарлық езгіге қарсы ұлт-азаттық күрестің жергілікті халықтың арасында кең өріс алуы оның саяси көзқарасының қалыптасуына ықпалы болғандығы мұрағаттық деректермен нақтыланады.

Кілттік сөздер: қайраткер, қазақ зиялылары, тұлға, кеңестік билік, большевиктер идеясы, Түрккомитеті, суландыру, «халық жауы», ұлттық мүдде.

Егемендік алғаннан кейінгі кезеңдегі мемлекетіміздегі жаңарулар мен тың серпілістер тарихи оқиғаларға жаңа тарихи таным бағытында зерттеу мен тың деректер негізінде қайта сараптап зерттеу мүмкіндігін әперіп, Отандық тарихымыздың «ақтаңдақ» беттерінің орнын толтырып, болған оқиғалар мен құбылыстарға жаңа көзқарас тұрғысынан сараптап, тарихи шындықты зерттеп, зерделеп жария етіп отыратыны ұлттық зиялылар қызметі арқылы жүзеге асатыны мәлім. Егеменді Қазақ мемлекетін құру жолында ұлттық сананың қалыптасуы мен қазақ ұлтының өткен тарихын, жекелеген тұлғалары мен тарихи үрдістерін шынайы түрде толық қарастыруды қажет етіп отыр. Қоғамда ұлттық зиялы қауым өкілдерінің, саяси қоғам қайраткерлерінің, тіпті ел ішінде танымал болған белгілі мемлекет қайраткерлері мен саясаткерлердің есімдері ХХ ғасырдың 20 жылдарының соңынан басталған кеңестік жүйенің арнайы жүргізген саяси іс-шараларының құрбаны болып кете берді. Кеңестік тарих ғылымы төңкеріске дейінгі жекелеген ұлттық тұлғалардың өмір жолдары мен азаттық жолындағы күресі мен ұлтына арнаған қоғамдық-саяси қызметтерін өмірге жанаспайтын ұғымдар тұрғысынан қарастырды, зерттеуге тыйым салды, ал зерттеле қалғандары сыңаржақ бағаланып, тарихи шындық тұрғысынан бағалауға мүмкіндік бермеді[1].

Сталиндік тоталитарлық жүйенің тар қыспағында жүріп, өз елінің өркендеуі жолында аянбай еңбек еткен Алаш қайраткерлерінің игі істеріне баға беру болашақ жас ұрпақты рухани және саяси тұрғыдан тәрбиелеу үшін аса маңызды болмақ. Кеңестік биліктің ұлт зиялыларының есімдерін халқымыздың жадынан мәңгілік өшіруге ұмтылған әрекетінің салдарынан осы кезге дейін ғылыми тұрғыдан игерілмей келе жатқан тақырыптар да, тұлғалар да аз емес. Өткен ғасырдың басында ұлт үшін өлшеусіз қызмет жасаған, бірақ, өзінің тарихи бағасын әлі де болса ала алмай келе жатқан, күні бүгінге дейін есімі көмескі аталып келген осындай тұлғалардың бірі – Садықбек Сапарбеков. Оның өмірі мен қоғамдық-

саяси қызметін, жалпы тұлғасын танытуда С. Тілеуқұлов, Г. Тілеуқұлов, Р. Нәдіров, Б. Қойшыбаев, Е. Жалмағамбетов, Х.М. Тұрсын және т.б. зерттеушілердің еңбектерін атаған жөн [2,101б.].

Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатының деректерінен Алаш қайраткері И.Тоқтыбаевтың өмір жолынан мынадай мәліметтерді кездестіреміз: Иса Тоқтыбаев 1884 жылы Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданындағы Қараөзек елді мекеніндешаруа отбасында дүниеге келген. 1904-1908 жылдары ол Перовскідегі орыс-қазақ мектебін бітіргеннен кейін жоғары бастауыш орыс училищесіне оқуға түсіп, оны 1912 жылы бітіреді. Сол жылы Ташкент қаласындағы төрт кластық мұғалімдер семинариясына оқуға түседі.

1917 жылы мұғалімдер семинариясын «өте жақсы» деген бағалармен бітіріп шығады. 1918 жылы И.Тоқтыбаев Түркістан Кеңес Республикасының Орталық Комитетінің мүшелігіне сайланып, 1919 жылы ақпанда большевиктер партиясы қатарына қабылданады. Сол жылы қарашада тұңғыш рет Орталық Азия мен Қазақстан халықтарының ағарту институты құрылғанда оған Үкімет осы жоғары оқу орнын ұйымдастыруды және басшылық жасауды жүктейді. 1918 жылы Т.Рысқұлов, Н.Төреқұлов, С. Қожанов сынды алаш қайраткерлерімен қатар Түркістан өлкесіндегі халықтарды ашаршылықтан аман алып қалу күресінде жетекшілік етіп белсенділік танытты.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі алғашқы он жылдықтағы қазақ халқының және Қазақстан ауыл-селоларындағы мәдени құрылыстағы оқиғалар мен іске асырылған өзгерістер туралы мәселе - тарихымызда әлі толық анықтала қоймаған күрделі мәселе. Мәдени құрылыс атауына ие болған бұл құрылыстың бір тармағы республикамыздағы сауатсыздықты жою болып табылады. Сауатсыздықты жою науқанына қатысушы топтың бірі Қазақстан жастары мен ұйымдары болды [3]. Осы ретте халқымыздың сауатын ашу бағытында еңбек еткен И.Тоқтыбаевтың қызметін атап өткен жөн. Мәселен, қысқа мерзімді оқу курстарының ашылуы, оқу курсының қазақ бөлімінің ашылуы, нәтижесінде оның басшылығымен 1918 жылы желтоқсан айында орыс педагогикалық училищесінің жанынан қазақ педагогикалық училищесі ашылады және бұл училищеде Ш. Сарыбаев, Ғ. Мұратбаев, Х. Досмұхамедов сияқты қазақ зиялылары дәріс берді. Аталған науқанға байланысты Түркістан өлкесінде 734 мектептер жаңадан бой көтерсе, соның 30 пайызы қазақ мектептері болды. Жаңадан ашылған қазақ мектептеріне И.Тоқтыбаев басшылық еткен қазақ педагогикалық училищесінің түлектері мұғалімдік қызметке жіберіліп отырды. Ал, 1920 жылы 13 тамызда өткен Сырдария облыстық партия комитетінің бірінші съезінде сол кездегі Түркістан өлкелік партия комитетінің хатшысы Нәзір Төреқұловпен бірге қазақ ғылыми комиссиясының және көшпенді халықтарға білім тарату жөніндегі комиссияның төрағасы ретінде И.Тоқтыбаев та қатысады және осы съезде ол облыстық партия комитетінің құрамына ұсынылып, үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі әрі бюро мүшесі болып сайланады. Аталған қызметте жүріп И. Тоқтыбаев Оңтүстік Қазақстан облысының құрылып қалыптасуына мол еңбек сіңірді [4].

1920-1922 жылдары Исаағамыз «Ақжол» газетінің редакторы болып тағайындалады. Оған дейін бұл қызметті Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Сұлтанбек Қожанов атқарған еді. Оған ұлтшыл-алашордашы деген саяси айып тағылды. Содан бастап И.Тоқтыбаев Түркістан Кеңес Республикасы тұрғындарының арасында үлкен беделге ие бірден-бір көрнекті қайраткерге айналады. Басылым редакторы болумен қатар И. Тоқтыбаев теориялық журнал «Қызыл Қазақстан», саяси-қоғамдық басылымдар «Шолпан», «Сәуле», «Сананың» сарапшысы болды. 1922-1925 ж. «Шолпан» журналының, «Ақ жол» газетінің редакторы, Семейдегі «Қазақ тілі» газетінің редакторы қызметтерін атқарады. Бұл басылымдар Орта Азиядағы қазақ халықтарының саяси дамуында үлкен рөл атқарғаны белгілі. Ал, И. Тоқтыбаевтың аталған басылымдарға басшылық жасауы халқымыздың рухани-мәдени дамуына оң ықпалын тигізді. Қайраткердің 1923 жылы Ташкент қаласында басылып шыққан «Түркістан», 1927 жылы Қызылорда қаласында жарық көрген «Газет оқы, кітап оқы» сияқты

еңбектерінің маңызы болғандығын атап өткен ләзім. Әсіресе,

«Ақжол» газетінің редакторы бола жүріп, сонымен қатар, теориялық журнал «Қызыл Қазақстан», саяси-қоғамдық басылымдар «Шолпан», «Сәуле», «Сананың» сарапшысы болған. Сондай-ақ, ол бір жағынан өлкелік комитеттегі баспа секторының меңгерушісі де еді. Кейіпкеріміз сонымен қатар қазақ интеллигенциясының шығармашылығына ерекше көңіл бөліп отырған. Оны И.Тоқтыбаевтың халық ақын-жыраулары Тұрмағамбет Ізтілеуов пен Омар Шораяқовтың еңбектерін “Ақжолға” ұсынып, редакция қызметкерлерін қазақтың мәдени мұраларын жинап, қорғауға белсене қатыстыру үшін оларды 40 түйемен ел ішіне жіберген.

Әдебиеттер тізімі

1. Алаш зиялылары қызметінің зерттелуі /<https://syrboyi.kz/tarih/19377-alash-ziyalylary-yzmetn-zerttelu.html>
2. Тилеукулов Г.С. Жазықсыз жазаланған тұлғалар. Ташкент, 2000ж.-Б.101-103.
3. Назарбаев Н.Ә. «Тарих толқынында». Алматы: Атамұра. 1999. 298 б.
4. Сайлан Б.С. Қазақстан жастарының 1920-30 жылдардағы сауатсыздықты жою науқанына қатысуы//Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы № 1 (61), 2008.Резюме
5. Кайрат Кетебаев. "Кызылординские вести", 30 мая 2012года

Аннотация

В статье раскрывается насильственная природа советской власти ,воссоздается объемная картина героической борьбы народов Казахстана и Средней Азии за национально-государственное самоопределение в переломном периоде 1917 года , определившим магистральные направления общественного развития на не одно десятилетие.В этом ракурсе интересна для понимания деятельность общественно-политической личности Исы Токтыбаева, одного из общественно-политических деятелей,служивших народу в начале прошлого века, но до сих пор не получившего исторической оценки . С целью изучения его жизни и общественно-политической деятельности, его личности были изучены работы авторов С. Тлеукулов, Г. Тлеукулов, Р. Надиров, Б. Қойшыбаев, Е. Жалмагамбетова и других, Наряду с обзором работ исследователей, основанным на данных Областного государственного архива Туркестанской области.. В статье представлены новые сведения о жизни одного из лидеров Алаша Аблая Сергазиева. Представители туркестанской политической элиты высоко оценили выдающихся национальных интеллектуалов в интересах нации, таких как Турар Рыскулов, Н. Турекулов, С. Кожанов.Известно, что Санжар Асфендияров оказал большую поддержку и вместе с ними смог сформулировать концепцию модернизации в Республике Туркестан и осуществить конкретные политические действия. и, встреча с такими людьми, как Иса Токтыбаев Сегодня факт, что борьба за национальное освобождение против колониального гнета среди местного населения способствовало формированию его политических взглядов.

Abstract

The article reveals the violent nature of Soviet power, recreates a three-dimensional picture of the heroic struggle of the peoples of Kazakhstan and Central Asia for national-state self-determination in the turning point of 1917, which determined the main directions of social development for more than one decade. From this perspective, it is interesting to understand the activities of the public and political personality of Isa Toktybaev, one of the public and political figures who served the people at the beginning of the last century, but has not yet received a historical assessment. In order to study his life and social and political activities, his personality, the works of the authors S. Tleukulov, G. Tleukulov, R. Nadirov, B. Koyshybaev, E. Zhalmagambetov and others were studied. archive of the Turkestan region .. The article presents new information about the life of one of the leaders of Alash Ablai Sergaziev. Representatives of the Turkestan political elite highly appreciated outstanding national intellectuals in the interests of the nation, such as Turar Ryskulov, N. Turegulov, S. Kozhanov. It is known that Sanzhar Asfendiyarov provided great support and together with them was able to formulate a concept of modernization in the Republic of Turkestan and carry out concrete political actions. and, meeting with people like Isa Toktybaev. Today it is a fact that the struggle for national liberation against colonial oppression among the local population contributed to the formation of his political views.

The article discusses the life and work of the representative of the Kazakh intelligentsia of the twentieth century, Isa Toktybaev, who stood at the origins of the creation of the Komsomol youth organization in Kazakhstan, and also took an active part in the educational activities of Turkestan.

УДК 37.013:811.161.1

А.К. Мырзабекова

к.ф.н., ст. преподаватель, ЮКУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

ЗНАЧЕНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РУССКОГО ЯЗЫКА В РАЗВИТИИ ДИАЛОГИЧЕСКОЙ И МОНОЛОГИЧЕСКОЙ РЕЧИ СТУДЕНТОВ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ «БВ07310 – АРХИТЕКТУРА»

Аннотация

В статье рассматривается роль профессионально-ориентированного обучения в развитии диалогической и монологической речи на русском языке. Представлены основные виды работы с профессионально-ориентированным текстом, описаны виды упражнений и приемы работы с текстом, а также преимущества применения специализированных текстов на занятиях по профессиональному русскому языку в техническом вузе. Использование текстов на занятиях способствует тренировке навыков устной и письменной речи, пополнению словарного запаса студентов. Чтение и понимание профессионально-ориентированных текстов на русском языке развивает познавательную и коммуникативную деятельность обучающихся.

Ключевые слова: формирование иноязычной личности, профессиональная подготовка, профессионально-ориентированный текст, обучение, диалогическая речь, монологическая речь, профессиональный русский язык, упражнение, развитие, общение.

Введение

Профессионально-ориентированное обучение в настоящее время занимает одно из лидирующих мест образования в высшей школе, поскольку возрастает роль общения на русском языке в профессиональной сфере. Подготовка специалистов в технических вузах затруднительна без знания русского языка. Профессионально-ориентированное обучение русскому языку направлено на повышение мотивации студентов в изучении не только русского языка, но и самой профессии.

Профессионально-ориентированное обучение русскому языку является важным направлением в становлении бакалавров нефилологических вузов. Возникла проблема новой точки зрения на процесс образования и подготовки профессиональных кадров. Профессионал, говорящий на русском языке, имеет больше преимуществ на современном казахстанском рынке труда. В настоящее время назрела проблема овладения не только специальными знаниями, умениями и навыками, но и навыками общения на профессиональном русском языке.

Теоретический анализ. В статье затрагивается вопрос обучения студентов образовательной программы «БВ07310 – Архитектура» профессиональному русскому языку, а именно монологической и диалогической речи. Монологическая и диалогическая речь обучающихся может быть подготовленной и неподготовленной. Если у студента есть достаточно времени для обдумывания содержания и формы речи, то это подготовленная речь. Он может говорить на тему следуя плану, составленному дома самостоятельно или в аудитории под руководством преподавателя. В таком случае речь обучающегося будет более или менее правильной. Когда студент говорит без предварительной подготовки, его речь, скорее всего, будет недостаточно свободной. Подготовленной и неподготовленной речи следует уделять достаточно внимания с самого начала обучения профессиональному русскому языку. На начальном этапе будет преобладать подготовленная речь, а на последующих – неподготовленная. Цель обучения русскому языку заключается в развитии

неподготовленной речи обучающихся.

В научных трудах многих исследователей затронута тема профессионального обучения. Так, описана проблема обучения профессионально-ориентированному чтению студентов технических профессий [1, с. 132]. Чтение – это процесс декодировки символов, который направлен на понимание текста [2, с. 200]. Чтение – одно из средств освоения профессионального русского языка, общения, обмена информацией, следовательно, и развития монологической и диалогической речи.

Вербальная коммуникация может быть представлена монологом и диалогом [3, с. 117]. Источником информации в данном случае выступает говорящий. Диалог – форма речи, при которой происходит обмен высказываниями (сообщениями, репликами). Языковые особенности диалога – это наличие повторов, неполнота реплик, вопросительные и побудительные предложения. Диалог – это обмен информацией или мнением с целью урегулирования межличностных отношений. Диалогическая речь оказывает положительное эмоциональное воздействие на коммуникантов [4, с. 39].

Монолог – это речь одного коммуниканта. К данному виду речи относят сообщения, отчеты, лекции. Монолог – развернутый и организованный вид речи, т.к. говорящий должен структурно продумать сообщение, а не использовать отдельные высказывания.

Целью преподавания профессионального русского языка в неязыковых вузах является формирование иноязычной коммуникативной личности. В этой связи изучение русского языка требует профессиональной специфики, нацелено на овладение будущей профессией. Преподаватель ставит перед студентами цель не только овладеть навыками говорения на русском языке, но и приобрести знания в выбранной профессии.

Перед преподавателем профессионального русского языка в техническом вузе встает ряд проблем:

- разный уровень владения студентами русским языком;
- определенное количество часов, отводимых на освоение дисциплины «Профессиональный русский язык»;
- отсутствие мотивации и потребности у студентов неязыковых направлений подготовки в изучении профессионального русского языка.

Все эти факторы влияют на достижение высокого уровня овладения студентами профессиональным русским языком. Также надо обратить внимание на то, что чтение профессионально-ориентированной литературы и текстов имеет определенные сложности. К ним следует отнести широкий спектр лексического материала, более сложное содержание, наличие терминологии, наличие в текстах более сложных грамматических конструкций.

Решение этих трудностей возможно при более эффективном использовании текстов профессионально-ориентированной направленности, развитии навыков чтения, правильно организованной самостоятельной работы студентов. Предложенный студентам материал должен носить лично значимый характер, т.е. представлять для них интерес, а также соответствовать уровню владения русским языком, иметь профессиональную направленность, повышать мотивацию студентов и развивать их творческие способности.

В данном случае преподаватель неязыкового вуза сталкивается с проблемой. Он должен владеть не только знаниями по русскому языку, педагогике, методике преподавания, но и знаниями в специальной профессиональной области. Преподаватель должен изучить специальную лексику и терминологию данной профессиональной области.

Для решения поставленной задачи предлагается несколько путей:

- использование материалов, которые помогают познакомить студентов с выбранной профессией;
- введение на занятиях по профессиональному русскому языку ситуаций и упражнений, в решении которых студенты применяют знания, полученные на специальных дисциплинах;
- проведение занятий с преподавателями-предметниками (консультирование) [5, с. 12].

Профессиональный русский язык – это неотделимая часть базовой профессиональной

подготовки студентов. Профессионально-ориентированное обучение формирует коммуникативные умения у обучающихся, что позволит им осуществлять общение на профессиональные темы на русском языке.

Преподаватель на занятиях по профессиональному русскому языку создает условия для профессиональной деятельности. Студентам неязыковых вузов предлагаются следующие виды учебной деятельности: чтение специальной литературы, составление официально-деловых писем, научно-исследовательская деятельность (составление докладов, публикация научных статей на русском языке).

Многие исследователи говорят о важной роли чтения профессионально-ориентированных текстов при обучении профессиональному русскому языку. Текст – это речевой продукт носителей языка. Текст фиксирует письменную и устную речь. Нужно уделять внимание работе с текстом при обучении фонетике, лексике и грамматике, а также при обучении чтению, говорению, письму и аудированию.

Чтение профессионально-ориентированных текстов предполагает понимание и извлечение информации. Главная цель, которая стоит перед преподавателем, – сформировать у студентов умение работать с аутентичной литературой и профессионально-ориентированными текстами на русском языке.

Экспериментальная часть. Для формирования у студентов навыков диалогической и монологической речи на профессиональном русском языке посредством профессионально-ориентированного обучения преподаватель может предложить им следующие упражнения: чтение и перевод оригинальных текстов из газет, журналов и книг по специальности; для студентов с более высоким уровнем владения русским языком подготовка докладов по теме «Русский деловой этикет»; подготовка визуальных презентаций по профессиональным темам; участие в студенческих научно-практических конференциях.

Обучение чтению и переводу текстов с русского на родной язык занимает одно из первых мест. Перевод текстов связан с необходимостью более точно передать смысл текста с одного языка на другой. Более точная передача информации способствует правильному выполнению упражнений.

Перед работой с текстом преподавателем вводится новая лексика. В данном случае будет уместна работа со словарем, это важный этап в процессе понимания текста. Поиск перевода новых слов тренирует память студентов и нацелен на запоминание лексики. Работа с текстом может быть задана как самостоятельное обучение и в аудитории, и дома. Преподаватель подбирает тексты с профессионально-ориентированной направленностью. Например, такой текст: «Архитектура – весьма сложное и многостороннее явление. Прежде всего это материальная среда в виде разного рода зданий, сооружений и их комплексов, предназначенных для удовлетворения практических потребностей человека. Вместе с тем архитектура является особым искусством, которое способно выражать общественные идеи и доставлять людям эстетическое наслаждение. Архитектура – это область деятельности, имеющая задачей создание искусственной пространственной среды, в которой протекают все жизненные процессы общества и отдельных людей – труд, быт, культура, общение, отдых и пр. Как сфера материального производства архитектура опирается на строительную технику, как материальная среда отражает социальные условия жизни общества, как искусство оказывает глубокое эмоциональное воздействие на людей. Содержание архитектурных произведений многогранно. Оно имеет социально-функциональную, эмоциональную и художественную стороны, выраженные в материально-пространственных формах. Архитектурное проектирование зданий, сооружений и их комплексов осуществляется в соответствии с функциональными требованиями, физическими законами и законами красоты. Являясь одновременно продуктом художественного и технического творчества, архитектура требует взаимосвязанного решения художественных и инженерных проблем. Средствами архитектуры как искусства являются пространство и архитектурно-конструктивные формы

оболочивнутренних пространств, защищающей их от воздействий внешней среды. Произведениями архитектуры являются здания различного назначения, отдельные фрагменты городской застройки и пространственная организация городов в целом, инженерные сооружения (мосты, радио- и телевизионные башни, трубы и т.п.), а также сооружения, предназначенные для художественного обогащения и благоустройства внешнего пространства (монументы, набережные, террасы). Архитектура формирует материальную среду жизнедеятельности людей в соответствии с материально-техническими и экономическими возможностями общества и его потребностями. На основе использования результатов ряда научных дисциплин (демографии, социологии, антропологии, эргономики, климатологии, строительной физики и строительной механики и др.), их системного анализа и обобщения формируются основы научной методики проектирования зданий и сооружений.

Создание полноценных архитектурных произведений достигается при творческом содружестве архитекторов, инженеров-строителей, инженеров-технологов» [6, с. 4].

К тексту следует подобрать дополнительные упражнения. Во-первых, это могут быть вопросы. Их может задавать как преподаватель, так и студенты, которые разделены на группы или пары. Это дает возможность обучающимся вступать в диалог. Таким видом учебной деятельности преподаватель развивает диалогическую и монологическую речь студентов, причем как письменную, так и устную. Чтобы ответить на вопросы, студенты могут еще несколько раз просматривать текст. При ответах на вопросы у студентов накапливается лексический запас по заданной теме. Этот вид работы способствует преодолению языкового барьера между студентами.

Во-вторых, следующим видом работы с текстом может быть дополнение предложений. Преподаватель читает начало или конец предложения, а студенты должны как можно быстрее отыскать это предложение в тексте и прочитать его полностью. Это упражнение тренирует навыки чтения на русском языке и навыки устной монологической речи студентов. Между студентами возникает дух соперничества и каждый из них просматривает текст и читает предложения на русском языке. Как при ответах на вопросы, так и при дополнениях предложений у студентов тренируется визуальная память. Это становится положительным фактором в запоминании русских слов.

Разделив студентов на пары, преподаватель предлагает им задание в виде составления вопросов и нахождения ответов к ним. Студенты в данном упражнении обмениваются мнениями по правильности составления вопросов. Таким образом, у обучающихся тренируются грамматические навыки, повторение правил по составлению вопросов на русском языке. В этом виде учебной деятельности у студентов тренируются навыки диалогической речи.

Для пополнения словарного запаса преподаватель предлагает студентам такое задание, как поиск эквивалентов с русского на казахский язык и наоборот. Эквивалентами могут выступать слова, словосочетания и предложения. Эквиваленты могут быть относительными и абсолютными. Абсолютными эквивалентами называют слова с нейтральной стилистической окраской, указывающие на какой-либо предмет и имеющие одно лексическое значение. К относительным эквивалентам относят слова, имеющие два и более лексических значения. После поиска эквивалентов можно предложить студентам составить предложения с этими словами.

Следующее задание, которое преподаватель может предложить обучающимся, – это сопоставление эквивалентов на русском и родном языках. В этом случае у студентов тренируются навыки монологической речи и произношения лексем.

Преподаватель предлагает обучающимся упражнение на составление диалога. Группу делят на пары. Студентам предлагается разыграть диалоги. Возникают неформальные интервью, когда один студент выступает интервьюером – задает вопросы, а второй отвечает по профессиональной теме. У обучающихся формируется багаж лексики по их профессиональным темам и происходит тренировка в произношении слов на русском языке,

а также в построении диалогической речи.

Данные упражнения являются наглядным примером тренировки монологической речи. Студенты произносят слова, словосочетания, предложения. При ответах на вопросы и работе в парах у студентов тренируются навыки устной диалогической речи.

Овладение профессиональной лексикой поможет обучающимся в общении на русском языке не только на бытовые, но и на профессиональные темы.

Выводы. Профессионально-ориентированное обучение русскому языку направлено на формирование навыков чтения, письма, говорения, аудирования в профессиональной сфере. Эти виды учебной деятельности связаны между собой, письмо невозможно без аудирования, а аудирование без говорения. Под говорением подразумевается монологическая и диалогическая речь. Профессионально-ориентированное обучение в техническом вузе является важным звеном в овладении русским языком. Использование специальных текстов на занятиях развивает устную и письменную речь студентов на профессиональном русском языке, пополняет их словарный запас. Таким образом, работа с профессионально-ориентированными текстами направлена на развитие монологической и диалогической речи обучающихся.

Список литературы

1. Царевская И.В., Журавлева Н.С. Профессионально-ориентированное чтение как средство подготовки специалистов в неязыковом вузе // Вестник Московского государственного университета культуры и искусств. – 2014. – № 4 (60). – С. 131-135.
2. Царевская И.В., Журавлева Н.С. Коммуникативные задачи обучения иностранному языку в неязыковом вузе // Вестник Московского государственного университета культуры и искусств. – 2014. – № 6 (62). – С. 198-201.
3. Щербакова И.В. Понятие и сущность вербальной коммуникации // Труды Международной научно-практической конференции «Инструменты современной научной деятельности». – 2016. – С. 116-119.
4. Володина М.С., Ковальчук Н.В. Проблема представления голоса в тексте блога: фреймы, средства выражения, интерсубъективность // Балтийский гуманитарный журнал. – 2019. – Т. 8. – № 1 (26). – С. 39-42.
6. Матухин Д.Л. Профессионально-ориентированное обучение иностранному языку студентов лингвистических специальностей // Язык и культура. – 2011. – № 2. – С. 11-14.
7. Архипова Л.В. Русский язык: Сборник текстов и упражнений по спецлексике для студентов-иностранцев инженерно-строительного профиля: Учебно-метод. пособие. – Тамбов: Изд-во Тамб. гос. техн. ун-та, 2002. – 48 с.

Түйін

Мақалада орыс тілінде диалогтық және монологтық сөйлеуді дамытудағы кәсіби бағдарланған оқытудың ролі қарастырылады. Кәсіби-бағытталған мәтінмен жұмыстың негізгі түрлері көрсетілген, мәтінмен жұмыс істеуге арналған жаттығулар мен әдістемелердің түрлері сипатталған, сонымен қатар техникалық университеттегі кәсіби орыс тілі сабақтарында кәсіби-бағытталған мәтіндерді пайдаланудың артықшылықтары көрсетілген. Мәтіндерді сабақта пайдалану оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға, сөздік қорын толықтыруға ықпал етеді. Орыс тілінде кәсіби бағытталған мәтіндерді оқу және түсіну студенттердің танымдық және коммуникативті әрекетін дамытады.

Abstract

The article examines the role of professionally oriented teaching in the development of dialogical and monologue speech in Russian. The main types of work with professionally oriented text are presented, the types of exercises and techniques for working with text are described, as well as the advantages of using professionally oriented texts in professional Russian language classes at a technical university. The use of texts in the classroom contributes to the training of skills in oral and written speech, replenishment of the vocabulary of students. Reading and understanding professionally oriented texts in Russian develops the cognitive and communicative activities of students.

ӘОЖ: 81'38 (574)

Ж.Оразова

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің магистранты, Шымкент, Қазақстан

Ә.КЕКІЛБАЕВ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ТҮРҒЫДА ТОПТАСТЫРЫЛУЫ

Аңдатпа

Көрнекті жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері, публицист Ә.Кекілбаев көркем әдебиетпен бірге туып, қалыптасып, өсіп өркендеп келе жатқан әдеби шығармашылықтың бір тармағы болып келетін публицистикада ерен еңбек етті. Қаламгерлердің қай-қайсысының да шығармалары көркемдік деңгейі жоғары, рухани жағынан бай, заман талабына сай келген туындылар. Өйткені ол егеменді еліміздің барлық саяси өмірі мен қоғамдық шаралар, қоғамның тыныс-тіршілігінен хабардар болды және оны халыққа көркем сөз арқылы жеткізе білді.

Оның публицистикасында тәуелсіздік тақырыбы, тәуелсіздік құндылықтар жай сезімнің емес, терең ойдың, данышпандықтың, ақыл-парасаттың аясында берілді. Қоғамдағы қайшылықты көрсетіп, тәуелсіздікке қол жеткізу, қоғамның саяси-мәдени салаларына елеулі өзгерістердің енуі, мемлекетіміздің іргелі ел болып қалыптасуы жазушы-публицист шығармаларының арқауы болды.

Кілттік сөздер: қазақ журналистикасы, публицистика, публицист, сыншыл, көсемсөзгер.

Әбіш Кекілбаев – қазақ журналистикасының өрісін кеңейтуге зор үлес қосқан көсемсөзгер. Оған дәлел публицистикалық мақалалары. Мәселен, «Азат елге ағайын көп» тақырыбындағы Герман-Париж очеркі – саяси салмақтылық жүгін атқарған ресми очерк. Еларалық – дипломатиялық мінез, алғашқы батыс барлауының байсалды қадамын аңғартады. *«Біздің ең басты игілігіміз – тәуелсіздігіміз. Тәуелді болсақ, бізбен Бонн мен Париж бұлай сөйлесер ме еді?! ...Өзгелермен ықпалдас болу үшін тек тәуелсіздік керек. Азат елге ағайын көп»* [1, 372 б.], – деген шегедей шешім қабылдап, ел қадамының нұрлы сәулесіне қуанышты үн қосады.

Жалпы Әбіш Кекілбаевтың сапарнама очерктерінде тартыс-қақтығыс, айтыс-шабыс, қайнаған еңбек, қалшылдаған егін комбайны жоқ. Себебі тұлғалық тұғырдан жоғары бағаланған бұл очерктердің типтік образы ұлттық, еларалық, саяси-мәдени ауқымды қамтығандықтан, *«Әлеуметтік, экономикалық астары терең, өзекті факті ғана очеркке негіз бола алады»* [2, 56-б.], – деген Төлеубай Ыдырысовтың пікіріне сүйене келе, салыстыру, теңестіру элементтерін көркем көсемсөз (көркем публицистика) деген байламына тоқталамыз. Егер де «Очерк – әрі көркем, әрі публицистикалық жанр», – деген Т.Қожакеевкесүйенсек, Әбіш Кекілбаевтың алдыңғы бөлімдерде аталған очерктерінің нысанасы адам емес, қоғам, әлеумет, сондықтан да оның көркемдік салғастыру мүмкіндігі жоғары. Алайда, Әбіш Кекілбаев көсемсөзінің күрделі қойнауында портреттік очерктер топтамасы да ұланғайыр жазу еңбегінің шеберханасын молайтқан.

Сан қырлы Әбіш Кекілбаев – портреттік-тұлғалық очерктерінде қаншама асыл азаматтардың абзал қасиеттерін, өмірі қызметтік жолын, қаламгерлік өнерімен, сөзгерлік шеберлігімен танымдық талантарын аша түседі. Мәселен, бұны былайша жүйелеуге болар еді: *Танымал тарихи тұлғалар; Кино, сахна, өнер қайраткерлері; Қаламгер, суреткер жазушылар, зерттеуші, ғалым ұстаздар.*

Бұлар – әр жылдар, әр ғасыр, әр кезең, әр дәуір, түрлі қоғам өкілдері болғанымен, адамгершілік пен арман-тілектері бір арнаға тоғысқан жандар. Елдік пен ерлік қасиеттерінің өзіндік тарихи орны бар. Танымал тарихи тұлғалар, тарландар мен қоғам қайраткерлері. Олар туралы ғалым сөзгер тарихи естелікпен лайықты бағасын беріп, танымына сәйкес ғылыми пікірін білдірген. Мәселен, Олжас Сүлейменов туралы айтқанда, *«Ол – ақын. Олжас – сыршыл. Ол өз творчествосында бұра сөйлеудің орнына тура сөйлеп, бүгін сөйлеудің орнына біліп сөйлеп келеді»* [3], деен; Композитор Ахмет Жұбанов туралы айтқанда, *«Ахмет*

Жұбанов – қазақтың тұңғыш профессионал музыканты, тұңғыш профессионал музыка педагогы, тұңғыш профессионал музыка зерттеушісі, тұңғыш профессионал дирижері, тұңғыш профессионал композиторы, тұңғыш өнер ғылымының докторы, тұңғыш профессоры» [4, 25-б.] деген. Осындай ғұлама даналардың даралық келбетін көсемсөзбен кестелеп, дәуір талантының кескінін жасайды. Шындық дүниесінде шыр айналған өнер жампоздарының жағымды образын кейінгі ұрпақ санасына құйып, өскелең үлгінің пирамидасын жасайды. Оның ұлт тарихындағы, ел өміріндегі мұраларын, ертеңгі күнге әкелер тәлімдік, тәрбиелік маңызы қымбат көркем руханилығын насихаттайды. Мәселен, «Дүниеге қазақтың тұңғыш оркестрі келді», «қазақтың музыка мәдениетіне сан ұрпақ музыканттар, ...зерттеуші ғалымдар тәрбиелеп қосты» [4, 27-б.], – деп оның ұстаздық ұлағатын, елге сіңірген ерен еңбегін заман тұрғысынан бағалайды.

Ақын Қасым Аманжолов туралы айтқанда, «Қасым ұзақ өмір сүрмесе де, өзегін жарып өлеңдеріне ұзақ өмір сыйлады» [4, 34-б.], деген; Өмірбек Жолдасбеков – «Қазақ рухының нағыз Геркулесі еді. ...Оның шәкірттері қазақ даласының қиыр-қиырында, әр ауыл, әр шаңырағында жаңа ғасыр мен жаңа мыңжылдықтағы ұлттық болмысымыздың іргетасын қаласып жатыр» [4, 52 б.], деген; Лев Толстой – «Ұлы суреткер өз эпопеясында тек бір ғана мемлекеттің тарихында маңызды орын алатын, тек бір ғана дәуірдің күрделі әлеуметтік шындығын қамтитын оқиғаның жай-жапсарын суреттеп қоймай, күллі адамзат қоғамының басындағы бақ пен маңдайындағы сорды ашып берді» [5], деген; Сондай-ақ «*Fabum Mүсірепов мектебі* – халық парасаты мен тарихи күрестерге толы өз дәуірінің өзекті, идеялық, саяси, рухани ізденістері» [6]. «Мүсірепов суреткерлігін сүйекті етіп тұрған да: ол көтеретін проблемалардың әлеуметтік салмағы, ол суреттейтін кейіпкерлердің азаматтық кемелділігі, ол ұсынар ойдың тарихи пайымдылығы» [6]. «*Мүсірепов өмірі* – өнегелі өмір. Өнегелі болатыны күрескер өмір. *Мүсірепов өнері* – өміршең өнер. Өміршең болатыны – шыншыл өнер» [6]. Осындай сыршыл да, сыншыл, талантты да, талғамды өнер иелерінің жұртшылық алдындағы азаматтық парызына адалдықтарын, замана шежіресіндегі айбарлы мінез құлықтарын, қоғамдық құбылыстармен салғастыра отырып, ел үшін туған ұлт қамын жеген ардалар екенін айшықтап береді. Бұл Әбіш Кекілбайұлының сөзгерлік суреткерлігін, әлеуметтанушылығын аша түседі.

Публицист Әбіш Кекілбаев Сұлтанмахмұт Торайғыров туралы айтқанда, «Жемісті жолға бастай алар көсем пікірлігі жағынан, ұлттық ойлау жүйемізді басқалармен тайталаса алар рухани естиярлыққа көтеріп берген ұстаздығы жағынан Сұлтанмахмұт Абайға ерекше жақын тұр, ерекше етене тұр. Ендеше қазақ рухының кеңістігінде Абай екеуінің орны бір төбе [4, 213-б.], деген; Құрманғазы «ұлтымыздың арғы-бергі сазгерлік өнеріндегі... етене үлгі, орталық тұлға, тиянақ тірек, бірден-бір нысана нышан Құрманғазы десек, ақиқаттан алшақ, әділеттен жаңсақ кетпейміз деп білеміз» [4, 224-б.]. Демек, Абай – «сөз құдіретіміз», Құрманғазы – «күй құдіретіміз». Демек, бұл түйіндер қоғамдық емес, өмірдің өз шындығы. Қилы заман қиянатын бастан өткерген, қиыр кезіп, қиялап өмір сүрген рухы мықты, өнері өр жандардың тағдырмен тайталасып, сүрінсе де жығылмай, жалған дүниенің ащы кермегін татып, еліне, халқына, тәтті күй, әсем ән, мәдени мәйек, әдеби тірек сыйлаған азат, тәуелсіз санагерлердің еңбектері қазіргі таңның қадірлі қазынасына айналды. Әбіш Кекілбайұлы осы идеяны көтере отырып, оны өз тарапынан да өзгелерге дәріптей алды.

Көсемсөзгер Әбіш Кекілбаев Мұхтар Әуезов туралы айтқанда, «Дүниеге қазақ перзенті болып туып, адамзат перзенті болып аттанған М.Әуезов тағдыры – талай ақиқатқа қапысыз көз жеткізетін тағылым мектебі. Заманмен бірге тебіреніп, мәңгілікпен үндесе білудің айқын көрінісі» [7], деген; Нұрғиса Тілендиев – «Нұрғисаның қолына домбыра тисе, теңіз төрінде дауыл көтерілгендей, алай мен дүлейдің аласапыранына түсіп, дирижер Нұрғисаның қолына оркестр тисе, Алатау жапырылып, Атлант сапырылып кеткендей, аламан-асырдың астында қалдырып, композитор Нұрғиса билік алса, аспан ашылып, шуақ шашылып, дүние жарқырап жүре беретін...» [4, 37- б.], деген; Ахмет Байтұрсынұлы – өз арманы жолында арыстанның

аузына, зымыстанның түбіне бара жүріп, халқына қалтқысыз еңбек сіңіре білді. Елдің арасына алалық кіргізетін айтыс-тартыстан аулақ тұрып, тек қана ұлттық мүддеге қызмет етті» [8], деген; Демек, Әбіш Кекілбаев тұлғалар төңірегінде толғаныс тудырса, заман жайында шежіре шерткені. Ұлт мақтаныштарын ұлықтау арқылы қазақ халқының сайын даласындағы өмір көшін, ілгерілеу дәуірін, психологиялық ерекше тағдырлар жиынтығын атап көрсеткен. Заманның тума талант иелері мен халықтың жанашыр азаматтарының шоқтығы биік мұнарасын көсемсөзбен тұрғызып берген. Олардың өмір жолы, өнер өрісі, өрелі мінезі елімен сабақтас, халқымен өзектес деген рухани белестегі мағыналы ой тереңдігіне тоқталған. Қоғам, өнер қайраткерлерінің атына сөз құдыретімен өшпес пікір, қағидалы қанатты жылы лебіз қалдырып, «Әбіш олар туралы былай деген» сияқты ғылыми тұжырым, бағалы ой қалдырып отырған.

Әбіш Кекілбаевтың барлық жанрдағы роман, поэзия, повесть, сапарнама туындылары түрге бай. Барлық еңбектеріне ортақ бір мәселе – әлеуметтік-психологиялық ыңғайда өріс алады да философиялық толғаумен шығарма фонын арттыра түседі. Әлеуметтік, көпшілік тұрғысындағы ой тұжырымын кейде астарлап, кейде ашық түсте айқын беріп отырады.

Әбіш Кекілбаевтың сұхбат беру, сұхбаттасу өнері – нағыз көсемсөздіктің кең өзектілігін аша түседі. Кез келген тақырыпты жан-жақты қамтып, арысы қалыптасу тарихы, бергісі қаншалықты мазмұнды, бүгіндері несімен әсерлі екендігі тұрғысындағы ойтұжырымдарының жемісін «екі тізгін, бір шылбырмен» тең ұстап тебірене шертіп, шідері ағытылған тұлпардай, томағасы сыпырылған қырандай қалықтап ала жөнеледі. Сұхбаттасушысы Әбіш Кекілбаев рухымен бірге шалқып, мұнарланған мұхит айдынында бірге жүзіп отырады. *Сөйлеуші шешен болса, тыңдаушы да арқаланып, шабытына қайрат, ойына тамызық тауып, үзеңгі жолдас, сыпайы сырласқа айналары сөзсіз.*

Оған дәлел, біріншіден, саяси көзқарасы, экономикалық ой тиянағы қалыптасқан әрі жалпы әлеуметтік ахуалды кәсіби деңгейде бақылап, жіті назарында ұстайтындығы. Мәдени, тарихи дүниелерге де ыждаһаттылықпен ықылас қойып, ынта-жігерін арттырып отыратындығы. Құбылыстың шығу, даму, өркендеу тенденцияларына нақты тоқталып, айғақты, деректі мысалдармен дәлелді айтатындығы. Екіншіден, сұхбаттасуды тек әңгімелесу, сөйлесу деп қабылдамайды, өнер ретінде танитындығы. Себебі ой жүйесінің дамылсыз толқуы, санадағы ақпараттық жүйіткудің толассыз ағымдауы, сөз салмағының әсерлігі, сөйлем құрылымының лексикалық жаңа сапалық мағыналылығы жалпыкөпшілікке тән элемент ретінде түсінікті, әрі нанымды белгілер болып танылады. Әр сұхбатының көсемсөзділік қуаты, көтерген мәселенің мәнісіне оқырманын жетелеп отырады.

Публицист Әбіш Кекілбаев: *«Тәуелсіздікті нығайтудың ең басты кепілі – ішкі ынтымақты нығайту. Ол жоқ жерде тәуелсіздік жай сөз болып қалады. Оны ашыққан да сатуы ықтимал, масыққан да сатуы ықтимал. Оған жол бермеудің жалғыз жолы – экономикалық қатынастарды да, саяси қатынастарды да мейлінше демократияландыра түсу»*[9, 257-б.], – деп жазады. Осындай пікірлері халықты жігерлендіріп, намысын оята түсері хақ. Әрі идеологиялық маңызы бар сөзгерлігі үнемі көпшілік көңіліне қонымды және нанымды.

Зерттеуші ғалым С.Медеубекұлының: «Көсемсөз деп қоғамдағы күрделі мәселелерді мемлекеттік, ұлттық, бұқаралық мүдде тұрғысынан қозғау әрі оларды шешу жолдарын түсіндіру және сол іске жұмылдыру үшін әлеуметке баспасөз арқылы жарияланған ықпалды сөзді айтамыз» [10, 57-б.], - деуі құптарлық. Осы реттен келгенде Әбіш Кекілбаев жалпы әлеуметті экономикалық дербес өндірістілікке; тарихи-мәдени ыждаһаттылыққа; ұлттық-саяси ұстамдылыққа; дәстүрлі әдет-ғұрыптылықтың сақталуына үндейді. Демек, публицист Әбіш Кекілбаев тәуелсіздік санасын қалыптастырудағы еңбегі зор сөзгер. Оған да дәлеліміз – біріншіден: Әбіш Кекілбаев көсемсөзінің тақырыбы тастай, мазмұны таңдай қақтырып, қорытындысы тәуелсіздік насихатымен түйінделеді; екіншіден, тақырып, мазмұн мен қорытындының сабақтасуы бір-бірінің жемісін үзбей туған-туыс, көрші-қоландай жіптесіп, жұптасып, бір-бірін толықтырып, ажарлы сөйлем, аталы тоқтам, ұтырлы ұстаным айтылады.

Мәселен, «Өз басым, бүгін таңдағы ең басты мәселе – тәуелсіздікті нығайту деп білемін. Өйткені мемлекетіміздің егемендігі мен тәуелсіздігі қазіргідей дүрбелең кезде тек қана бір ғана халықтық емес, Қазақстанды мекендейтін барша азаматтардың өмірлік мүддесін қамтамасыз етудің кепілі болып табылады. Қазақстанда тәуелсіздіктің жағдайы орнықпай тұрып, демократия да, нарық та ойдағыдай өрістеп кете алмайды», – дейді Әбіш Кекілбаев. *«Парықты пайым, парасатты пікір керек»* еңбегінде (9 т., 192-б.).

Академик Ғарифолла Есімге сүйене айтсақ: «Тұлға деген – Жаратушысы берген қасиеттерін ізгілік істерге пайдаланып, өзін парасат жолына бағыттаған адам» (Алматы: Ел-шежіре, 2006. – 101-б.). Ал Бауыржан Момышұлына жүгінсек, «Батырлық – тәуекел мен ақылдың есебінен шығуға тиіс. Тәуекел кейде ақылды да ақтап алады. Ал, ақылсыз тәуекел ешкімді де ақтай алмайды» деген (Ұлағатты сөздер. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2008. – 106-б.). Біздіңше, Әбіш Кекілбаев осындай тұлға. Ол өзінің еңбектері арқылы әлеуметтік қатынас пен қоғамдық мәдени қауышудың мәнін ашқан. Саяси сахнадан экономикалық талдау жасап, адамзат өмірінің маңыздылығына, табиғатына шынайы түсініктеме берген. Шағын эпизоттар келтіре отырып, тұлғалар еңбегінің құндылығына өркенділікпен баға берген. Тәуелсіз елдің тарихи құжатнамаларын жасауға атсалысуды өз парызы, азаматтық борышы санаған. Тәуелсіздік жолында тас бекініп, кешегі ардақтылардың ар-намысына білте боп шырақтанатынына өзін де, өзгені де кәміл сендірген типтік тұлғаға айналған. Мәселен, «Біз бүгін жарықтық Бәйдібек атамыз бен Домалақ енемізге құрмет көрсету арқылы халқымыз дәріптеген асыл мұраттар мен биік мақсаттарға адалдығымызды айғақтаймыз. Біз үшін тәуелсіздіктен асқан мұрат, бірліктен асқан мақсат жоғын тағы да айдай әлемнің алдында жария етеміз», – деп жазады өзінің еңбегінде Әбіш Кекілбаев [11 т. 275 б.]. Қысқасы, кесек сөйлеп, келісті рай білдіреді. Осы жолға жамағатты да жұмылдырып, бабалар дәстүріне берік, мұрасына серік, алғысына адал, абыройына қорған боларлық пейілін танытады. Демек, Әбіш Кекілбаевқа саяси көсемгерлікке де салқын келу, салиқалы жазу, елеп-екшеп айту тән. Задында рухы мықтылар ғана мығым сөйлеп, машықты жаза білген. Әбіш Кекілбаевтың көсемсөзгерлік еңбектерінің жанрлық сипаты бай және қоғамдық ой-сананы терең қозғауымен ерекшеленеді. Сөзгер баспасөз жанрларының барлығына дерлік қалам сілтеген. Десек те, Әбіш Кекілбаев көркем очерктері мен жолсапар жазбаларының орны айрықша. Олай болса, тұлғалық портреттерді жасаудағы Әбіш Кекілбаевтың журналистік шеберлігі кімге болса да өнеге, отандық публицистердің ең үздік туындыларының қатарын толықтырады. Жалпы, Әбіш Кекілбаев адамтанудың шебері, кейіпкердің ішкі толғаныстары мен тебіреністерін тап басып, оны жас ұрпаққа үлгі етудің білгірі. Бұған қоса айтарымыз, Әбіш Кекілбаев сатира жанрларын да қамтып, ұлттық психологияны терең білетіндігін көрсете, жанрдың өзіндік ерекшеліктерін тап баса білген айрықша публицист тұлға.

Әдебиеттер тізімі

1. Алдамжаров Б. Өнердің таптырмас сиқыр шөбі // Лениншіл жас, 1979, 18 август.
2. Нәлібаев Б. Әбіш Кекілбаев публицистикасындағы жолсапар очерктерінің поэтикасы // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, 2006, №3, 137-139-б.б.
3. Шындалиева М. Ә.Кекілбай публицистикасындағы лирика-философиялық сарын. –Кітапта: Уақыт және суреткерлік шеберлік: жанрлар поэтикасы. Астана, 2008, 259-264-б.б.
4. Әбішева Ш. Жазушы шеберлігі // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы, 2014, №3/4, 267-270-б.б.
5. Назарбаев Н.Ә. Жол бастау қиын болмайды, жаныңды ұғар жолдасың болса // Егемен Қазақстан, 2009, 8 желтоқсан.
6. Сейдімбек А. Біртуар // Айқын, 2009, 5 желтоқсан.
8. Амангелдиева Г.С. Әбіш Кекілбаевтың танымдық публицистикасы // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы, 2012, №1, 136-140-б.б.
9. Ерғөбек Қ. Телегей теңіз // Ақтөбе 2016. -8 желтоқсан (№228/229). -8-9, 19б.

10. Шандоз: Махамбет және қазақтың ұлт-азаттық қозғалысы. Деректі тарихи баян. Атырау, 2003, - 368 бет.
11. Медеубекұлы С. Фольклор мен шешенсөз. Фольклор и публицистика. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Хабаршы». Журналистика сериясы, 2016, №1
12. Ұйқыдағы арудың оянуы: [тарихи-публицистикалық очерктер жинағы]. Алматы: Қазақстан, 1979. -168 бет.

Аннотация

В этой статье рассказывается о вкладе казахского писателя Абиша Кекилбаева в развитие казахской журналистики.

Abstract

This article describes the contribution of Kazakh writer Abish Kekilbayev to the development of Kazakh journalism.

ӘОЖ: 81'38 (574)

Ж.Оразова

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің магистранты, Шымкент, Қазақстан

Ә.КЕКІЛБАЙҰЛЫНЫҢ ПУБЛИЦИСТИК ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЛДІК, СТИЛЬДІК СИПАТЫ

Аңдатпа

Мақалада мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы, публицист Әбіш Кекілбаев шығармашылығының стильдік, тілдік ерекшелігі, философиялық ой-толғамдары, жазушы туындыларындағы психологизм, суреткердің дара қолтаңбасы туралы айтылады.

Өткен ғасырдың 60-жылдары әдебиетке келген қаламгерлердің қай-қайсысының да шығармалары көркемдік деңгейі жоғары, рухани жағынан бай, заман талабына сай келген туындылар еді. Көркем проза мен публицистикада заман жаңалықтары кең ашылып, адамдардың, жалпы қоғамның өсу жолдарының күрделілігін көрсету, сол арқылы дәуір ерекшелігін диалектикалық тұрғыдан түсіндіру, көркем әдебиеттегі психологизм, философиялық лирика, кейіпкерлердің жаңа бейнелерін ашу әдебиеттегі жаңа үдеріс. Қазақстандағы әдеби қозғалыстың да қарқынды дамыған кезеңі де өткен ғасырдың екінші жартысы болатын. Проза, поэзия, драматургия, публицистика жан-жақты дамыды, көркемдікқуатыартты.

Кілттік сөздер: публицистика, стильдік және тілдік ерекшелік, публицист, сыншыл, көсемсөзгер.

Әбіш Кекілбайұлының көсемсөзділігіне тән қандай шешендік иірімдер мен заманға сәйкес шеберлік сипат барын айқындап көрелік. Әбіш Кекілбайұлы көсемсөзі ақыл мен озбырлықты да, обырлықты да, жүгенсіздікті де, жүдеушілікті де ойсырата жеңуге болатынына кәміл сендіреді. Қайталау – тек жаттанды үрдіс емес, жадыны жаңалау үлгісі де. Мәселен, Әбіш Кекілбайұлының «Бодандықта өкініш көбейсе, бостандықта жауапкершілік күшейетінін түсінбегіміз шарт» деуі ғасырлық ортақ тақырыптың мазмұнын биік көтеріп, пішінін салмағымен арттырып тұрғандығында екенін ескеру қажет. Демек, сөз жоқ Әбіштің сөзгерлігі оның тілдік ерекшелігінен де танылады.

Көсемсөздің көкшесін Абай: *«Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды? ...Сенікі – біреуден қорқытып алсаң, біреуден жалынып алсаң, біреуден алдап алсаң болғаны, іздегенің – сол»,* - деп, орынсыз талап, оспадар мінез жанықас жамандық пен өресіз жандардың қылығына қынжылысын білдірсе, Әбіш Кекілбайұлының

онымен қосылар тұсы: «Әуелден біреудің бағын күндеуге, бардыкін жоққа тартып әперуге негізделген қоғамдық көзқарас капитализммен тікелей жарысып көріп, одан ештеңе шығара алмады. Экономикалық нигилизм саяси нигилизмді өрбітті» [1] тұрғысында өрбиді.

Ой мен тілдің ұқсастығы кемел көсемсөзгерлердің тұлғасын биіктете түседі. «Абайдың асыл көркемсөзге қойылған талабы туралы былай делінген: «Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін», – деп зерттеуші Айгүл Ісмақованың сөзін Әбіштің теориясымен тамырластығын іздесек, ол: «Ана тіліне шорқақтық – аса қауіпті сауатсыздық. Жай сауатсыздық жарылы етсе, өз тіліңе сауатсыздық – өзге мәдениетке құлақ кесті құл етеді» [2, 488-б.], – деп, «сөздің ішін» саралау үшін ұлттық тіл мен сана дағдарысынан сақ болуды ескертеді.

Әбіш Кекілбайұлының көсемсөзгерлік еңбектерін *ғылыми стильге* жатқызамыз. Себебі сөйлем құрылымдарының нормасы сақталып, ғылыми категорияға лайықталған. Оның экономикалық-саяси талдау еңбектерінің сипаты, кеңістікті шолу, сараптау, саралау тұжырымдарының қорытындысы әртүрлі жанрларды қамти отырып, ғылыми стильге негізделген. Тұлғалық, портреттік очерктеріндегі тілдік қолданыстың ерекшелігі кейіпкерін қоғамдық құрылым жүйесінен алшақтатпайды. Олардың әрқайсысы ғылыми тақырып, сондықтан биік деңгейде суреттеп қана қоймайды, даралық орнын, көтерген мәселесін, атқарған қызметінің қоғамдық мәніне зер салады.

Энциклопедиялық түсініктеме түзіп, жазар тақырыбының мазмұнына алдын ала шолу жасайды. Еңбектерінің мән-мағынасы бағытынан ауытқымайды. Жүйеленіп, қорытындыланып отырады. Айғақты пікірлерін дәлелдеу мақсатында термин сөздерді орынды қолданады. Тарихи құбылыстарға жіті мән беріп, шұғыл көсемсөзгерлік пен қоғамдық пікір танытады. Өзекті мәселенің себебін анықтап, кезекті іс-шараның қалай атқарылатынын парасатпен пайымдайды. Қай тақырыпқа қалам тербесе де сол көтерер мәселенің өзіне тән стильдік қолданысын шебер игеріп, сол тақырыптың төңірегінде жалпыға ортақ ұғымдағы сөздерді тиімді қолданады. Мәселен, ұлттық ұлы мұраттың ынтымағын: «Қазақ үшін татулықтың, тұтастықтың асқақ өлшемі – екі туып, бір қалу, сондықтан да олар бүкіл ұлтымызды екі туып бір қалған қып көрсету идеологиясын ұстанған» [3, 63-б.], – деп тілдік қолданыстағы сөздерді өз иіріміне түсіре отырып, асқан шеберлік пен ұлттық дәстүрден тараған туыстық психология қатынасын ұлықтауды мұрат тұтады.

Әбіш Кекілбайұлы сөзгерлігінің көркемдік деңгейін көтеретін *метафоралық бейнелеулерді* көптеп кездестіруге болады. Танымдық, суреттеу, мүсіндеу, салыстыру, ұқсату, тағы басқа құбылыстың құпия-сырларына қанығып, қыр-қыртысына үңіле түсу үшін теңдестіре, шендестіре айтылған түйдек-түйдек алапат теңеулер төгіліп жатады. Мәселен, «Қараптан-қарап арбалып, қараптан-қарап қармалып қалатының да жорғадай тепеңдеп, жортақтай секеңдеп, жолбарыстай атылып, арыстандай «ах» ұрып, лапылдай жанып, лекілдей құйып, теректей теңселіп, желектей жайқалып, шалғындай шайқалып, обырдай омақасып» [4], – деген сияқты екі компонентті метафоралық теңеулер мен құйын сөздердің құлаамасы қара жорғадан ақбоз жүйрікке мінгізгендей етеді.

Антонимдік, синонимдік қатардан тұратын күрделі, құрмалас сөйлемнің тұжырымды ой нұсқасын ерекшелеп тұруы Әбіш Кекілбайұлы көсемсөзінің өзгешелік сипатын танытады. Әрі сөйлемдерінің тұйық райлы «у» жұрнағымен аяқталуы да автордың өзіндік қырын аша түседі. Соның бір мысалы: «Нарыққа парықты көше алмау. Қарадүрсін көшу. ...өзіміздің шын мүмкіндіктерімізбен есептеспеу. ...кеңістіктегі нақты жағдайға жете мән бермеу» [1], – деп ертеңгі күннің есесін бүгін ойлау қажет дегенге меңзейді.

«Алдымен, шығаратын қорытындымыз – заман ұсынып отырған жаңа мүмкіндіктің жолын кеспеу, елдіктің жолында қолыңнан келетінді аянып қалмау. Озғанға көз алартпау, қалғанға тұмсық көтермеу. ...мемлекетіне қарлығаштың қанатымен су сепкендей болса да, болысып бағу. ...бұғанасы қатпаған тәуелсіздіктің басына бар пәлені үйіп-төкпеу. ...жігерін

жасытпау. Ар-намысын қайрап, тәуекелге бел буғызу [3, 284 б.], – дегендегі өзіндік басыңқы реңк беретін «керек» деген сөзді оқырманына іштей айтқызып отырады. Яғни, рухани сабақтастықтың көпшілікпен бірлескен түріндегі оқудың жаңа тәжірибелік дәстүрін еңгізіп отырады.

Демек, Әбіш Кекілбайұлы сөз қолданысында тұтастай алынған бір сөйлемді емес, бір әріптің өзін шашауын шығармай кәдеге жаратуы – сөз қадірін біліп, ел қасиетін ұғынуы. Ұлттық ана тілін қастерлеуі болып табылады.

Көсемсөзгер Әбіш Кекілбайұлының «дар», «дер» жалғаулық арқылы ұранды, айбарлы сөздерінің ұлттық рухтық салмағын арттыра түсетінін көресің. Айталық: «Өткенін ұмытпайтын ұлтқа сенсеңіздер – бізге сеніңіздер! Атасын ұлықтайтын жұртқа сенсеңіздер – бізге сеніңіздер! Анасын ардақтайтын ұрпаққа сенсеңіздер – бізге сеніңіздер!» [5, 275-б.], – деп ел сенімін көтеретін көпшілік рухын жандандыратын жалыны от, қарпуы шок сөздермен жұртшылықтың күш-қуатына баса мән береді.

Сыншы, зерттеуші ғалым Д.Ысқақұлының «Шығармаға арқау болған белгілі бір идеяларды халыққа неғұрлым ұғынықты, ұтымды жеткізу мақсатымен жазушы оған сай келетін түр (форма), стиль таңдайды» [6, 304 б.], – деген пікіріне сүйенер болсақ, Әбіш Кекілбайұлының стильдік форма таңдауы да осындай биік талаптан туындаған жайт. Осы шеберлікті де Әбіш Кекілбайұлының сөзгерлігінен танымыз. Тілі – ұлттық, әрине, ал стилі өзгеше сипатта. *«Бүгінгі тоқтап қалған өндіріс, тұралап қалған тұрмыс, азып жатқан тәрбие, арып жатқан мәдениет үшін жап-жас тәуелсіздігіміздің титтей де кінәсі жоқтығын ұғыну үшін айтамыз. Оны жариялауға бір күн жетеді. Шындап тәуелсіз болу үшін көп жыл керек. Отаршылдық өзінен құтылса да сорынан құтыла алмайтындай қып, құзғын қақпандарын құжынаттып құрып кеткен. Даламызға ғана емес, санамызға да құрып кеткен»*[7], –деуі қандай тапқырлықпен дөп айтылған десеңші.

Әбіш Кекілбайұлы еңбектерінің көпшілігі бұйрық райлы емес, лепті болып, сөйлемнің тұрлаулы мүшелері арқылы құрылымдық сипатымен ерекшеленеді. Ғалым Құдайберген Жұбанов айтқандай, «Сөйлеген адам өзіне сөйлемейді, басқа біреуге сөйлейді. Сөйлегендегі мақсат – біреудің екінші біреуге өзінің ойын білдіруі» [8, 15-б.]. Яғни Әбіш Кекілбайұлының көсемсөзі елге, ұлтқа, адамзатқа қаратылып айтылған сөз. Демек, «Тегі, шығарма тілін образдап (поэтикалап) жіберуге Әбіш Кекілбайұлы өте шебер, оның аузынан бейнелі, әсерлі, әуезді сөздерді «құдайтағала», яғни қалам таланты лақ еткізіп төге салады» [9, 19-б.], – деп Әбіш Кекілбайұлы көсемсөзінің теориялық мән мағынасын терең бағалап, нақты бағасын беруге әбден болар еді.

Өзінің кез келген шығармасына өмірдің өзекті мәселелерін тақырып етіп алады да, соны ой орамдарымен пішіп, жетілдіріп негізгі элементтер жиынтығынан тұратын қисынды форма шығарады. Оның тұтастығын идеялық көркемдік шеберлігімен бірыңғай жүйелейді. Осы жинақтаудың мазмұндылығы тақырыптық сипаттың өн бойында бірге түзіліп, бірге тігістеледі және негізгі құрылым құндылығынан ауытқымайды. Мұның өзі Әбіш Кекілбайұлы идеясының ой-тұжырымының біркелкі бағытта өрбіп, көтерген проблемалық дүниесінің кеше-бүгін немесе ертелі-кеш емес, ертеректен иін қандырып, сана өлшемімен пісіріп, жетілдіріп, оның маңыздылығы мен мән мағынасының терең деңгейін ашып береді. Осыдан барып, қоғамтану, әлеуметтану, мәдениеттану, ғұмыртану, тұлғатану, елтану, әлемтану, тағы басқа ілімдік қатынастың тұтас бір теориясы жасақталады. *Онысы дерекке бай, нанымды баяндалады.* Көзге ұрып тұрған шындық ашық айтылады. Күмәнді нәрселердің сырына үңіліп, қажеттілік талғамына мән беріп, қызықты қиырларын ширатып отырады. Адамдар арасындағы қатынастың ілкімділігі ой-ниет дидарластығының ішкі толғамынан туындап, келешек өмірдің жол бастау кемеріне көтеріледі. Оның түптамыры сыйластық, бірлік, татулық, сабақтастық, жалғастылық ұғымында жатқандығын үнемі жиі қайталап, әсерлендіріп, тақырыптық маңызын ашып, жалпы көпшіліктің көңіл-күйінен шығатындай етіп зор ыждаһаттылықпен баяндайды. Ескіліктің шырғауы, қасаң қағиданың шылауы келешек ұрпақты тексіздікке алып бара жатқан бұрма мінез бен саяз ойлылықтың,

парықсыз пайымдаушылықтың, астарсыз жалаңдықтың, ертеңгі күндердің аяусыз кедір-бұдырынан сақтандырып отырады.

Әбіш Кекілбайұлының ойшылдығы мен білгірлігі, ізденіс еңбегі, саяси және мәдени өркенділігі, талдау және сараптау кәсібилігі оның өмірге деген көзқарасын айшықтап, айтар ойынан биік арман желісі аңғарылып тұрады.

Әбіш стилінің теориялық қалыптасуы оның үнемі ізденіс, толғаныс үстіндегі тұлғалық пішінін аша түседі. Біріншіден, ұлттық рухани қордың ежелгі әдет-ғұрып, дәстүрлі еңбектерімен сусындап бойына сіңірген. Екіншіден, ұлттық әдебиет өнеріндегі қаламгерлердің бәрінің еңбегі мен таныс, өмірлерімен етене жақын. Үшіншіден, әлем әдебиетінің озық үлгілерін оқып, оны талдап, саралап бүгінгі қоғамның саяси-экономикалық құбылыстарымен салғастыра таразылайды. Төртіншіден, ұлттық, шетелдік жаратылыстану ғылымдарының тарихи даму аспектілерін жете меңгерген. Экономика, тарих, әдебиет ілімінің теориялық қалыптасу негізін оқып, айтулы саясаттанушы, экономист теоретиктер: Я. Тинберген, Макс Вебер, Дж. Шляссинджер, Э. Гидденс, К. Ясперс, З. Бжежинский, Ежи Вятр, Сеппо Ремес еңбектерімен танысқан.

«Публицистика дегеніміз – заман тарихы, дәуір тынысы, өмір шежіресі. Шежіре болғанда да күнделікті тіршіліктің рухани бейнесі, жанды көрінісі» [10, 24-б.], – деген ғалым Б. Жақыпқасұйене айтсақ, Әбіш Кекілбайұлы романдарындағы көсемсөзділіктің нақтылығына көз жеткіземіз. Бұдан шығар қорытынды, заманына қарай адамына, мінез-құлқына баға беру мүмкіндігіне де қол жеткіземіз. Олай болатыны Әбіш Кекілбайұлы өткен жол, кешкен ғұмыр адамдардың әр текті заман құбылыстарынан азап көріп, азат ой мен адал идеяны аңсаған кезең еді. Осының өзі көсемсөзгердің байыпты байымдылығын, қоғамдық шынайы мінез-құлқының қалыптасуына ықпал етті.

Сондай-ақ «ретроградтық», «геронтократия», «планталық», «строфикалық», «этакратиялық», «эскалация», «амбразура», «көңіл көтеру индустриясы», «ведомстволық эгоизм», «экологиялық жендеттік» синдром», «саяси экономикалық эгоизм», «деспотия», «доминион», «саяси утилитаризм» сөздерін қолдану тәжірибесі Әбіш Кекілбайұлының стильдік құлашын, мағыналық ауқымымен толықтырып, баспасөз бетіндегі сөздік қордың құрамын көбейтеді. «Ә.Кекілбаев шығармашылығындағы тіл мен дүниетаным сабақтастығы» атты ғылыми зерттеуінде Ж.Абдрахманова: «Ә.Кекілбаев шығармаларының өн бойынан ұлт табиғатының тұтастай болмысын, барлық таным-түсінікті, оның тарихын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, дархан даласы мен мекен ететін жерін, яғни ұлт мәдениеті мен рухын өзіндік тілі арқылы танимыз», – деп зерттеуші ғалым Әбіш Кекілбайұлының ерекшелігін сөйлем тізбесінен тануға болатынын нақты көрсетеді.

Қолданылған теңеу, эпитет, метанимия, метафора сабақтасып, салаланып келеді де Әбіш Кекілбайұлының көсемсөзгерлік, шешенсөзгерлік тұлғасына оқырманын қанықтыра түседі. Оны роман желісіндегі сөзгерлік сарынынан; прозалық шабытынан; көркемсөзгерлік қабілетінен; тұлғалық суреттеулерінен; саяси талдауларынан; экономикалық салыстыруларынан; социологиялық сараптауының ілгері шегіністерінен; портреттік очерктерінен танимыз.

Қазақ көсемсөзінің арнасы XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев шығармашылықтарынан бұлақ көзі болып ағытылды.

Одан кейінгі бір шоғыр қазақ зиялы қауымының елбасына төнген ауыртпашылықты бірге бөлісе көсемсөз құдіретімен қолдау көрсеткенін, алаш азаматтарының рухына тамызық, жігеріне қайрақ бола білген ардақты А.Байтұрсынов, І.Жансүгіров, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин. Б.Майлин, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов, Ж.Аймауытов сынды бір туар азаматтарымыздың сөз мұрагерлігін айтпай, алысқа көз салу мүмкін де емес. Ол кешегіні білу, бүгінгіні тану, ертеңге сену ұғымының шырақшысындай болған есімдер.

Алдымен көсемсөз жөніндегі сипаттамаға көңіл бөлсек, оның түп-тамыры айтулы жанр ретінде тереңде. Журналистика – әлеуметтік ағартушылық пен мәдени маңызды мамандық. Саяси-экономикалық ахуалға да ден қойып уақыт тезінен қалмайтын жалпы жұртшылықпен бірге тыныстайтын қоғамдық шеберлік орталығы. Шеберлік мектебінде шыңдалатындар да ерекше мінез-құлықтың, озық ой мен қуатты сананың саңлақтары болмақ. Қоғамдық құбылыстың сыр-сипатына, ішкі-сыртқы психологиялық құпиясына бойлай отырып, терең ойтанымдық тұрғысынан межелейтін шығармашылық тұлға – көсемсөз иесі. Жалпы өз заманының сөзін ұстаған сөзгерлер – қоғам, адамзат, әлем қоршаған орта, ел мүддесі, тағы басқа өзекті мәселелер төңірегінде ой қозғамауы мүмкін емес. Осындай ізгі тілектен шыққан ұшқынды сөздер бұқаралық ақпарат құралдарында көрініс тауып, қоғамдық дәрежеге көтеріледі, көзқарас, пікір қалыптастырады. Елдің құлақ түре тыңдайтыны да өз жағдай тұрмысына лайықты, пайдалы кеңес, келісті келісімді сөздер болмақ. Ал, оны айтатын көреген көсем – сөйлеуші сөзгер. Заман келбетін астастырып, алты алаштың сәуегей би-шешендерін түгел атап, суреттеп, әлеуметтік орнын, артықшылығын жинақты сөзбен мұнтаздай етіп, мерейін тасыта біледі.

Елдің саяси, әлеуметтік-экономикалық, еларалық қатынасында сөз сөйлеу екінің бірінің мағдайына жазылмаған. Олай болған күнде де тауып айту, көбік сөзден, күпірлік көңілден ада ниетте арғы мен бергінің ара-жігін ажырата білу көпті көрген көненің, ел тағдырын түсінетін дананың, жер тарихын ұғатын білгірдің ісі десек, Әбіш Кекілбайұлы осы талаптардың кәсіби биігіндегі көсемсөзгер. Оның ауызша айту шешендігінің өзі көсемсөз шеберлігінің жоғары қабілетін айқындайды. Демек, бүгінгі көсемсөз бағытындағы Әбіш Кекілбайұлының идеологиялық тәлім насихаты айтулы мол мұра.

Әбіш Кекілбайұлы – осындай тұлғалар қатарындағы саяси сынақта да, еларалық қатынас кезінде де, экономикалық айырбас, алыс-беріс барысында да тұрақты мінез-құлқымен тура бидей толғау-толғау сөз айтқан көсемсөзгер. Оның табиғаты ерекше, тағылымы басқаша. Сондықтан да, Әбіш шығармашылығындағы туған елдің сусыған құмы, суылдаған желі кімнің де болмасын жүрегіне жұбаныш, көңіліне қуаныш ұялатады. Ол, өйткені ертеңге сендіріп жазады, кешегінің ақиқатын, алдан күтер арғы күннің аялысын көруді арман-тілекпен айтады. Шынайы сөздің шырайын кіргізіп, ажарын ашып, ағынан жарылады. Олай болатыны Әбіш Кекілбайұлы өзінің ұзақ сонар шығармашылық ғұмырында соны көрді, соған қанықты. Демек, оның көсемсөзі ұлттық ұғымға бай, соның негізінде саяси ойлау жүйесінің, экономикалық талдау, мәдени іздену мен салиқалы сөз төркінін, еларалық қатынас пен қоғамаралық бірліктегі академиялық елшілік қасиеттерін үлгі етті.

Әбіш Кекілбайұлы көсемсөзінің ерекшелігі өткен дәуірдің, бағзы заманның ұмытылып бара жатқан ізгі құндылықтарын бүгінгі күннің ағымына лайықтап, қайталап жаңғыртумен танылады. Адам, кейіпкер мінезін ғана емес, қоғамдық мінезді де, әлеуметтік мінді де тап басып сол сәтінде айырықша деммен қайта өңдеп, салмақтап береді. *Оның публицистикасы* сонау алыста қалып қойған қазақ ауылының қасиетті де берекелі, тәрбиелі де тағылымды көріністерін көз алдына әкеліп, көкірегіне құяды. Барлық еңбегіне ортақ қасиеттің бірі – қанағат, еңбек, сабыр, салауат, білім мен төзім. Бұл адам баласының мінез-құлқының аумалы-төкпелілігіне қатысты айтылар рухани көздеушілік болса, осы қасиеттердің мүмкіндігі саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-моральдық дамуымызға орасан идеялық күш-қуат береді. Оның нәтижесі тәуелсіз еліміздің егемендігін нығайтуға ұлттық ана тіліміз бен елдік дәстүріміздің өзгелер алдында қадір-қасиетінің биік боларын идеологиялық негізде таратып жазуы. Жинақтай айтсақ, Әбіш Кекілбайұлы публицистикасының тақырыбының қоғамдылығы, әлеуметтілігі, ауқымдылығы көтерген мәселесін жан-жақты қамтып, тәсілдік ерекшелігі мен сөзгерлік шеберлігі қатар өрістеп отырады. Ойлау, айту, жазу образы көсемсөзгерліктің тамаша үлгісін көрсетіп, қоғамның сипатын ашуда ғылыми ізденушілікпен зер салады. Ендігі ретте Әбіш Кекілбайұлының елдік, отандық рухани биіктен жазылған көсемсөзінің ғылыми монографиялық үлгісі, оқулығы жасалса еш артықтығы жоқ деп білеміз.

Қысқасы, бүгінде Әбіш Кекілбайұлының журналистік мектебі қалыптасты. Тіпті, қазақ әдебиеті өнерінде *Әбіш әлемі, Әбіштің әдеби әлемі* сынды көзқарас, пікірлер дүниеге келді. Себебі ол басқаша ойлайды, әріден таразылайды, алыстан шалады, сондықтан да басқаша жазады. Бұл – Әбіш Кекілбайұлының қазақ баспасөзіндегі жаңа категориялардың – тақырыптық, мазмұндық, стильдік, жанрлық жағынан молаюына қосқан тың жаңалығы. Демек, Әбіш Кекілбайұлы публицистикасындағы қоғамдық, тәуелсіздік сананың өрілуіне, идеялық жол таңдауда, ұрпақ тәрбиесі мен мемлекет ісінде озық тәжірибелік орны бар көсемсөзгерлік журналистік мектебінің мәні де айрықша деген сөз.

Публицист көзбен көріп, көңіліне түйгенін әңгімелейді. Соның ішінен қоғамдық қимылдың бағытына, уақыт талабына мән береді. Демек, Әбіш Кекілбайұлы да әлеуметтік, өмірлік күрделі мәселені көтеріп отырды. Оны тақырыптың идеялық тапқырлығымен қоса оқырманына түсінікті тілмен баяндайды. *Мақалдап, мәтелден, салыстырып, салғастыра жазады*. Сондықтан сөзгердің пікірі оқырманмен жұптасып, идеялық бағытта да бірлестігін табады.

Әбіш Кекілбайұлының көсемсөзі тақырыптық жағынан өте бай болып келеді. Біздіңше, оның ерекшеліктері төмендегідей: Біріншіден, Ә. Кекілбайұлына журналистік ізденіс тән, ұдайы жаңа тақырыптарды меңгеріп, ізденіс үстінде көрінеді; Екіншіден, көсемсөзгер қай тақырыпта жазбасын онда қоғамдық құбылыстар терең қамтылады, ұлттық мүдде алдыңғы кезекте тұрады; Үшіншіден, Әбіш Кекілбайұлының кемел кезеңіндегі көсемсөзіне тәуелсіз елдің мұраттарын ұлықтау, жоғары пафос пен еркіндік тән; Төртіншіден, сөзгер қай тақырыпқа жазса да, онда білімдарлығы, мәселені жетік білетіндігі анық көзге ұрып тұрады; Бесіншіден, көсемсөзгер халық әдебиеті мен шешендік өнерінің кәусарларын молынан және орынды пайдаланады; Алтыншыдан, Әбіш Кекілбайұлы саяси тақырыпты жетік меңгергендігіне көз жеткіземіз және онда сарапшылық пен көркемдік шеберлікті, саяси көрегендікті шебер ұштастырады; Жетіншіден, көсемсөзгерге философиялық ой түйюлер, сыни көзқарас және қоғамдық үдерістерді болжай білушілік тән; Сегізіншіден, Әбіш Кекілбайұлы этнограф-көсемсөзгер, өз шығармаларында қазақ ұлтының ерекшеліктерін тап басып, ұлттық құндылықтарды дәріптеп отырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Сыр десте: [бес томдық мақалалар жинағы]. Құраст.: Әбілқайыр Спан, Жанбибі Дүйсенбаева. Алматы: Нұрлы Әлем, 2009.
2. Әшімбаев С. Салиқалы сөз, соны сөз // Лениншіл жас, 1967, 19 январь.
3. Кекілбайұлы Ә. Әйтеке би: Газет ішіндегі кітап // Егемен Қазақстан. – 1991. – 23 қазан.
4. Иманғалиев Р. Сын: [Кекілбаев Ә. Дала балладалары. Алматы, 1988] // Коммунистік еңбек, 1969, 30 апрель.
5. Дәуірмен бетпе-бет: [Бүгінгі қазақ әдебиеті туралы ойлар]. Алматы: Жазушы, 1972. - 184 бет.
6. Нәлібаев Б. Ә.Кекілбаев публицистикасының тақырыбы, проблемасы, идеясы // Ұлт тағылымы, 2006, №2, 283-287-б.б.
7. Рахмадиев Е., Кекілбаев. Абылхай хан. Ablai Khan. Claver Libretto by Abish Kekilbaev [қазақ және ағылшын тілдерінде]. Алматы: Өнер, 2009 -376 б.
8. Дүйсенбаева Ж. Баймағанбет Сұлтан: [Ә.Кекілбаевтың «Шандоз» тарихи баяны бойынша талдау] // Ұлағат, 2008, №5, 27-34-б.б.
9. Шындалиева М. Ә.Кекілбай публицистикасындағы лирика-философиялық сарын. – Кітапта: Уақыт және суреткерлік шеберлік: жанрлар поэтикасы. Астана, 2008, 259-264-б.б.
10. Қозыбаев М. Ұлы ойшыл, қарымтал қаламгер. – Алматы, 1999. – 8 т. 390-391 бб.

Аннотация

В данной статье рассказывается о языковых, стиливых особенностях публицистических произведений казахского писателя Абиша Кекильбаева.

Abstract

This article describes the linguistic, stylistic features of the journalistic works of the Kazakh writer Abish Kekilbayev.

УДК 323.22/.28

С.И. Рустемова¹, Л.М. Умралиева²

¹ преподаватель, магистр, ЮКУ им. М.Ауезова, Шымкент, Казахстан

² старший преподаватель, магистр, ЮКУ им. М.Ауезова, Шымкент, Казахстан

УСПЕХИ, ЗАДАЧИ И ПЕРСПЕКТИВЫ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА

Аннотация

В статье рассказывается об истории развития Республики Казахстан и ее достижениях на Международной арене, в том числе инициативах в области Евразийской экономической интеграции, а также о том, что человечество в настоящее время сталкивается с новыми глобальными вызовами. Перед нашей страной и регионом стоит десять основных задач. Если казахстанцы планируют добиться новых успехов в развитии, они должны учитывать каждый из них. Основные задачи XXI века: ускорение исторического времени, глобальный демографический дисбаланс, угрозы глобальной продовольственной безопасности, острая нехватка воды, глобальная энергетическая безопасность, истощение природных ресурсов, промышленная революция, растущая социальная нестабильность, кризис ценностей нашей цивилизации, угроза новой мировой дестабилизации. В статье также определены цели и модернизация Стратегии «Казахстан-2050».

Ключевые слова: экономическая интеграция, модернизация, регенеративная медицина, нано технологии, интеграция, мировая дестабилизация, толерантность, демографический дисбаланс, импортировать, трансформировать.

История человечества раз за разом доказывает одну простую истину – стратегические и текущие цели, задачи и сферы деятельности у государств в разное время разные. Однако среди них есть те, которые неизменно остаются первостепенными для любого человека, нации, страны. В ряду непоколебимых ценностей – свобода и независимость.

С момента принятия 16 декабря 1991 года Конституционного закона «О государственной независимости Республики Казахстан» наша страна предстала перед мировым сообществом как суверенное молодое государство, на плечах которого лежал тяжелейший груз ответственности за будущее своего народа. В настоящее время Республика Казахстан, получившая благодаря общественному согласию и политической стабильности, достигнутым успехам внутри страны и миролюбивой внешней политике всеобщее международное признание, превратилась в сильное и успешное государство. Страна за эти годы сделала важнейшие шаги на пути суверенного развития и добилась немалых успехов. Наиболее значительных достижений Казахстана за годы Независимости. [1.67]

Безусловно, самым первым и значительным достижением нужно считать, собственно, провозглашение и реальное обретение независимости. С 16 декабря начался отсчет нового этапа в истории Казахстана - «Эры Независимости», как назвал ее в одноименной книге Первый Президент-Ельбасы Нурсултан Назарбаев. Были приняты основополагающие документы, Казахстан появился на карте мира, как страна с четко очерченными границами, обрел свою армию, создал необходимые независимому государству структуры управления и утвердил все государственные символы.

Казахстан признан мировым сообществом, как государство, ведущее

последовательную внутреннюю политику, направленную на обеспечение толерантности, межконфессионального и межкультурного согласия представителей всех этносов.

Еще до обретения независимости Президент Казахской ССР Нурсултан Назарбаев своим Указом закрыл крупнейший в мире полигон для испытаний ядерного оружия в Семипалатинской области. Позднее, уже как суверенное государство, Казахстан отказался от ядерного арсенала, четвертого по мощности в мире.

Казахстан показал пример успешного перехода от плановой экономики к рыночной, сформировал все механизмы и законодательную основу рыночной экономики.

В Казахстане создана новая политическая система, основанная на базовых принципах демократии, сформировано соответствующее законодательство, создан и продолжает совершенствоваться эффективный аппарат государственного управления. [2.13]

Важной частью этой модели является созданная по инициативе Главы государства Ассамблея народа Казахстана, представленная в высшем законодательном органе.

В 2012 году страна досрочно реализовала все поставленные задачи, которые были заложены в Стратегии «Казахстан - 2030». Казахстан вошел в число 50-ти самых конкурентоспособных стран мира и в группу стран со средним уровнем развития. В то же время была принята новая Стратегия «Казахстан - 2050», которая поставила задачу войти в число 30-ти самых передовых стран мира.

С начала 2017 года в Казахстане реализуется третья модернизация, задачи которой были поставлены Президентом Назарбаевым в Послании народу «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» от 31 января 2017 года. Как подчеркнул Н.Назарбаев, эта модернизация - не план борьбы с текущими глобальными вызовами, а надежный мост в будущее, навстречу целям «Стратегии-2050». Она будет проводиться на базе Плана нации «100 конкретных шагов» по реализации.

Большим достижением Казахстана являются успехи страны на международной арене, в том числе инициативы в сфере Евразийской экономической интеграции, региональное экономическое и политическое лидерство. Сегодня Казахстан является членом ведущих международных организаций - ООН, ОБСЕ, ОИС, ШОС, СНГ, ЕврАзЭС, ТС, ЕЭП, ОДКБ, ОЭСР и других межгосударственных объединений. За годы независимости Казахстан установил дипломатические отношения со 180 государствами мира, председательствовал в таких авторитетных международных организациях как ОБСЕ, ОИС, ЕАЭС, ШОС, СНГ, ОДКБ, СВМДА и Тюркском совете. [3.92]

Следует отдельно отметить установление позитивных и взаимовыгодных отношений с отдельными, наиболее важными для Казахстана, иностранными государствами и блоками. С Российской Федерацией - как одной из ведущих держав мира и соседней страной. С Китайской Народной Республикой - как соседней страной и торгово-экономическим партнером, обладающим огромным потенциалом, способным придать еще большее ускорение экономическому развитию Казахстана. С Соединенными Штатами Америки и странами Европейского союза - как государствами, определяющими развитие основных процессов в современной мировой политике и экономике, обладающими всеми научными и техническими достижениями, и торгово-экономическими партнерами.

Казахстан привлек за годы независимости более 70 процентов иностранных инвестиций из общего притока в Центральную Азию. Наиболее крупными инвесторами являются Нидерланды, США, Швейцария, Франция, Великобритания, Россия, Италия, Япония, Бельгия и Канада.

Казахстан вошел в число первых 30 спортивных держав. В стране созданы все необходимые условия для ведения активного образа жизни и занятий массовым спортом. Государство оказывает поддержку спортивному движению, благодаря чему казахстанские спортсмены одерживают блестящие победы на крупнейших международных соревнованиях.

Теперь перед нами стоит новая задача. Мы должны усилить вектор дальнейшего

развития нашего государства на долгосрочный период. [4.97]

Десять глобальных вызовов XXI века В настоящее время человечество сталкивается с новыми глобальными вызовами. Для нашей страны и региона выделено десять основных вызовов. Мы обязаны учитывать каждый из них, если планируем и дальше добиваться новых успехов в своем развитии. Первый вызов – ускорение исторического времени Историческое время стремительно ускорилось. Мир интенсивно трансформируется, и скорость происходящих изменений поражает. За последние 60 лет численность населения Земли утроилась и к 2050 году достигнет 9 миллиардов человек. За тот же период мировой ВВП вырос в 11 раз. Ускорение всемирно исторического процесса всегда открывает перед государствами новые безграничные возможности. За 20 с небольшим лет проведена модернизация всех сфер жизни общества в очень высоком темпе. Однако у нас до сих пор есть социальные группы, которые не интегрировались в общий модернизационный процесс. Этому есть объективные причины. Общество все еще имеет место некоторый дисбаланс, влияющий на моральное состояние и общественные ожидания людей. Мы должны устранить этот дисбаланс и предоставить всем слоям общества возможность интегрироваться в модернизационный процесс, найти свое достойное место в обществе, сполна воспользоваться возможностями, предоставляемыми новым политическим курсом. Второй вызов – глобальный демографический дисбаланс С каждым днем обостряется глобальный демографический дисбаланс. Общемировой тренд – старение человечества. Через 40 лет число людей в возрасте старше шестидесяти будет превышать число тех, кому меньше 15. Низкая рождаемость и старение человечества во многих странах неизбежно провоцируют проблемы на рынке труда, в частности, нехватку трудовых ресурсов. Нарастающий демографический дисбаланс формирует новые миграционные волны и усиливает социальную напряженность по всему миру. Мы, в Казахстане, сталкиваемся с миграционным давлением в отдельных регионах страны, где незаконные трудовые мигранты дестабилизируют местные рынки труда. Мы – молодая нация. Средний возраст в нашей стране составляет 35 лет. Это дает нам огромную возможность сохранить наш человеческий потенциал и правильно позиционировать себя в мире. И сегодня у нас есть хорошая база для движения вперед. У нас в стране есть работа, и каждый желающий может ее найти. Более того, у нас каждый имеет возможность сам создать себе работу, позаботиться о себе. Это наше большое достижение. Наша молодежь должна учиться, овладевать новыми знаниями, обретать новейшие навыки, умело, и эффективно использовать знания и технологии в повседневной жизни. Третий вызов – угроза глобальной продовольственной безопасности Высокие темпы роста мирового народонаселения резко обостряют продовольственную проблему. Уже сегодня в мире десятки миллионов людей голодают, около миллиарда человек на постоянной основе испытывают нехватку в пище. Для нас в этом вызове кроются огромные возможности. Мы уже входим в число крупнейших экспортеров зерновых культур. Нам вполне по силам совершить качественный рывок в сельскохозяйственном производстве. Для этого нам потребуется государственное мышление нового типа. Четвертый вызов – острый дефицит воды Мировые водные ресурсы также находятся под большим давлением. За последние 60 лет на планете потребление питьевой воды возросло в 8 раз. К середине столетия многие страны будут вынуждены импортировать воду. Вода – крайне ограниченный ресурс и борьба за обладание источниками уже становится важнейшим фактором геополитики, являясь одной из причин напряженности и конфликтов на планете. Проблема водо обеспечения остро стоит и в нашей стране. Целый ряд регионов испытывает в ней острую потребность. Пятый вызов – глобальная энергетическая безопасность Все развитые страны увеличивают инвестиции в альтернативные и «зеленые» энергетические технологии. Уже к 2050 году их применение позволит генерировать до 50% всей потребляемой энергии. Наступает новая эра, в которой человеческая жизнедеятельность будет основываться не только и не столько на нефти и газе, сколько на возобновляемых источниках энергии. Шестой вызов – истощаемость природных ресурсов В условиях ограниченности, истощаемости

природных ресурсов Земли беспрецедентный в истории человечества рост потребления будет подогревать разнонаправленные как негативные, так и позитивные процессы. Наша страна обладает здесь рядом преимуществ. Всевышний дал нам много природных богатств. Другим странам и народам будут нужны наши ресурсы. Мы должны научиться правильно ими управлять, накапливая доходы от их продажи в казне. Седьмой вызов – Третья индустриальная революция Человечество находится на пороге Третьей индустриальной революции, которая меняет само понятие производства. Технологические открытия кардинально меняют структуру и потребности мировых рынков. Цифровые и нано технологии, робототехника, регенеративная медицина и многие другие достижения науки станут обыденной реальностью, трансформировав не только окружающую среду, но и самого человека. Восьмой вызов – нарастающая социальная нестабильность В настоящее время одна из самых больших мировых проблем – усиливающаяся социальная нестабильность. Ее основная причина – социальное неравенство. Сегодня в мире около двухсот миллионов людей не могут найти работу. Даже в Европейском союзе безработица находится на самом высоком уровне за последние десятилетия и провоцирует многочисленные массовые беспорядки. На этом фоне, надо признать, ситуация в Казахстане выглядит довольно благополучно. Сегодня мы имеем самый низкий уровень безработицы за всю новейшую историю. Девятый вызов – кризис ценностей нашей цивилизации Мир переживает острый мировоззренческий и ценностный кризис. В XXI веке Казахстан должен укрепить свои позиции регионального лидера и стать мостом для диалога и взаимодействия Востока и Запада. Десятый вызов – угроза новой мировой дестабилизации Все мы видим, что происходит сейчас в мире. Это не новая волна кризиса, а продолжение кризиса 2007 – 2009 годов, из которого мировая экономика еще не вышла. Глобальная экономическая система может дать серьезный сбой уже в 2013 – 2014 годах, вызвать, в частности, обвал мировых цен на сырье. Для нас подобный сценарий является крайне нежелательным. Возможная рецессия в ЕС и/или США может привести к снижению потребностей развитых стран в сырьевых ресурсах. [5.3]

Казахстану удалось добиться ощутимых результатов в своем развитии – перевести экономику на рыночные рельсы, существенно поднять уровень экономического и социального благосостояния народа, выстроить действенную модель политической системы, обеспечивающей основные стандарты демократического государства, закрепиться в международном сообществе в качестве равноправного и авторитетного участника. Сегодня благодаря последовательным реформам Казахстан переходит из группы стран «догоняющего развития» в разряд «состоявшихся государств». И главным фактором успеха во многом является институт президентства.

За эти годы благодаря мудрости и дальновидности Елбасы были определены приоритеты и задачи строительства и деятельности основных государственных институтов, которые эффективно работают и по сей день. Опыт титанического труда Первого Президента Республики по созданию и упрочению новой казахстанской государственности еще предстоит оценить историкам. Но уже сегодня можно твердо констатировать, именно благодаря реформам Н. Назарбаева Казахстан уверенно шагнул в новую эпоху своего развития и процветания.

Список литературы

1. Рогов И.И., Мамаи К.А., Касымбеков М.Б., Донаков Т.С., Малиновский В.А., Сабикенов С.Н., Салтыбаев Е.А., Нурмуханов Б.М., СТАНОВЛЕНИЕ И РАЗВИТИЕ СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСТАНСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ Издательско-полиграфический центр РГП “Нур-султан 2019 г. -358 с.
2. Аяган Б.Г., Ауанасова А.М., Габдуллина А.Ж., Кыдыралина Ж.У., Селиверстов С.В., Сулейменов А.М.; Под ред. Аягана Б.Г. Независимый Казахстан и лидер Нации, - Алматы: Раритет, 2010. — 392 с.:

3. Шеретов С.Г., Курманова М.С. Современная история Казахстана. Сборник документов и материалов (1985-2017 гг.) 2-е изд., доп. — Алматы, 2017. — 448 с.
4. Казахстан. Непроходимый путь Марта Брилла Олкотт. 2003г. -356 с.
5. ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН - ЛИДЕРА НАЦИИ Н. А. НАЗАРБАЕВА НАРОДУ КАЗАХСТАНА СТРАТЕГИЯ «Казахстан-2050»

Түйін

Мақалада Қазақстан Республикасының даму тарихы мен Халықаралық аренадағы жетістіктері мен оның ішінде еуразиялық экономикалық интеграция саласындағы бастамалар және де қазіргі уақытта адамзаттың жаңа жаһандық сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отырғаны туралы айтылған. Еліміз бен өңіріміз үшін он негізгі міндет бар. Қазақстан халқы дамуында жаңа табыстарға жетуді жоспарласа, олардың әрқайсысын ескеруі керек. XXI ғ он басты міндеті: тарихи уақыттың жеделдеуі, жаһандық демографиялық теңгерімсіздік, жаһандық азық-түлік қауіпсіздігіне қатер, судың өткір тапшылығы, жаһандық энергетикалық қауіпсіздік, табиғи ресурстардың сарқылуы, өнеркәсіптік революция, өсіп келе жатқан әлеуметтік тұрақсыздық, өркениетіміздің құндылықтарының дағдарысы, жаңа жаһандық тұрақсыздық қаупі туралы жазылған. Сонымен қатар мақалада «Қазақстан-2050» стратегиясының мақсаттары және модернизациялау айқындалған.

Abstract

The article tells about the history of development of the Republic of Kazakhstan and its achievements in the international arena, including initiatives in the field of Eurasian economic integration, as well as the fact that humanity is currently facing new global challenges. There are ten main tasks for our country and region.

If the people of Kazakhstan plan to achieve new successes in development, they must take into account each of them. The main tasks of the XXI century: acceleration of historical time, global demographic imbalances, threats to global food security, acute water shortages, global energy security, depletion of natural resources, industrial revolution, growing social instability, crisis of values of our civilization, new global instability written about. The article also defines the goals and modernization of the Strategy "Kazakhstan-2050".

ӘОЖ 541.18

А.Е.Сихимбаева¹, А.А. Боранбаев², Ә.А.Мүтәлі³

¹аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

²оқытушы, магистр, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

³оқытушы, магистр, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Түйін

Сөйлеу мәдениеті - кез келген мамандық иелерінің, әсіресе кәсіпкерлердің, заңгерлердің, дикторлардың, журналистердің, саясатшылардың кәсіби деңгейінің ең маңызды көрсеткіші.

Сөз мәдениеті, сөйлеу шеберлігі тілдік, сөйлеу қатынастары процесінде маңызды рөл атқарады, сондықтан да ол өз мамандықтарына сай адамдармен жұмыс жасап, олардың қызметтерін ұйымдастыратын және басқаратын, іскерлік келіссөздер жүргізетін, тәрбиелеу, оқыту, емдеу, т.б. түрлі тұрмыстық қызмет көрсететін адамдарға ауадай қажет. Адамның қалай сөйлегеніне қарап, оның рухани және парасаттылық өрісін, ішкі мәдениетінің дәрежесін анықтауға болады.

Сөйлеу мәдениеті - ауызша және жазба әдеби тілдің қалыптарын (сөздерді дыбыстап айту, екпін, сөз қолдану, грамматика, стилистика ережелерін) меңгеру және тілдің мәнерлеу құралдарын қатынастың әр түрлі жағдайларында олардың мақсаттары мен жағдаяттарына сәйкес қолдану біліктілігі.

Сөз сөйлеу мәдениеті деп - біз сөздерді сөйлеудің дұрыстығын, қатынастық лайықтылығын, дәлдігін, ойға қонымдылығын, анықтығы мен түсініктілігін, тазалығын, мә- нерлілігін, әр түрлілігін, естілуге жағымдылығы мен орындылығын айтамыз.

Кілттік сөздер: мәдениет, сөйлеу, аудитория, адам, ауызша, жазбаша, маман.

Техникалық ақпарат құралдарының ғарыштаған қазіргі заманында көпшіліктің алдында сөз сөйлеудің, яғни сөйлеу мәдениетінің рөлі мен маңызы бұрынғыдан да арта түсуде. Сөйлеу мәдениеті-кез-келген мамандық иелерінің кәсіби деңгейінің ең маңызды көрсеткіші.

Адамның қалай сөйлегеніне қарап, оның рухани және парасаттылық өрісін, ішкі мәдениетінің дәрежесін анықтауға болады.

Сөздің ұлылығы оның адамдарға әсер ету құдіреттілігі ертеден белгілі. Орыс жазушысы, Н.С.Гумилев сөз құдіреті жайлы былай деген: «Күнді сөзбен тоқтатып, қалаларды сөзбен күйреткен». Сөзбенен адамды өлтіріп, адамды құтқаруға болады.

П.Л.Сопер «Сөз мәдениетінің негіздері» - деп аталатын кітабында, қазіргі заманның риторикалық тәжірибелерін жинақтай отырып шешенге, ділдарға әдістемелік нұсқаулар жүйелерін қарастырған. Аудиторияның сөз алып тұрған тұлғаға деген қатынастылығы, материалды қабылдауға, жете түсінуге дайындықтары. П.Л.Сопердің ойынша, пікірінше тыңдаушылардың ойын, зейін аударуларын үздіксіз оятып отыру, аудиториямен пікір таластыру қажетті. Аудитория алдында сөз алуды бастамас бұрын, аудиторияның назарын аударып, қарым-қатынастылықты жүйелеп алу қажет. Зерттеу жұмыстарының көрсетіп талдаулары бойынша, көптеген адамдар, тұлғаның шешендік (ораторлық) ерекшеліктерін оның сыртқы көріністерімен байланыстырады. Көптеген адамдар, тұлғаның бет әлпетіне, көзіне жүріс-тұрыстарына қарайлай отырып, оның шешендігі туралы мәліметтер бергісі келеді. Аудиториядағы жастар, шешен, оратордың сыртқы киім-киісіне, жүрісіне, мінез-құлықтарына аса назар аударады. Аудитория алдында айтылатын сөз, алдын-ала жоспарланып, дайындамаған болса, оратор өз тыңдаушыларының алдында еркін сезіне алмайды. Дайындалу, сөз сөйлеу барысында, оратор аудиторияны басқара, меңгере алатын ерекшеліктеріне сенімді болып, нақтылай риторикалық ережелер мен жаттығулары тиісті.

Сөйлеу мәдениеті деп - біз сөздерді сөйлеудің дұрыстығын, қатынастың лайықтылығын, дәлдігін, ойға қонымдылығын, анықтығы мен түсініктілігін, тазалығын, мәнерлілігін, естілуге жағымдылығы мен орындылығын айтамыз.

1. Дұрыстығы - бұл тіл қалыптарын сақтау. Дұрыс деп біз сөздің айтылуын, грамматикалық жазылуын, стилистикалық жағынан алғанда, тіл қалыптарына сәйкес келуін айтамыз.

2. Лайықтылығы деп тиісті қатынастық жағдаяттарда сөздер мен тіркестердің дұрыс пайдалана алу қажеттілігін айтамыз.

3. Пікірдің дәлдігі - бұл өз ойын анық, қысқа және дәл мағынада айтып, жеткізу біліктігі.

4. Баяндаудың ойға қонымдылығы, қисындылығы-заттар мен құбылыстардың сипаттарын, олардың байланыстары мен арақатынастарын бейнелеудің дұрыстығы, шындыққа сай келуі.

5. Айтылған ойдың, пікірдің анықтығы мен түсініктілігі сөздің естушіге түсінікті болуын талап етеді. Ол сөздердің, терминдердің, сөз тіркестерінің, грамматикалық құрамдардың, шетел сөздерінің, диалектілердің, жаргондардың, кәсіпке байланысты, тарихи, ескі және жаңа сөздердің дәл әрі бір мағынада қолданылумен іске асырылады.

6. Сөздің тазалығы-оның ішінде артық, өнегесіз, былапыт сөздердің жоқтығы. Ондай сөздерге сөз арасындағы ойлану, кідірістерде жиі қолданылатын, жалпыға түсініксіз аймақтық сөздер, қазақ тілінде баламалары бар, шетел, орыс сөздері, жаргондық және былапыт сөздер жатады.

7. Сөздің мәнерлілігі-сөйлеуші тыңдаушылардың тек ақыл-ойына ғана емес, сонымен бірге оның сана-сезіміне, қиялына да әсер етуі керек. Жақсы сөзден тыңдаушылар эстетикалық ләззат алады.

8. Пікірді тұжырымдау әдістерінің әртүрлілігіне ауызша не жазбаша сөзде көп көлемдегі сөздік қор мен синонимдерді қолдану арқылы жетуге болады.

9. Сөздің әсемдігі оның құрамында тұрпайы, адамдардың ар-ожданын қорлайтын жағымсыз сөздердің жоқтығынан білінеді.

10. Орындылығы-бұл айтылған ойлар мен пікірлердің әңгіме тақырыбына, әңгімелесіп отырған адамның мүдделері мен білім дәрежесіне, сөйлесу кезіндегі жағдаяттарға, қайда өтіп отырғанына сәйкестігі.

Сөйлеу мәдениеті жоғарыда келтірілген талаптарға сай болу үшін көп оқу, көп еңбектену, қолданылып жүрген тілдің заңдылықтарын пайымдау, өз тілін жетілдіріп, шындай түсу, артық нәрсенің бәрін алып тастау, барынша қысқалық, бірақ ойлылыққа, әсемдікке жету қажет. Бұл ұзақ та күрделі поцестегі ең басты мәселе-мәдениетті сөйлеудің қалыптарын сақтаудың қажеттілігін түсіну.

XIX ғ. әйгілі америкалық актер Джефферсон: «Тамаша сөз сөйлеу-бір басқа, ал сөзді тамаша сөйлеу-екі басқа» деген екен.

Мәнерлі, жарқын, жалынды сөз тыңдаушылардың ықыласын аударады, олардың сөздің арқауы болып отырған мәселеге қызығушылығын туғызады, ақыл-ой, сезім-саналарына әсер етеді.

Сөйлеу-ойдың сыртқа шыққан көрінісі. Сөйлеушінің

- Ойлау қабілеті;
- Селқос, немқұрайлы қарамау;
- Мәнерлеп сөйлеу;
- Ұмтылысы, талабы секілді жеке қабілеттері болуы шарт.

Сөздің түрлері:

- Сергітетін, көңілдендіретін сөз;
- Ақпарат жеткізу сөзі;
- Жігерлендіруші сөз;
- Сендіруші сөз;
- Іс-әрекетке, қимылға шақырушы сөз.

Аудиторияның назарын аудару тәсілдері:

1. Тыңдаушылардан сөзге назар салуды тікелей талап ету.
2. Арнау сөздер айту.
3. Дауыстық тәсілдер.
4. Кідіріс.
5. Қол қимылы, жүріс-тұрыс, ым-ишара.
6. Қосымша материалдар.
7. Сұрақ-жауап тәсілі.
8. Көрнекілік құралдары.
9. Әзіл-күлкі элементтерін қосу.

Сөйлеуші көпшілік алдына шығып сөйлеу кезінде киім таңдағанда ашық түстерге акцент қойған дұрыс. Шашыңыз киіміңізбен үйлесім тапса болғаны. Өзіңізді ұстау мәнеріңіз әрдайым тыңдаушылардың назарында болатынын естен шығармағаныңыз дұрыс. «Киіміңе қарап, қарсы алып, ақылыңызға қарап шығарып салады» деген бар. Сыртыңызға назар аудартып алып, ақылыңызбен қашырып алып жүрмеңіз.

Сөйлеу мәдениетін меңгеру ерен еңбек нәтижесі. Сөз – ойдың айнасы. Ендеше көркем тілде сөйлеу, ол сөзді ойнату үшін емес, ойды ояту үшін қажет. Ол ойдың нәрлі болуына қызмет етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Сөздік қатынас негіздері. М.Әбдіхалықов, Б.Күнтуарова, Л.Парфенова. Астана

2010ж 57-60 бет

2. Кеңесбаев І., Жанұзақов Т. Тіл білімі терминдерінің орысша, қазақша сөздігі.
3. Қаныбаева Р. Сахна сәні – сырлы сөз, Алматы «Жалын», 1979 ж.
4. Тұранқұлова Д. Сахна тілі – сахна сәні. Оқу құралы, Алматы. «Білім», 2003-204 бет.
5. Тамбетова Д. Х. Уч. пособие «Техника речи», Алматы «Издат Маркет», 2006 г. 100 дана

Аннотация

П.Л. Сопер в своей книге «Основы культуры слова», обобщая риторический опыт современности, рассматривал системы методических указаний к чеченцам, менталам. Отношение аудитории к выступающему, готовность к восприятию, осмыслению материала. По мнению П. Л. Сопера, необходимо непрерывно стимулировать игру слушателей, переключать внимание, вести дискуссию с аудиторией. Прежде чем начать выступать перед аудиторией, необходимо привлечь внимание аудитории и систематизировать общение. По результатам проведенного анализа исследовательских работ многие связывают ораторские (ораторские) особенности личности с ее внешними проявлениями. Многие люди, судя по выражению лица, манере поведения в глазах, хотят дать сведения о его красноречии. Молодежь в аудитории, красноречивая, обращает особое внимание на верхнюю одежду оратора, походку, поведение. Слово, произносимое перед аудиторией, заранее спланированное и подготовленное, оратор не может чувствовать себя свободным перед своими слушателями. В ходе подготовки, выступления оратор убедился в особенностях, которыми он может управлять, владеть, уточнять риторические правила и упражнения.

Abstract

In his book "Fundamentals of speech culture", P. L. Soper, summarizing the rhetorical experience of modern times, considered the system of methodological instructions for the speaker and The Thinker. Attitude of the audience to the person receiving the speech, readiness to perceive and understand the material. According to P. L. Soper, in his opinion, it is necessary to constantly awaken the thoughts and attention of the audience, to argue with the audience. Before you start speaking to an audience, you need to attract the audience's attention and systematize the relationship. According to the analysis of research papers, many people associate the oratorical (oratorical) features of a person with their external manifestations. Many people, judging by the facial features of the face, the behavior of the eyes, want to give information about its eloquence. Young people in the audience pay special attention to the appearance, gait, and behavior of the speaker, orator. The speaker will not be able to feel free in front of his audience if the speech to be spoken in front of the audience is not planned and prepared in advance. When preparing a speech, the speaker is confident in the features that he can master, manage the audience, and clearly adhere to rhetorical rules and exercises.

ӘОЖ 517

А.М.Султанбекова¹, Н.К.Аширбаев²

¹магистрант, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

²ф.-м.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

ДИРИХЛЕ ЕСЕБІНІҢ ГРИН ФУНКЦИЯСЫ

Түйін

Шеттік есептер теориясында Грин функциясының маңызы көп. Лаплас немесе Пуассон теңдеулеріне қойылған шеттік есептерді шешудің тағы бір жолы – Грин функциясы әдісі. Грин функциясын құрудың кең таралған тәсілі – кескіндер әдісі не электростатикалық бейнелеу деп аталады. Бұл материалда Лаплас теңдеуі үшін қойылған Дирихле есебінің Грин функциясы қарастырылды. Негізгі формулалар мен Грин функциясының қасиеттері берілді. Дирихле есебінің шешімінің жалпы түрі Грин функциясы арқылы өрнектелді. Кескіндер әдісі арқылы әртүрлі облыстарда қойылған Дирихле есебінің Грин функциясын құру мысалдары көрсетілді: жарты жазықтықта және шеңберде. Аталған функция белгілі алгоритм бойынша ізделінеді, мұнда бірінші Лаплас теңдеуінің іргелі шешімі табылады. Екінші қадам – нүктеге бірлік оң заряд енгізу, одан гармоникалық функцияны құру. Және формула бойынша Грин функциясын құру.

Кілттік сөздер: Грин функциясы, Лаплас теңдеуі, Дирихле есебі, шеттік есеп, электростатикалық кескін.

Кіріспе

Лаплас теңдеуі үшін шеттік шарттары 1 – текті болатын шеттік есепті қарастырайық. Есептің қойылымы: $D - E^n$ Евклид кеңістігінің облысы, ал $S = \partial D - D$ –ның $(n - 1)$ –ретті тегіс шекарасы болсын.

$$\Delta u \equiv \sum_{j=1}^n \frac{\partial^2 u}{\partial x_j^2} = 0, \quad x \in D, \quad (1)$$

$$u(x)|_{x \in S} = \varphi(x), \quad x \in S, \quad (2)$$

шарттарын қанағаттандыратын $u(x, t) \in C^2(D) \cap C(\bar{D})$ функциясын табу керек. Мұндағы $\varphi(x) \in C(S) - S$ –те үзіліссіз, берілген функция. Бұл есеп – Дирихле есебі деп аталады.

Лаплас теңдеуінің іргелі шешімі деп

$$E(x, \xi) = \begin{cases} \frac{1}{(n-2)|\xi-x|^{n-2}}, & n > 2, \\ -\ln|\xi-x|, & n = 2, \end{cases} \quad (3)$$

түрдегі $E(x, \xi)$, $x \neq \xi \in \bar{D}$ функцияны айтады. Мұндағы

$$|\xi-x| = \sqrt{\sum_{i=1}^n (\xi_i - x_i)^2}$$

және ξ нүктелерінің арасындағы арақашықтық.

Лаплас теңдеуі үшін қойылған Дирихле есебінің Грин функциясы деп төмендегі қасиеттерге ие:

1. $G(x, \xi) = E(x, \xi) + g(x, \xi)$, мұндағы $g(x, \xi) - D$ облысында x және ξ бойынша

гармоникалық функция:

$$\Delta_x g(x, \xi) = \Delta_\xi g(x, \xi) = 0, \quad x, \xi \in D.$$

$$2. G(x, \xi)|_{x \in S} = G(x, \xi)|_{\xi \in S} = 0.$$

$G(x, \xi), x \neq \xi \in \bar{D}$ функциясын айтады.

Дирихле есебі шешімінің Грин функциясы арқылы өрнектелуі.

$G(x, \xi) - (1), (2)$ Дирихле есебінің Грин функциясы болсын. (1), (2) есептің шешімін

$$u(x) = -\frac{1}{\omega_n} \int_S \frac{\partial G(x, \xi)}{\partial v_\xi} \varphi(\xi) dS_\xi, \quad (4)$$

түрінде өрнектеуге болады. Мұндағы $\omega_n = \frac{2(\sqrt{\pi})^n}{\Gamma(\frac{n}{2})} - E^n$ –дегі бірлік сфера ауданы.

Грин функциясын құру үшін кескіндер әдісі қолданылады. Ол әдіс бойынша

